

М.К. БҰЛАҚБАЕВА

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ШЕБЕРЛІК НЕГІЗДЕРІ

$$\int_0^x \frac{dt}{1+t^2} = \sum$$



РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

Бұлақбаева Мейрамгүл Кеңесбайқызы

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК НЕГІЗДЕРІ

Алматы 2017

ӘОЖ 37.0
КБЖ 74.00
Б 89

Баспаға Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің оқу-әдістемелік Кеңесі ұсынған. (Хаттама №8, 11.12.2008).

Пікір жазғандар: А.Б.Мукашева – педагогика ғылымдарының докторы;
Б.А.Мухаметжанов – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Бұлақбаева М.К.

Б 89 Педагогикалық шеберлік негіздері: оқу құралы. – Алматы: "Отан" баспасы, 2017. – 124 б.

ISBN 978 – 601 – 224 – 044 – 3

«Педагогикалық шеберлік» пәні педагог мамандығының мәнін, маңызын, заңдылықтары мен қағидаларын көрсете отырып, болашақ мұғалімдердің теориялық білімін жетілдіру және практикалық іс-әрекетін ұйымдастыру, жалпы және кәсіби мәдениетін қалыптастыруға септігін тигізеді.

Оқу құралында педагогикалық шеберлікті меңгеру процесі қарастырылады, болашақ мұғалімді мәдениеттілікке тәрбиелеудің негіздері ашылады, педагогикалық қарым-қатынас біліктіліктерін қалыптастыруға бағытталған практикалық тапсырмалар мен жаттығулар блогы ұсынылады.

Психологиялық-педагогикалық оқу орындары оқытушыларына, жалпы білім беретін мекемелердің жетекшілеріне және ізденушілерге арналған.

ӘОЖ 37.0
КБЖ 74.00

ISBN 978 – 601 – 224 – 044 – 3

© Дүйсенбаев А.Қ., 2017
© «Отан» баспасы, 2017

АЛҒЫ СӨЗ

Педагогтың шеберлігі мен өнері – жүректілік пен ақылдылықтың сәйкестілігін мойындау біліктілігі.

А.В.Сухомлинский.

Заман ағысына сай біліммен қаруланған ой-өрісі жоғары, зерделі, жан-жақты дамыған маман - уақыт талабы. Кеше ғана көк туын желбіретіп шаңырақ көтерген егемен елімізді өркениетке жетелейтін білім бастауында мектеп, ал сол мектепте жас ұрпақ бойына білім негізінің мәңгілік іргетасын қалаушы – ұстаз тұрады. «Мұғалімдер – қоғамның ең білімді, ең отаншыл, білгілеріңіз келсе, ең «сынампаз» бөлігі болып табылады» - деп Елбасы Н.Ә.Назарбаев бекер айтпаса керек. Сондықтан да бүгінгі таңда тәуелсіз елімізге білікті маман, өз ісінің шебері қажет.

Г.К.Ахметова білім беру мен мұраттың өзара байланысының бүгінгі күнгі өзектілігіне баса назар аударған. Білім беру процесі әлемді танып-білуді қамтамасыз етеді, қайталанбайтын өзіндік ерекшелігі бар тұлғаның даралығын дамытады, әлемдік мәдениетте білім беру мен мұраттың өміршеңдігін меңгертеді.

Бүгінгі күнгі мамандардың кәсіби даярлығына іргелі жалпы міндетті, психологиялық-педагогикалық және арнайы білімдер, қазіргі кездегі педагогикалық технологияларды оқып-үйрену, инновациялар мен шығармашылыққа талпыныстары жатады. Осыған орай, оқытудың кәсіби қалыптасуының маңызды жағы педагогтың шеберлікке жетуі болып табылады. Педагогикалық шеберлікке жету қиын, әрі қызықты.

Студенттік кезең – болашақ кәсіби іс-әрекетке дайындалу үшін тамаша уақыт. Пайдасыз білім жоқ. Білім алу процесі – жан-жақты даму үшін ерекше жағдай. Студент болу – білімнің жоғары деңгейі және танымдық мотивацияларымен, мәдениеттің белсенді тануымен ерекшеленетін әлеуметтік категория.

Ақиқат, шынайылық пен сұлулық канондары бойынша қабілеттердің шығармашылық және сыртқы өзгерістерде дамуы – руханилыққа тәрбиелеу, қазақстандық зиялылықты қайта жанғырту жолдары.

«Педагогикалық шеберлік негіздері» пәні кәсіби-педагогикалық білімдерді игеру процесін ашады. Педагогикалық шеберліктің болашақ маманның коммуникативтік және басқару біліктілігі, дағдысын қалыптастырудағы маңызы зор.

Пәннің мазмұны философиямен, әдеп және эстетикамен, психология және педагогикамен, тарих және т.б. пәндермен тығыз байланысты.

«Педагогикалық шеберлік негіздері» пәнін оқытудың мақсаты: гармониялық деңгейдегі адамдарды тәрбиелеу, оның педагогикалық мәдениеті мен шындыққа шығармашылық қатынасын қалыптастыру; өмірді өз бетімен қабылдай білу қабілеттерін дамыту; педагогикалық шеберліктің

мәнін игеру; жан-жақты дамыған және бәсекеге қабілетті тұлғаны тәрбиелеу және оқыту үшін маңызын ой-елегінен өткізу.

«Педагогикалық шеберлік негіздері» пәнінің міндеттері:

- студенттердің педагогикалық мәдениетінің деңгейін арттыру;

- педагогикалық өзара әрекет етуді ұйымдастыру технологиясы бойынша білімдерді жинақтау;

- сабақта және сабақтан тыс уақытта білім алу процесінде оқушылардың белсенді танымдық іс-әрекеттерін ынталандыру тәсілдерін игеру;

- педагогтың кәсіби шеберлігін жүзеге асыру;

- тұлғалық мәдениетті қалыптастыру.

Мектепте білім алу – бала өмірінің маңызды кезеңдерінің бірі. Қандай білім беру жүйесінен және қандай мұғалімнен білім алғаны баланың үлгеріміне және жеке тұлғалық қалыптасуына байланысты болады. Кәсіби шеберліктің құрылу процесі білімінің жүзеге асуы мен қалыптасуын ғана емес, сонымен қатар, оның тұлғалық қалыптасуын да қарастырады.

Мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты мәселелер көптеген жауапкершілікті талап етеді. Қазақстандағы жалпы және кәсіби білім беретін мектептердегі жүргізіліп жатқан реформалар өзінің педагогикалық жүйесінде өзгерістерді қажет етеді. Қазіргі кезеңде білім беру мақсаттары өзгеруде, оқу аппаратының мазмұны жаңаруда, педагогикалық коммуникация құралдары және педагогикалық әсер етудің объектісі – оқушылар да айтарлықтай өзгеруде. Осы факторлардың барлығы педагогикалық кәсіби шеберлігінің деңгейін жоғарлатуды талап етеді. Оқу процесінің жаңаруына қажетті шарт кез-келген педагогикалық жүйенің басты тұлғасы болып табылатын мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін арттыру болып саналады.

Жаңа әлеуметтік тұрғыда мұғалімнің кәсіби шеберлігінің қалыптасуы – кәсіби шеберлігі мен білімінің жоғарғы сапасын қамтамасыз етеді.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесі оқытушылардың кәсіби шеберлігі мәселесін күрделендіріп отыр. Өйткені, дәл қазіргі таңда оқушылардың жалпы және рухани мәдениетін мұғалім анықтайды.

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР



Түртіп алыңыздар



Есте сақтаңыз!



Шығармашылық тапсырмалар
немесе педагогикалық жағдаят

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК ЖӘНЕ ОНЫҢ МӘНІ

Жоспары:

1. Педагогикалық шеберлік және іс-әрекет.
2. Педагогикалық іс-әрекеттің өзіндік ерекшелігі.
3. Педагогикалық шеберлік жүйе ретінде.
4. Кәсіби білім. Педагогикалық қабілеттер.
5. Педагогикалық жағдаяттар мен педагогикалық тапсырмалар.

1. Педагогикалық шеберлік және іс-әрекет. Еңбек нарығында бәсекеге қабілетті және сұранысқа ие мамандар даярлау үлкен педагогикалық шеберлікті қажет етеді. Отандық педагогиканың негізін салушы ғалымдар педагогикалық шеберлікті қалыптастыру проблемаларын болашақ оқытушыларды оқытудағы бастамаларының бірі деп есептейді. Шеберлік практиканың жалпы сипаттарына ие бола отырып, жана тенденциялар, жана білімдерді тасымалдаушы ретінде педагогикалық құбылыстарды кеңейтеді. Педагогикалық құзыреттілік және шеберлік қоғам дамуының жалпы тенденциясына сәйкес келетін мектептің практикасына жол салады.



Шеберлік – педагогта ештеңеге ұқсамайтын ерекше шешім қабылдау кезінде, педагогикалық дарынды айқындауда, адамзаттық рухтың шексіз мүмкіндіктеріне сенуде аяқ астынан туындайтын ұлы керемет.



Педагогикалық шеберлік – әрбір оқытушы мен әрдайым жетілдіруді қажет ететін өндірістік оқыту шеберлеріне қол жетімді оқыту мен тәрбиелеу өнері. Бұл дүниетанымы және қабілеттерімен оқушылардың жан-жақты дамуына оқу-тәрбие жұмыстарының барлық түрлерін бағыттап тұратын кәсіби біліктілік.



Шебер – «өзінің әрекетінде жалғастырушы немесе ерекшеленетін» адам¹. Шебер-педагог – жоғары мәдениетті, өз ісінің шебері, оқытатын пәнін, оқыту мен тәрбиелеу әдістерін толық игерген, психологиялық білімдері бар, сонымен қатар, ғылым мен өнердің салаларындағы білімдермен қаруланған маман.

Педагогикалық шеберліктің мәні істі жүзеге асыра отырып, табыстылығын қамтамасыз ететін педагогтың тұлғалық сипаттарына байланысты (1-Сурет).

¹Даль В.И. Толковый словарь русского языка. Современная версия. – М., 2000.



Педагогика ғылымында педагогикалық шеберлікті игерудің ерекше мысалы А.С.Макаренконың іс-әрекетінен көруге болады: қиын, зардап шеккен балалардың тағдырынан еңбекті қуанышқа айналдыра алатын ерекше ұжым жасай алды.

Педагогикалық шеберлік іс-әрекеттен көрініс табады, арнайы біліктілікті дамытудың жоғары деңгейімен сипатталады. Ең бастысы – педагогикалық көзқарасында өзінің оқушыларының іс-әрекетін таңғажайып бақылай алу қабілеттері.

2. Педагогикалық іс-әрекеттің өзіндік ерекшеліктері. Педагогикалық іс-әрекет төмендегідей компоненттерден тұрады: өзіндік ерекшеліктерімен айырықша көзге түсетін мақсат, құралдар, объект, субъект.

Мұғалім іс-әрекетінің мақсаты қоғаммен анықталады, ол өзінің еңбегінің соңғы нәтижесін еркін талдай алмайды, ал әрекеттері білім алушы тұлғаны жан-жақты дамытуға бағытталады.

Педагогикалық іс-әрекет ұрпақтың әлеуметтік сабақтастығын жүзеге асыруға, жастарды әлеуметтік байланыстар жүйесіне тартуға септігін тигізеді; адамның қоғамдық тәжірибелерді меңгеруде табиғи мүмкіндіктерін жүзеге асыруға көмектеседі. Басқа адамның әрекетін (тәрбие, оқыту) де басқару мүмкін, себебі, педагогиканың мақсаты әрқашан тәрбиеленушінің

басшылығымен шынайылыққа жетіп отырады. Бұл болашағын болжай алатын мұғалімге ғана жақын және түсінікті. Мұның күрделігін шебер-педагог саналы түрде түсіне отырып, әрқашан өзінің іс-әрекетінің логикасын оқушының қажеттіліктеріне сүйене отырып құрастырады.

Педагогикалық іс-әрекет мақсатының ерекшелігі мұғалімнен қоғамның әлеуметтік міндеттерін тұлғалық қабылдауын; нақты міндеттерді шығармашылық тұрғыда тани білуін талап етеді.

В.А.Сухомлинский қалыптасып келе жатқан тұлғаның рухани өміріне ойлау, сезім, ерік, сендіру, өзінің санасын арттыруды жатқызады.



Педагогикалық іс-әрекеттің ерекшелігі төмендегідей:

Адам – қайталанбайтын қасиеттері бар, болып жатқан оқиғаларды өз бетімен түсіне алатын белсенді жан иесі, өзіндік мақсаты, мотивтері, жеке ережелерді меңгере алатын педагогикалық процеске қатысушы. Сондықтан, педагогикалық іс-әрекеттің объектісі бір уақытта оның субъектісі де бола алады. Сонымен қатар, өзінің ішкіәлемі мен дүниесін өзі арқылы өткізе отырып, педагогикалық әсерге жатқыза алады.



Педагог шаблондық тұғыр мен стереотипті әрекеттерді қолдануға болмайтын, әрдайым өзгеріп отыратын, дамушы адаммен жұмыс істейді. Бұл әрқашан шығармашылық ізденісті талап етеді.

Оқушыларға, жас өспірімдерге, жеткіншектерге бір уақытта педагогтармен қосастихиялы, көп жоспарлы, әр түрлі бағыттағы қоршаған өмірлері де әсер етеді. Сондықтан, педагогикалық еңбек тәрбиеленушіден тәрбиелеу, қайта тәрбиелеу мен өзін-өзі тәрбиелеуде барлық әрекеттеріне түзетулер енгізеді.

Субъект – тәрбиеленушіге әсер ететін адам – педагог, ата-ана, ұжым. Әсер етудегі негізгі құрал – мұғалім тұлғасы, оның білімі мен білігі. Егер оқушылар педагогты қабылдамай, біліміне сынмен қараса, онда олардың әсеріне қарама-қарсы әрекет жасайды. Нағыз тәрбиеші болып табылады сол адам, егер тұлғаға жағымды адамгершілік-эстетикалық әсер ете алатын болса. Ал, педагог әрқашан өзін-өзі жетілдіріп отырады.

3. Педагогикалық шеберліктің негізгі компоненттері. Шеберлік (кәсібиліктің жоғары деңгейі) – кәсіби-педагогикалық іс-әрекеттің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін тұлғаның қасиеттерінің кешенді жиынтығы. Мұндай шығармашылық іс-әрекеттегі шеберлік дара болғанымен кейбір жалпы компоненттерін кездестіруге болады. Біріншіден, қандай да бір **білім қорынсыз** шебер болу мүмкін емес. Қандай салалардан білім қоры болуы қажет? Осыған орай, В.А.Сухомлинский былай деген: «Жақсы мұғалім – өзінің жүргізетін пәнінің негізінде жасалған ғылымды жақсы білетін, пәнін

сүйетін адам ... Оқушы мұғалімінің бойынан ақылды, білімді, жан-жақты ойлай алатын, білімге құштарлығын көруі тиіс. Мұғалімнің білімі неғұрлым терең, жан-жақты ғылыми білімділігі неғұрлым кең болған сайын, шеберлігі арта түседі.



Жақсы мұғалім – психология мен педагогиканы терең игерген, тәрбие туралы ғылымнан білімдері болмаса, балалармен жұмыс істеу мүмкін еместігін түсінетін және сезінетін адам».

Педагогикалық шеберліктің үшінші компоненті тәрбие процесін басқаруға септігін тигізетін білім, білік және дағдылар жиынтығы ретінде түсіндірілетін кәсіби педагогикалық техника болып табылады. «Педагогикалық техника» ұғымына компоненттердің екі тобы енеді.

Компоненттердің бірінші тобы мұғалімнің өз тәртібін: өз ағзасын игере алу (мимика, пантомимика); эмоциясы, көңіл-күйін басқара алу; әлеуметтік-перцептивті қабілеттері (назар аудару, байқағыштық, елестету); сөйлеу техникасы (тыныс алу, дауысын қою, дикция, сөйлеу темпі) басқара алуымен байланысты. Педагогикалық техника компоненттерінің екінші тобы жеке тұлғаға және ұжымға әсер ете алу біліктілігі мен оқу және тәрбие процесінің технологиялық жағын аша білумен байланысты. Яғни, талап қоя білу техникасы, педагогикалық суреттер орындау техникасы, әңгіме өткізу техникасы және т.б.

Кәсіби техниканың қыр-сырын үйренуге болады және үйрену керек. А.С.Макаренко арнайы актерден дауыс ырғағын қоюды үйреніп, «кетуіңе болады» деген сөзді 20 түрлі бояумен (ренк) айта алған. Білім алушы неғұрлым өзінің кәсіби шеберлігін қалыптастыруды ертерек бастаса, соғұрлым болашақта шебер болып шығуына мүмкіндік туады.

Шебер педагог білімді, тәжірибесі мол, жан-жақты бола отырып, оқушыларды жеке тұлға етіп қалыптастыру мақсатында білім мен тәрбиені ұштастыра алуы қажет. Әр оқушының дарындылығын айқындау, олардың дамуына қолайлы жағдайлар жасау, мектеп, жанұя, мұғалімнің ролін анықтау, студенттер мен мұғалімдер ұжымын қалыптастыру - педагогикалық шеберлікті жетілдіруге негізделеді деп есептейміз.

«Тәуелсіз елге – білікті маман» демекші, педагогикалық шеберліктің негізі, білім мен тәрбиені ұштастырумен қатар – педагогтардың жаңа технологияны меңгере білуінде және оны өз тәжірибесінде қолдана алуында. Педагогикалық көзқарас бойынша, «технология» ұғымы – дәстүрлі оқыту әдістерінен басқа, ерекше үлгіде ұйымдастырылған «педагогикалық өндіріс» деген пікір өз уақытында педагог-ғалымдар тарапынан сынға алынғаны белгілі. Осы сыннан соң бірте-бірте «педагогикалық технологияны» оқыту үрдісінің құрамдас бөлігі ретінде сипаттап, оны дидактикалық үрдістер мен оқыту құралдарымен жабдықтауда жаңа ақпараттық технологияға негіздеу туралы мәселе қозғалады.

4. Педагогикалық шеберлік жүйе ретінде. Тәрбиенің басты құралы – іс-әрекеттің алуан түрлері. Бәрінен бұрын бұл – тұлғаның базалық мәдениетін қалыптастыру. Онсыз білім беру саласындағы бірде-бір маманды елестетуге болмайды.

Тұлғаның базалық мәдениетін қалыптастыруға адамзат болмысының маңызды құрамдас бөліктеріне дұрыс қатынас тәрбиелеу септігін тигізеді:

- табиғатқа (адамгершілік тәрбие, тұлғаның сапасы ретінде дұрыс тұрақты қарым-қатынас құру);

- өмірге (құндылық категорияларды дамыту: бақыт, еркіндік, ақыл-ой, теңдік, туысқандық және т.б.);

- қоғамға (қоғамның құқықтық негіздерімен, саяси құрылымымен таныстыру; қоғамдағы тұлғалық ролдерде оқып-үйрену проблемалары: бүгінгі күнгі «Мен» және қоғам; патриоттық тәрбие);

- еңбекте (еңбек дағдыларына үйрену)².

Дәстүрлі педагогикада тұлғаның базалық мәдениетін қалыптастыруға қатысты тәрбиелік іс-әрекетке бірқатар тұғырларды ажыратады. Ғалым-педагогтар Б.Т.Лихачев, В.А.Сластенин, И.П.Подласый және т.б. тәрбиелік іс-әрекеттердің төмендегідей бағыттарын бөліп қарастырады:

- ғылыми дүниетанымдық көзқарасты қалыптастыру;

- азаматтық тәрбие;

- еңбек тәрбиесі;

- адамгершілік тәрбие;

- эстетикалық тәрбие;

- дене тәрбиесі;

- экологиялық тәрбие;

- кәсіби бағдар беру.

Біз педагогика оқулықтарында толық айтылғандықтан жоғарыда аталған бағыттардың әрқайсының сипаттамасына тоқталмаймыз. Бізге педагогикалық шеберліктің мәні неде екендігіне тоқталу маңыздырақ.

Педагогикалық шеберлік орта туғызатын ізгілік көзқарас пен ізгілік қарым-қатынастан бастау алады. Орта педагогикалық ынтымақтастықты тудырады және оқу-тәрбие процесін оңтайландырады. Педагогикалық іс-әрекетте мұғалімнің шеберлігі дамиды және жүзеге асады. Шеберлік кәсіби іс-әрекетті ұйымдастырудың жоғары деңгейін қамтамасыз етеді. Оның құрамына енетіндер: гуманистік бағыттылық, кәсіби білім, педагогикалық қабілет пен педагогикалық техника.

Педагогикалық шеберлік қоғамның талаптарына жауап беретін гуманистік бағыттылықты болжайды.

²Педагогика: учебное пособие для студентов пед-х вузов и пед-х колледжей /Под ред. П.И.Подласного. – М., 2001.



Педагогтың кәсіби шеберлігін дамытудың іргетасы кәсіби білім болып табылады. Ол кәсібиліктің тұғырын бекітіп, оны әрқашан жүзеге асырып тұратын мүмкіндігі бар.



Педагогикалық қабілеттілік – шеберлікті жүзеге асыру шапшаңдығын қамтамасыз ететін іскерлік.



Педагогикалық техника педагогикалық іс-әрекет құрылымдарын сәйкестендіретін білім, қабілет, әрекеттерге сүйенеді.

Педагогикалық шеберліктер жүйесіндегі бұл элементтер өзара байланысты. Оларға негізіне білім мен бағыттылықтарды синтездеу жататын өзін-өзі дамыту тиесілі. Табыстылықтың маңызды шарттары – қабілеттіліктері, біртұтастығы мен байланыстылығын сипаттайтын құралдары – педагогикалық техника саласындағы білімдері болып табылады.

Педагог тұлғасының маңызды қасиеттері құндылық бағдар болып табылады. Бұл педагогтың кәсібилігінің негізгі критерийлері – білім, талап қою, шығармашылық. Гуманистік бағыттылық шебер-педагогтың іс-әрекеті, белсенді көзқарастың мәнін анықтайды.

5. Кәсіби білім. Педагогикалық қабілеттілік. Кәсіби білім – педагогикалық шеберліктің негізі. Мұғалімнің білімі, бір жағынан, өзі сабақ беретін пәндерге бағытталса, екінші жағынан – оқушыларға кәсіби білімнің мазмұнын оқу пәні бойынша білім, пәнді оқыту әдістемесі, сонымен қатар педагогика мен психологияны құрайды. Кәсіби-педагогикалық білімнің басты ерекшелігі – *кешенділік пен интеграция*.

Ең алдымен, педагогтың бұл қабілеттері оқытылатын пәнді синтездейді. Синтездің дінгегі – педагогтың тапсырмаларды шешу; педагогикалық жағдаяттарды талдау; қажеттілікті тудыратын құбылыстың психологиялық мәнін ой-елегінен өткізу; тұлғаны қалыптастыру, заңдары арқылы танылған өзара әсер ету тәсілдерін таңдау. Әрбір педагогикалық тапсырмаларды шешу педагогикалық білімдер жүйесінің бүртұтастығын өзектендіреді. Шебер-педагогтың кәсіби білімінің кешенділігі мен интеграциялаудан басқа маңызды ерекшелігінің бірі – жұмыс істеудің жеке стилі.



Кәсіби білім негізінде *педагогикалық саналық* – педагогтың іс-әрекеті мен қимылдарын айқындайтын ұстанымдары мен ережелері қалыптасады.

Педагог өмір бойы оқиды, халық арасында «тақтаға мәңгілік шақырылады» деген тіркес бар. Әрдайым кәсіби деңгейін арттыру – мұғалімнің алғашқы міндеттерінің бірі.



Педагогикалық және кәсіби шеберліктерді ғана емес, сонымен қатар педагогтың іс-әрекетке қабілеттілігін құрайды. Олар педагогикалық іс-әрекеттің табыстылығына әсер етуші мінез-құлық шошестерінің дұрыс өту ерекшеліктеріне жол сілтейді. Педагогикалық қабілеттерді талдау бірқатар зерттеулерде бейнеленген.

Педагогикалық іс-әрекетке қабілеттілікті кәсіби білім беру қаншалықты тез, болашақ педагог қаншалықты терең және берік педагогикалық іс-әрекеттің әдіс-тәсілдерін меңгергендігінен байқауға болады.

М.В.Галезо және И.А.Домашенко психология бойынша атласында қабілеттілікті адамның іс-әрекетте көрінетін, оның орындалу табыстылығын айқындайтын және психологиялық ерекшеліктері ретінде сипаттайды. Қабілеттіліктен білім, білік және дағдыны меңгеру жылдамдығы, тереңдігі, жеңілдігі және беріктілігі бастау алады.



Қабілеттілік – динамикалық түсінік, оларды қалыптастыру ұйымдасқан іс-әрекет процесінде жүреді³.

Қабілеттілік проблемасына Б.М.Теплов еңбектерінде терең талдау жасалған⁴. Оның пікірінше, қабілеттілікті:

- біріншіден, адамдарды бір-бірінен ажырататын дара психологиялық ерекшелік;
- екіншіден, тек қандай да бір іс-әректің немесе бірнеше әрекеттерді табысты орындау қатынасын білдіретін дара ерекшеліктер;
- үшіншіден, берілген адамдарда бұрыннан қалыптасқан білім, білік және дағдыларға сүйенбейтін ерекшелік – деп түсіндіреді.



Қабілеттердің қалыптасуына бірқатар жағдайлар әсер етеді:

- теориялық және практикалық тәжірибелер, білімдер;
- нақты мақсаттарды орындаумен және әртүрлі ойын, үйрету, еңбекке баулумен байланысты дене және ақыл-ой белсенділігі;
- байқағыншытық, жақсы ес, елестетудің айшықтығы.

Б.М.Теплов қабілеттілік әрқашан дамуда болады дейді. Егер олар практикада дамып отырмаса, онда шамалы уақыттан соң өшіп қалады. Тек қана үздіксіз музыка, сурет, техникалық шығармашылық, математикадан

³Галезо М.В., Домашенко И.А. Атлас по психологии: информационно-методическое пособие к курсу «Психология человека». – М., 2004.

⁴Теплов Б.М. Избранные труды: в 2 т. – М., 1985.

Құрылымдық қабілет оқушы тұлғасын дамыта білу, балалардың жас және жеке ерекшеліктеріне қолданылатын оқу-тәрбие материалдарын талдау және композициялық құру тілектерінен көрінеді.

Ұйымдастырушылық қабілеті іс-әрекеттің алуан түрлеріне оқушыларды жұмылдыра білу және әрбір тұлғаға тиімді әсер ету біліктіліктерінен көрінеді.

Коммуникативтік қабілеттілік балалармен дұрыс қарым-қатынас құру, барлық ұжымның көңіл-күйін сезіну, әрбір оқушыны түсіну біліктіліктерінен көрінеді⁵.

Тіл табыса білу, коммуникабельділік – қарым-қатынас жасау қажеттілігі ғана емес, сонымен қатар, педагогтың жұмыс істеу қабілеттілігін сақтайтын және шығармашылық өзін-өзі жетілдіре білуге мүмкіндік беретін қарым-қатынас процесінің қанағаттану сезімі. Коммуникабельділік кәсіби байқағыштық сияқты перцептивті қабілеттерді дамытуға көмектеседі.



Байқағыштық қабілеті – күрделі қасиет. Ол тек көру, есту біліктілігінен ғана көрінбейді, сонымен қатар, біздің назарымыздың неге бағытталғандығына, ақпараттарды өңдеуге қатысты ақыл-ойдың интенсивті жұмысына да байланысты.

Шебер болу — педагогикалық процестің жолын табу, мүмкін болар қиындықтар, яғни педагогикалық айырықша сезімінің болуы. Бұл құпия емес. Бұндай қабілеттілік дами алады, дегенмен, оны қалыптастыру белгілі бір күш-жігерді қажет етеді. Педагогикалық шеберліктің тағы бір элементі — оқытушының тәртібін ұйымдастыра білу формасы. Білім, бағыттылық және қабілеттілік әрекеттің тәсілдерін меңгермей, яғни, педагогикалық техникасыз мүмкін емес. Онсыз педагогтың іс-әрекетінің нәтижеге жетуі мүмкін емес.



Педагогтың шеберлік критерийлері:

- мақсаттылық (бағыттылық);
- продуктивтілік (нәтиже: білім деңгейі, білім алушылардың тәрбиелігі);
- оңтайлық (құралдарды таңдау);
- шығармашылық (іс-әрекеттің мазмұны).

6. Педагогикалық жағдаят және педагогикалық тапсырмалар



Педагогикалық тапсырмалар — педагогикалық шеберліктің негізі, оның шешімі педагогтың кәсібилік деңгейін бейнелейді. Педагогикалық


⁵Галезо М.В., Домашенко И.А. Атлас по психологии: информационно-методическое пособие к курсу «Психология человека». – М., 2004

тапсырмалар — туған жағдаяттарды өңдеу мақсатында ой-елегінен өткізу, педагогикалық іс-әрекеттің мақсатына жақындайтын жаңа деңгейге ауыстыру (2-Сурет). Барлық педагогикалық іс-әрекеттер жағдаяттардың тізбегінен тұрады. Оларды педагогтар да, білім алушылар да аяқ астынан кездейсоқ құрай алады. Педагогтың шеберлігі жағдаяттарды педагогикалық тапсырмаларға айналдыра отырып, қойылған мақсатқа жету қарым-қатынасын қайта құруында.

Жағдаят педагог оны көрмесе немесе көңіл аудармаса тапсырма бола алмайды. Ол тапсырма түрінде қабылданып, шешімі қиын шиеленіс түрінде шешілуі мүмкін.



Педагогикалық тапсырмаларды шешудің бірінші сатысы — жағдаяттарды талдау және проблемаларды саналы түсіну. Еңбек жолын жаңа бастаған мұғалімдер бұл кезенді жіберіп алады және бірден оны шешуге кірісіп кетеді, асығады, шиеленістің түп-тамырын ойламайды, жағдаятты практикада кездесетін жағдай сияқты қабылдайды.



2-Сурет. Педагогикалық жағдаяттар мен педагогикалық тапсырмалар.

Екінші саты — жағдаяттың педагогикалық іс-әрекетіндегі біртұтас процестегі орны тәрбиеленушілер, тәрбиешілер, олардың өзара қарым-қатынастары сияқты берілгендерді талдау.

Нәтижесінде әрекеттердің, іс-әрекет мақсаттарының, шарттар ерекшеліктерін саналы сезінеміз. Өзінің көзқарасымен болып кеткен педагог оқушылардың тәртібіндегі шынайы мотивтерді көре алмауы мүмкін.

Қорытынды саты — белсенді ойлау мен елестетуді талап ететін теориялық білім қорлары және неғұрлым мақсатқа бағытталған тәжірибелерді педагог таңдау болжамдарын ұсынады.

Соңынан педагогикалық тапсырмаларды шешудің барлық фазаларынан өткен соң әдістемелер жүйесі таңдап алынады.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАСҚАРУ ШЕБЕРЛІГІ. БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕГІ ПЕДАГОГТЫҢ ШЕБЕРЛІГІ

Жоспар:

1. Мектепішілік басқару және менеджмент.
2. Педагогикалық жүйелерді басқарудың жалпы ұстанымдары.
3. Басқарудың мәні.
4. Басқару функциялары және технологиясы.
5. Педагогтың шығармашылық іс-әрекеті.

1. Мектепішілік басқару және менеджмент. Мектепті тікелей басқару немесе ішкі (мектепішілік) басқаруды сәйкес аттестациядан өткен директор жүзеге асырады. Мектепішілік басқару өзін-өзі басқарудың алуан түрі ретінде қарастырылады. Себебі, қазіргі кездегі мектептер автономды және өзін-өзі басқара алады. Осыған орай, өзін-өзі басқару мектепішілік басқару жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады.



Педагогикалық әдебиеттерде мектепішілік басқарудың көбірек кездесетін негізгі функцияларына жататындар: *мотивация, педагогикалық талдау, мақсаттылық, жоспарлау, ұйымдастыру және бақылау*. Бірқатар оқу құралдарында оларды мақсатты, ұйымдастырушылық, оперативті және бақылаушылық деп қарастырылады.



Мотивация функциясы. Мотивациялық функцияның негізгі міндеті – оқу-тәрбие процесіне қатысушылар өздерінің шамаларына қарай жұмыс атқарғандарын қолдайды. Әрекетке әлеуметтік мотивтерді енгізу үшін білім беру процесіне қатысушылардың арасында қарым-қатынас жасау шарттарын құруды, біртекті команданың рухын қалыптастыруды, ауық-ауық

жиналыстар өткізуді, формалды емес топтарды бұзбауды, мектептен тыс мұғалімдердің әлеуметтік белсенділігін ынталандыруды ұсынады.



Педагогикалық талдау басқару іс-әрекетінің негізі болып табылады. Басқару циклы құрамындағы педагогикалық талдау ерекше орын алады. Кез келген басқару циклы одан бастау алып, сонымен аяқталады. Басқару іс-әрекетінің жалпы тізбегінен педагогикалық талдауды алып тастау құлдырауға әкеліп соғады. Себебі, басқару циклының басқа буындары (жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау, реттеу) өзінің дамуынан логикалық негіз ала алмайды және аяқталмайды.



Басқару іс-әрекетінен мынадай талдауларды бөліп көрсетуге болады:

аспектілі талдау, білім беру іс-әрекетінің қандай да бір аспектісіне (мәселен, оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру үшін көрнекі құралдарды қолдану; үй тапсырмаларын тексеруде мұғалімнің жұмыс істеу жүйесін оқып-үйрену; сабақта оқушылардың топтық жұмыс ерекшеліктерін оқып-үйрену және т.б.) бағытталады;

қысқа талдау— білім беру іс-әрекетін жалпы оқып-үйренуді болжайды;

кең ауқымды талдау— білім беру процесінің барлық компоненттерін (мысалы, сабаққа тәрбиелік, дидактикалық, психологиялық, тазалық-гигиеналық талаптарын анықтау және т.б.) бір-бірден бөліп көрсетуге және талдауға бағытталады.

Қазіргі кездегі мектептің практикалық жұмысында педагогикалық талдаудың төмендегідей түрлері көрсетіледі:

параметрлік талдау. Бұл талдаудың мазмұны білім беру процесінің барысы және нәтижелері туралы күнделікті ақпараттарды (оқушылардың күнделікті үлгерімін, тәртібін, сабақ және сыныптан тыс сабақтарға қатысуын, мектептің тазалық жағдайын, сабақ кестесінің сақталуын және т.б.) оқып-үйрену болып табылады;

тақырыптық талдау. Берілген талдаудың мазмұны білім беру-тәрбиелеу процесінің жеке бағыттарын (мәселен, адамгершілік, эстетикалық, дене, ақыл-ой мәдениетін тәрбиелеуде мұғалімнің, сынып жетекшілерінің жұмыс істеу жүйесін; мектепте инновациялық орта қалыптастыру бойынша педагогикалық ұжымның іс-әрекетін және т.б.) оқып-үйрену болып табылады;

қорытынды талдау. Оқу тоқсаны, жарты жыл, оқу жылы аяқталғанда жүргізіледі. Қорытынды талдау оқу-тәрбие іс-әрекетінің негізгі нәтижелерін, алғы шарттары мен шарттарын оқып-үйренуге бағытталады.



Мақсаттылық функциясыс-әрекеттің соңғы нәтижелері туралы шынайы көзқарас қалыптастырады. Жалпы мақсаты басқарылатын жүйенің нәтижелері мен талаптарын салыстыру негізінде айқындалады.

Дж. Л.Морриссейдің пікірінше, басқарудың мақсатын төмендегідей негізгі ережелер бейнелейді:

- талап етілетін соңғы нәтижені нақтылау;
- берілген мерзімде мақсатқа жетуін нақтылау;
- мүмкін болатын шығын, құрал, уақыт пен энергияның максималды өлшемдерін нақтылау;
- жұмыстың талап етілген нәтижесінің мақсатқа жетуін анықтайтын сандық сипаттарын беру;
- «қалай» және «неліктен» екендігіне мән бермей, «не» және «қашан» істелуі керектігін әңгімелеу;
- берілген орындаушылардың атқаратын міндеттерін мақсатты түрде пайдалану;
- мақсатқа жету үшін кімнің жұмыс істейтіндігі түсінікті болуы;
- жеңіл емес, бірақ шынай және қол жетімді болуы;
- басқа мүмкін мақсаттармен салыстырғанда уақыт пен ресурстардан болатын шығындардың орнын толтыру;
- уақыттың сандық және күтілетін бюджеті аймағында жүзеге асырылуы;
- біріккен жұмыстың нәтижесі үшін минималды мүмкін екі жақты жауапкершілікті болдыру немесе мүлде болдырмау;
- еңбекті ғылыми ұйымдастырудың негізгі ұстанымдары мен әдістеріне сәйкес келу;
- орындаушылардың қызығушылықтарына сәйкес келі және ұйымдастыруда шиеленіс тудырмау;
- жазбаша түрде түргіп алу;
- қарамағындағы бағынушымен жеке әңгімелесуде келісілген менеджер болу.

Мектепішілік басқарудың келесі функциясы **жоспарлау** болып табылады. Мектепті басқарудағы жоспарлау – этнопедагогикалық талдаулардың берілгендері негізінде шешім қабылдау. Жоспарлау қандай да бір талаптарға сай болуы керек:

- жүзеге асырудың мақсатты орналасуы мен шарттарының бірлігі;
- ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлаудың бірлігі;
- мемлекеттік және қоғамдық бастамаларды сәйкестендіру ұстанымдарын жүзеге асыру;
- болжау және жоспарлаудың кешенді сипатын қамтамасыз ету;
- болжаулар негізіндегі жоспарлаудың тұрақтылығы мен жеңілдігі;

- мақсаттылық – мұғалімдердің, сынып жетекшілерінің, қоғамдық ұйымдардың іс-әрекетінде мектеп жұмысының бұрынғы тәжірибесі мен жеке мақсат қоюын есепке алу;

- болашағына сенімділігі (мектеп іс-әрекетінің болашаққа бағытталуын көріп-білу);

- кешенділік – іс-әрекеттің алуан түрлі құралдарын, формаларын, әдістерін, түрлерін пайдалану;

- объективтілік – мектептің жұмыс істеу шарттарын, педагогикалық және оқу ұжымдарының мүмкіндіктерін есепке алу.

Мектеп жұмысының практикасында жоспарлаудың төмендегідей түрлері кеңінен тараған:

- 3-5 жылға арналған мектеп жұмысының болашақтағы жоспары;

- мектептің оқу-тәрбие жұмысының жылдық жоспары;

- ұйымдастырушылық, әдістемелік және сыныптан тыс жұмыстардың кестелік жоспары (жылдық жоспардан көшірме, мысалы тоқсандық жоспар);

- мектепшілік бақылаудың жоспар-кестесі;

- қоғамдық ұйымның жоспары.

Болашаққа арналған жоспар төмендегідей бөлімдер бейнеленеді:

- педагогикалық кеңестер мен әдістемелік бірлестіктер отырысының тақырыптары;

- кәсіби жиналыстар мен өндірістік отырыстар;

- директордың қатысуымен отырыстар;

- оқу-тәрбие процесін жанарту болашағы, педагогикалық инновацияларды ендіру;

- мектептің педагогикалық кадрларға мұқтаждығы;

- педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру (курстар, семинарлар, тренингтер, шаруашылық есеп негізіндегі курстар және т.б.);

- мектептің материалды-техникалық базасы мен оқу-әдістемелік қамсыздануын дамыту (құрылыстық жұмыстар, электронды есептеуіш техника және информатика құралдарын алу, кітапхана қорын және көрнекі құралдарды толықтыру, құралдарды жанарту және кабинеттерді безендендіру, т.б.);

- педагогтар мен оқушыларды әлеуметтік қорғау, олардың тұрмысын, еңбек шарттарын мен демалысын күшейту.

Болашаққа арналған жоспар жергілікті басқару жоспарларымен келісіледі.

Жылдық жоспарлар мамыр-маусым айларында құрастырылады, тамыздың аяғында педагогикалық кеңеспен бекітіледі. Жыл бойы жоспарды аяқ-астынан кез-келген жағдайда өзгерте беруге болмайды, өзгерткендігі жөнінде педагогикалық кеңеске айтып отыруы қажет. Жылдық жоспар жаздық демалыс уақыттарымен қоса бір жылды қамтиды.

Мектептің жылдық жоспарын дайындау төмендегідей бірнеше кезеңдерден өтеді:

- жаңа нормативті, инструктивті құжаттарды, мектеп директоры, оның орынбасарлары, мектеп қызметі жетекшілерінің жоспарлауымен дамыту, білім беру сұрақтары бойынша теориялық және әдістемелік материалдарды оқып-үйрену;

- жоспар жобасының құрылымын жасау және түзетулерге қатысты инициативті топтарды құру, мектеп оқушыларының жетекшілігімен қажетті ақпараттарды жинау көздері мен формаларын анықтау (екінші оқу тоқсаны);

- алынатын ақпараттарды талдау, комиссия мүшелері мен мектеп бөлімдерінің жетекшілері жұмыс туралы есептерді тыңдау; туатын қиындықтардың себептерін және болашақта болдырмаудың жолдарын айқындау (үшінші оқу тоқсаны);

- жоспар жобасын дайындау және талқылау (төртінші тоқсанның соңы).

Жаңа оқу жылындағы мектеп Кеңесінің бірінші отырысында жұмыс жоспары бекітіледі.

Ағымдық жоспар оқу тоқсандарына арналып жасалады, жалпы мектептің жылдық нақтылау болып табылады.

Жалпы мектеп жоспарының негізіне ұйымдастырушылық, әдістемелік және сыныптан тыс жұмыстардың ағымдық тоқсанына **арналып күнтізбелік жоспары** жасалады (педагогикалық және оқу ұжымдарына жеке-жеке). Көлбеу бойынша оқу тоқсанының апталары мен күндері белгіленсе, көлденеңінен – мұғалімдер және оқушылармен жұмысты ұйымдастыру формалары, сол жұмыс формаларына жауаптылардың аты-жөні; жұмыстың атауы (мазмұны); орындалу мерзімі; бақылау формасы.



Мектепішілік бақылаудың маңызды функциясы **іс-әрекетті ұйымдастыру** болып табылады. Бұл функция нақты адамдардың (мұғалімдер, балалар, ата-аналар, қоғамдық ұйымдардың өкілдері) шешім қабылдауымен сипатталады. Ұйымдастырушылық іс-әрекеттің субъектісі (ұйымдастырушы) бірқатар мәселелерді шешеді:

- орындаушыларды алдын-ала тандау, олардың жұмыс істеу орны, уақыты, ұжымдық іске араласуы бойынша бөлінуі;

- болатын іс-әрекеттің мазмұнын, формасы мен әдістерін іріктеу; орындаушылардың шынайы жағдайы мен мүмкіндіктерін салыстыру;

- болатын іс-әрекеттің мотивациясы, жұмыс ретімен таныстыру, нақты тапсырманы орындау қажеттілігіне сенім қалыптастыру;

- педагогикалық және оқу ұжымдары әрекеттерінің бірлігін қамтамасыз ету;

- жұмысты орындау процесіне тәуелсіз көмек көрсету;

- іс-әрекетке қатысушыларды ынталандыру формаларын тандау;

- нақты істің барысы мен нәтижесін бағалау.

Мектепішілік басқарудың соңғы **функциясы бақылау** болып табылады. Мектепішілік бақылау оқушы тұлғасын дамыту сұраныстары мен

жалпы мемлекеттік талаптарға мектептің жұмыс нәтижесінің сәйкестігін ұйымдастыратын іс-әрекеттің түрі болып табылады.

Ол істің шынайы жағдайы жоспарға сәйкес келмей қалған кезде басқарушылық шешім қабылдауға септігін тигізеді. Берілген жағдайда бақылау мектептің басқару жүйесі мен басқару нысандарының арасында кері байланыс жасау функциясын атқарады. Мектепішілік бақылаудың құрамына білім беру процесіне қатысушылардың жұмысын бағалау және олардың іс-әрекеті сапасын арттыру үшін қор қалыптастыру да енеді. Сонымен қатар, бақылаушы функцияны жүзеге асыру процесінде педагогикалық және басқарушылық функциялардың озат тәжірибелерін айқындау мүмкіндігі пайда болады.

Мектепішілік бақылау нысандарының бағыттары төмендегідей:

- *оқу процесі* (білім беру бағдарламалары мен Мемлекеттік білім стандарттарының орындалу сапасы мен барысы; оқушылардың білім, білік және дағдыларының сапасы; оқу пәндерін оқыту жағдайы; мұғалім жұмысының өнімділігі; дарынды балалармен жұмыс және т.б.);

- *тәрбие процесі* (оқушылардың тәрбиелік деңгейі; сабақтан тыс тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың жағдайы және сапасы; оқушыларды тәрбиелеуге қатысты мектеп, ата-ана және қоғамның біріккен іс-әрекетінің тиімділігі; педагогикалық төмен кеткен балалармен жұмыс және т.б.);

- *педагогикалық кадрлармен жұмыс* (нормативті құжаттар мен қабылданған шешімдерді орындау; әдістемелік жұмыс; біліктілікті көтеру; мұғалімдерді аттестациялау; сәтті психологиялық ахуал туғызу және т.б.);

- *оқу-тәрбие процесінің шарттары* (еңбекті қорғау; мұғалім мен оқушының НОТ; мектептің тазалық-гигиеналық жағдайы; оқу, әдістемелік анықтамалық әдебиеттермен, көрнекі құралдармен, оқытудың техникалық құралдарымен қамтамасыз ету және т.б.).

2. Педагогикалық жүйелерді басқарудың жалпы ұстанымдары Педагогикалық жүйелерді басқару бірқатар ұстанымдарды сақтауды талап етеді. *Басқару ұстанымдары* – басқару функцияларын жүзеге асыру жөніндегі негізгі идеялар. Ұстанымдар басқару заңдылықтарын бейнелейді.



Мектепішілік басқару негізгі ұстанымдарына енетіндер:

- басқару жариялығы мен ізгіліктілігі;
- басқарудағы жүйелілік пен тұтастық;
- орталықтандыру мен деорталықтандырудың рационалды қосындысы;
- басқарудың ғылыми негізділігі (ғылымилық);
- ақпараттарды ұсынудың объективтілігі, толықтығы және біркелкілігі.

Басқарудың жариялығы мен ізгіліктілігі. Басқарудың жариялық және ізгіліктілік ұстанымдары білім беру процесіне қатысушылардың барлығына (жетекшілерге, мұғалімдерге, оқушылар мен ата-аналарға)

инициативасы мен өзіндік әрекетін дамытуды, басқару шешімдерін ашық талдауға және ұжымдық дайындауға жұмылдыруды болжайды. Мектеп өміріндегі жариялық мектеп жетекшілерін сайлау практикасын, жетекші және педагогикалық кадрларды таңдауда сайыстық сайлау мен бақылау жүйесі механизмін ендіруден басталады. Мектепте басқарудың ауызбіршілігі ақпараттарды ашық, қол жетімділігіне негізделеді. Білім беру процесіне қатысушылардың әрқайсы мектеп жұмыстары мен проблемалары туралы ғана біліп қоймайды, сонымен қатар оларды талдауға қатысады және өз пікірін білдіреді. Мектепті басқарудың жариялығы қабылданатын шешімнің бірауыздылығы арқылы және жалпы мектеп ұжымының алдында әкімшілік, мектеп кеңесінің есептері арқылы жүзеге асады.

Соңғы жылдары білім беру процесін басқару субъектілі-объектілі қарым-қатынастан субъект-субъектілі қарым-қатынасқа, басқарушы және басқарылатын жүйелер арасындағы диалогқа өту тенденциясын қабылдайды.

Педагогикалық жүйелерді басқарудың жүйелілігі мен тұтастығы педагогикалық процестің табиғи жүйесін айқындайды және оларды тиімді басқару үшін шынайы алғышарттарды құрайды.

Педагогикалық жүйелерді басқарудағы жүйелілік тұғыр білім беру мекемелерінің жетекшілері мен басқа қатысушыларды бір жүйеде, бірлікте және тұтастықта жүзеге асыруын көздейді.

Берілген ұстанымдарды жүзеге асыру басқару іс-әрекетіне тізбектілікті, логикалықты және тиімділікті беруге септігін тигізеді.

Мектепті біртұтастық жүйеде қарастыра отырып, бірнеше компоненттерден тұратындығын ескертеді. Мәселен, оқыту процесі біртұтас педагогикалық іс-әрекет жүйесінің бір түрі, ал сабақ – оқу процесі жүйесінің бір түрі. Сабақ – күрделі динамикалық жүйе, тапсырмаларды, тәрбие және оқу әдістерін, оқу материалының мазмұнын және оқушылардың танымдық іс-әрекетін ұйымдастыруды қамтитын оқу-тәрбие процесі құрылымдық элементі болып табылады. Басқарушылық әсердің нағыз қосымшасын орнату үшін жүйені бөліктерге, блоктарға және құрылымдық элементтерге бөлшектеу қажет.

Жүйенің әрекеттілік бағасы ретінде шынайы нәтиже беріледі. Егер педагог сабақтың оқу-тәрбиелік моменттерінде тапсырманы дұрыс құрастырып, қажетті оқу материалын дұрыс таңдай алмаса, танымдық іс-әрекетті ұйымдастырудың тиімді әдіс-тәсілдерін пайдаланғанымен, оң нәтижеге жете алмайды. Сондықтан, жүйенің біртұтастық деңгейі мақсатқа жетуіне, компоненттерінің толықтығына байланысты.

Әлеуметтік-педагогикалық жүйенің мәнін кешенділік тұғырынсыз оқып-үйрену мүмкін емес. Білім беру жүйесін оқып-үйренудің кешенді тұғыры төмендегідей болжанады:

- басқару және педагогикалық іс-әрекеттің жүйелік және жан-жақты талдау нәтижелері;

- заңнамалық байланыстарын айқындау (көлденеңінен және көлбеуінен);

- социумның өзіндік шарттары мен проблемаларын анықтау;
- басқарудың динамикалық құрылымы мен технологиясын жасау;
- басқару мазмұнын негіздеу.

Орталықтанудыру мен деорталықтандырудың рационалды қосылысы. Басқару іс-әрекетін шамадан тыс орталықтандыру әкімшіліктендіруді күшейтуге, басқарылатын жүйенің (төменгі деңгейдің жетекшілері, мұғалімдер мен оқушылар) орындалуына байланысты. Шамадан тыс орталықтандыру жағдайында уақытша, қаржылық және басқа да ресурстарды жоғалтуға, мектепті басқарушылардан бастап оқушыларға дейінгі білім беру процесіне қатысушылардың барлығын үстеме жүктемесіне әкеліп соғатын басқару функцияларын көшірмелеуге итермелейді.

Екінші жағынан, басқаруды деорталықтандыру жоғары ұйымдардан төменге дейінгі функциялардың берілуін түсіне отырып, педагогикалық жүйедегі іс-әрекеттің тиімділігін төмендетуге әкеліп соғады. Бұл келесі негативті жағдайларда айқындалады: басқарушы жүйенің құрамдас бөліктерінің (жетекші мен әкімшілік) маңызын төмендету, аналитикалық және бақылаушылық функциялардан жартылай немесе толық айрылу. Шамадан тыс деорталықтандырумен айналасу ұжымның іс-әрекетінде проблемалардың, тұлғааралық және деңгейаралық шиеленістер мен түсінбеушіліктердің тууына әкеліп соғады.

Ғылымның соңғы жетістіктеріне негізделген саналы түрдегі басқаруды орталықтандыру және деорталықтандырудың қосылысы мақсатқа жету жолында басқарушы және басқарылатын жүйелердің құрамдас бөліктерін оңтайлы әсерлесуін қамтамасыз етеді. Орталықтандыру мен деорталықтандырудың оңтайлы қосылысы демократиялық, қызығушылығы бар және біліктіталдау, кәсіби деңгейде басқару шешімдерін жүзеге асыру, басқару функцияларының қайталануына жол бермеу, жүйенің барлық құрамдас бөліктерінің өзара әсерлесуінің тиімділігін арттыру үшін қажет жағдайлар туғызады.

Басқаруды орталықтандыру және деорталықтандырудың қосылысындағы негізгі проблема басқару шешімдерін қабылдауда **уәкілділікті бөлудің** оңтайлығында. Уәкілділікті бөлу практикасы келесі басқарушылық жауапкершіліктерін болжайды:

- жалпы – іс-әрекеттің негізгі шарттарын құру үшін;
- функционалдық – нақты әрекеттер үшін.

Уәкілділік қазіргі уақытта орын алған индивидке емес, қызметті бөледі. Төмендегідей басқару уәкілділік түрлері айқындалады: келісушілік (қауіптен сақтайтын), бөліктеуші (сызықтық, функционалдық), кеңес берушілік, бақылаушылық-бағалаушылық, координациялаушы.

Бөлуге жататындар: арнайы жасалатын іс-әрекет; жеке сұрақтар; дайындық жұмыстары. Бөлуге жатпайтындар: жетекшілердің функциялары, мақсат құру, мектеп стратегиясын айқындауда шешім қабылдау, нәтижелерді

бақылау; бірге жұмыс істейтіндерге жетекшілік және олардың мотивациясы; ерекше маңызды тапсырмалар; жоғары деңгейлі қауіп тудыратын тапсырмалар; ерекше істер; кезек күттірмейтін істер, түсіндіру және қайта тексеруге уақыт қалдырмайтын сенім білдіретін сипаттағы тапсырмалар.

Уәкілділіктің шегі саясатпен, ережелермен және қызметтік тәртіппен анықталады. Уәкілділікті бұзудың себептері өзінің жұмыс бабын асыра пайдаланудан болады.

Басқарудың ғылыми негізділігі (ғылымилық). Бұл ұстаным басқару ғылымының жаңа жетістіктеріне сүйене отырып, басқару жүйесін құруды болжайды. Ғылыми басқару субъективизммен сәйкес емес. Жетекші заңдарды қабылдауы және ескеруі, қоғам дамуының объективті тенденцияларын, педагогикалық жүйелерді, ғылыми болжамдарды ескеріп, шешім қабылдаулары керек.

Басқарудың ғылыми негізділік ұстанымын жүзеге асыру педагогикалық жүйелердің басқарушылық жағдайы туралы шынайы және толық ақпараттар легімен анықталады.

Ақпараттарды ұсынудың объективтілігі, толықтығы мен реттілігі. Педагогикалық жүйелерді басқарудың тиімділігі шынайы және толық ақпараттар легімен анықталады.

Педагогикалық жүйелерді басқаруда кез-келген ақпарат маңызды, соның ішінде басқарылатын жүйелердің құрамдас бөліктері оңтайлы қызмет жасауы үшін барлық басқарушылық ақпарат болып табылады. Берілгендердің ақпараттық қорын, оларды оперативті қолдану технологияларын қалыптастыру басқарушылық еңбекті ғылыми ұйымдастыруын арттырады.

Басқарушылық ақпараттар төмендегідей бөлінеді:

- уақыт бойынша – күнделікті, ай сайынғы, тоқсандық, жылдық;
- басқарушылық функциялары бойынша – аналитикалық, бағалаушылық, құрылымдық, ұйымдастырушылық;
- ақпараттардың түсу көздері – мектепішілік, ведомствалық, ведомствоішілік;
- мақсатты қолданылуы бойынша – директивтілік, таныстырушылық, нұсқаушылық және т.б.

Жалпы білім беретін мекемелерді басқаруда ақпарат кез-келген мекемелер сияқты маңызды роль атқарады. Мектептің іс-әрекетінде ақпараттық қарым-қатынастың біршамасы айқындалады: мұғалім – оқушы, мұғалім – ата-ана, әкімшілік – білім алушылар, әкімшілік – ата-аналар және т.б. Сонымен қатар, мектептің әкімшілігі балалар мен жеткіншектер тәрбиесімен шұғылданатын білім беру ұйымдарымен, әдістемелік мекемелермен, басқа мекемелер және ұйымдармен әрқашан ақпараттық қатынаста болады. Мұның барлығы ақпараттық ағымдардың алуан түрлігін (жоғары талаптар қойылатын кіріс, шығыс және жылжымалы сапаларын) куәландырады.

Басқаруда ақпараттарды қолданудағы қиындықтар ақпараттық жетістіктер немесе кемшіліктерден шығады. Мұның екеуі де шешімдер қабылдау процесін, оларды орындаудың оперативті реттеуді қиындатады. Педагогикалық жүйеде ақпараттардың жетіспеушілігі тәрбиелік іс-әрекет аймағында сезіледі.

Мектепішілік ақпараттармен жұмыс істейтін адамдар үшін оны жинақтау, өңдеу, сақтау және қолдану әдістерін білу маңызды. Мектеп жетекшілері, менеджер өз іс-әрекетінде бақылау, сауалнама алу, тестілеу, әдістемелік материалдармен жұмыстарды белсенді қолданады. Техникалық құралдар мен компьютерлеуді енгізу арқылы материалдарды жинау мен өңдеу мерзімдері қысқартылады. Мектеп әкімшілігін күшейту мектеп жетекшілері де, мұғалімдері де қолдана алатын басқарудың мектепішілік ақпараттық технологияларын құру және жасауға бағытталады.

Ақпараттарды ұсынуға қойылатын талаптар мектепті басқару процесімен байланысты. Мектеп жетекшісі ақпараттардың қайда бағытталғандығына қарамастан жауапты болады.

Жоғарыда қарастырылған педагогикалық жүйелердің ұстанымдарынан басқа түрлері де кездеседі:

- сәйкестілік ұстанымы (орындалатын жұмыс орындаушының ақыл-ой және дене мүмкіндіктеріне сәйкес келуі керек);

- жоктың орнын автоматты толтыру ұстанымы;

- бірінші жетекші ұстанымы (маңызды тапсырмаларды орындауды ұйымдастыруда жұмыстың барысын бақылау бірінші жетекшінің құзырында);

- жаңа тапсырмалар ұстанымы (болашақты көре білу);

- кері байланыс ұстанымы (істің барысы мен нәтижелерін бағалау);

- басқарушылық нормалар ұстанымы (тікелей жетекшілерге бағынатын педагогикалық қызметкерлер санының онтайлығы). А.Файоль басқарудың нормаларын мүлтіксіз орындауды қолдайды. Л.Урвик «барлық жоғары тұрған жетекшілерге бағынатын шынайы сан 4-ке тең болуы қажет» деп есептейді.

Педагогикалық менеджменттің басқа жіктемелері мен түсіндірмелері кездеседі. В.П.Симонов төмендегідей ұстанымдарды бөліп көрсетеді:

- мақсаттылық кез-келген басқару деңгейінің менеджерлерінің барлық іс-әрекетін жоспарлау, ұйымдастыру және бақылау негізі ретінде;

- басқарудың мақсаттылығы (шынайы, әлеуметтік мәнді және перспективалығын есепке ала отырып, мақсат қоя білу);

- басқарушылық еңбегін кооперациялау және бөлу, яғни ұжымдық шығармашылық және ақыл-ойға сүйену;

- функционалды тұғыр – орындаушылар функцияларды әрдайым жаңартып отыру, толықтыру және нақтылау;

- тек мақсат пен міндеттерді анықтаудың кешенділігі ғана емес, сонымен қатар, қабылданған шешімдерді орындауды ұйымдастыру, педагогикалық бақылау, іс-әрекетті түзету;

- басқарудың барлық деңгейлерінде педагогикалық менеджментті жүйелі жүзеге асыру.

Педагогикалық жүйені басқару нақты әдістермен жүзеге асырылады. **Басқару әдістері** – қойылған мақсаттарға жету тәсілдері. Олар төмендегідей жіктеледі:

- *басқару объектісі* (аймақтық);
- *басқару субъектісі* (әкімшілік, шаруашылық);
- *мақсаттар* (стратегиялық, тактикалық, оперативті);
- *әсер ету механизмі* (әлеуметтік-саяси, ұйымдастырушылық-орындатушылық, ұйымдастырушылық-педагогикалық);
- *стилі* (авторитарлық, демократиялық, либералды);
- *басқарушылық әрекеттер уақыты* (перспективті, ұзақ мерзімді, күнделікті).

Басқару формаларында әр түрлі құрылымдар мен бағыттар бар: құрылымдық-әдістемелік және теориялық семинарлар, оқу ұжымдарының отырысы, педагогикалық кеңестер, әдістемелік бірлестіктер, мектеп конференциялар, педагогикалық оқулар, ата-аналар мектебі.

3. Басқарудың мәні. Мектепті басқару түсінігінің дефинициясы бүгінгі күнге дейін пікірталас тудырады. М.М.Поташник: басқару – бұл мектепті құру, тұрақтандыру, оңтайлы және міндетті дамытуды қамтамасыз ететін барлық субъектілерінің мақсатты іс-әрекеті деп есептейді. В.С.Лазарев басқару анықтамасын кеңейте отырып, «оны жоспарлау, ұйымдастыру, жетекшілік және бақылау арқылы (интегративтілік) біріккен оқушылар, педагогтар, ата-аналардың ерекше іс-әрекеттерін мектепті дамытудың білім беруге бағытталады» деп есептейді. В.И.Зверева мектепті басқару жетекшінің басқарушылық шешімдерін өңдеу, қабылдау және жүзеге асыру процесі деп есептейді. Т.И.Шамова мектепті басқарудың педагогикалық мәнін оқушылардың қызығушылықтарының басымдылығын анықтайды деп есептейді. Жоғарыда айтылған анықтамалардан қорытынды шығаруға болады: мектепті басқару – білім беру процесін мақсатты түрде реттеп отыратын басқарушылық іс-әрекетінің арнайы түрі. Себебі, басқару – мектептің педагогикалық процесінің маңызды реттеушісі. Егер басқару мәнді болашағы бар өзгерістерді болжай алмаса, онда мектеп дамушы жүйеге айналмады. Екінші жағынан, мектепті басқару – ерекше іс-әрекет. Өйткені, оның субъектілері оқушылар, мұғалімдер, ата-аналардың біріккен әрекеттерін жоспарлау, ұйымдастыру, жетекшілік, бақылау және өзін-өзі бақылау арқылы қамтамасыз етеді.

4. Басқарудың функциялары мен технологиялары. Бірқатар педагогикалық басымдарда мектеп жетекшілерінің кәсіби құзыреттілігіне енетіндер: іс-әрекеттің басқарушылық, коммуникативті, диагностикалық және зерттеушілік компоненттері. Сонымен қатар, құзыреттілік кәсіби білім мен біліктіліктің қалыптасу деңгейімен, басқарушылық функцияларды

оңтайлы жүзеге асыру үшін қажетті тұлғаның кәсіби мәнді қасиеттерін дамыту дәрежесімен анықталады.

Мектепті сапалы басқару үшін басқару функцияларын білу қажет. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде басқару әрекеттері тізбекті түрде бірін-бірі ауыстырады. Бірқатар ғалымдар басқару функцияларын ұсынады.

Педагогикалық әдебиеттерде функциялардың бір және көп деңгейлі құрамын басқару функцияларының алуан түрлері мен топтарының тізбектілігі берілген⁶.

Оперативті функциялардың тізбегі кезекті болжау, мақсаттылық, жоспарлау, ұйымдастыру және мектепшілік бақылау, шешімді дайындау және қабылдау, реттеу және түзету, нәтижелердің тексеру және бағалаумен анықталады. Дегенмен, мектеп жетекшілерінің басқарушылық іс-әрекетін оперативті функциялармен шектеуге болмайды. Сонымен қатар, жетекшінің әлеуметтік-психологиялық, ұйымдастырушылық-педагогикалық, өндірістік және мақсатты жобалаушы іс-әрекеттерді жасау қажеттілігін ескеру қажет. Мектепті басқаруда бастапқы мақсаты оқушылардың, мұғалімдер, ата-аналардың қажеттіліктері мен қызығушылықтарын қанағаттандыру болып табылады, ал құндылықтар мектептегі қоғамның әлеуметтік сұраныстарымен анықталады. Сондықтан басқарудың мақсаттылық функциялары төмендегідей қалыптасады:

- еңбек пен танымның қажеттілігі мен қызығушылықтарын қамтамасыз етуге, сәтті микроклимат пен сұраныстарды қанағаттандыруға бағытталған әлеуметтік функция;

- мектептегі өндірістің маңызды түрі ретінде оқу-көмекші процесті ұйымдастыруға бағытталған ұйымдастырушылық-педагогикалық функция;

- оқу-материалдары базасын құруға, сонымен қатар біліктілікті арттыруға, материалдық қамсыздандыруға, тұрмысқа, емделуге және т.б. мектеп қызметкерлерінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған шаруашылық-қаржылық функция.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде сапалы түрде жүзеге асыруға болатын мақсатты басқару функциясы кезедеседі – әлеуметтік-педагогикалық топ. Оның құрамына ұйымдастыру, педагогикалық ұжымды белсендіру, педагогикалық шеберлікті жүзеге асыру, педагогикалық ұжымның кәсіби құзыреттілігі, өзін-өзі басқаруды дамыту енеді. Бұл тізімді педагогикалық ұжымның шығармашылық әлеуетін дамытумен толықтыруға болады.

Басқару технологиясы басқа технологиялар сияқты «Нәтижеге қалай жетуге болады?» деген сұраққа жауап береді. Басқару іс-әрекетінің тиімділігі, көбінесе, технологиялық тұғыр негізінде оқу-тәрбиепроцесіне жетекшілікті жүзеге асыратын білім беру ұйымдары қабілеттеріне байланысты.

Басқару технологиясы– мейлінше аз күш, құрылым, уақытты шығындай отырып, тұрақты жоспарлы нәтиже алуға септігін тигізетін, сонымен қатар тізбекті әдіс-тәсілдерді сипаттайтын білім беру ұйымдарының іс-әрекеті

⁶Худоминский П.В., Шакуров Р.К., Афанасьев В.Г. және т.б.

жетекшілерінің ғылыми негізделген, рационалды ұйымдастырылған және оңтайлы жарықтандырылған іс-әрекеті.

Басқару технологиясы – жоспарланған нәтижеге жетуге бағытталған оқу-тәрбие процесінің басқа субъектілерімен мектеп жетекшілерінің ғылыми негізделген, мақсатты өзара әсері. Бұдан басқару тиімділігінің басты көрсеткіші орындаушылық тәртіп емес қарым-қатынас болып табылады. Басқару технологиясында маңызды факторы оқу-тәрбие процесіне жетекшілік, адамдармен қарым-қатынас стилі болып табылады. Осы айтылғандарға сүйене отырып, басқару технологиясын төмендегідей жіктеуге болады:

- авторитарлық (командалық-әкімшілік стилі, өзіндік шешімдерді ерікті қабылдау, қатаң талапшылық, бұйрық);

- синергетикалық (демократиялық стиль, ынтымақтастық, шешімдерді ұжымдық қабылдау, өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі тәртіпке келтіру, біріккен әрекет (синергия – субъектілердің ынтымақтастығы), өтініш);

- тұлғалық-бағдарлы (рефлексивті басқару, мұғалім мен оқушыны дамытуға, өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі тәрбиелеуге бағытталған, бағынушылық көзқарастан тұлғалық-тең құқылыққа, диалог).

Жетекшілік стилдерінің бірі – либералдық (жетекшіліктің формалды стилі, яғни, шешім шешім үшін қабылданады, іс-әрекеттің нәтижесіне жауапкершілік болмайды) екені белгілі. Бұл стилге сәйкес технологияны жасау мүмкін емес, себебі, нәтиженің жоқтығын болжайды.

Жоғарыда ұсынылған технологиялар тек шартты ғана болып табылады, өйткені, мектеп тәжірибесінде жетекшілік стилдерінің қосылысы кездеседі, нақты жағдайда басқару іс-әрекеті өзіндік ерекшелігі, өзіндік технологиялық тұғырымен ерекшеленеді.

5. Педагогтың шығармашылық іс-әрекеті. Педагогикалық шеберліктің тағы бір көрінісі – мұғалімнің шығармашылық іс-әрекеті, яғни оның тұлға ретінде жеке-даралығы және адамның индивид ретіндегі кейбір ерекшеліктерінің өзгеріске ұшырауы. Осыдан шығатын қорытынды: әрбір педагог мұғалім мамандығын таңдап алған соң, ол жауапкершілігін бірге ала жүруі керек. Ұстаз өз пәнін ғана емес, дүние сырын, қоғамдағы өзгерістерді, адам мінездерін, өнердің қуат әсерін білетін жан болуы қажет.

А.И.Кочетовтың пікірінше, шығармашылық іс-әрекеті – мейлінше уақыт пен күшті шығындай отырып, жоғары көрсеткіштермен жаңа ақпараттар немесе өнімдерді құру процесі деп есептейді. Бұл анықтамадан 2 құрамдас бөліктен тұратындығын көреміз: шығармашылық және жаңа материалды (материалды емес) құндылықтарды құрудағы оңтайландыру.

Педагогикалық шығармашылықтың пайда болу аймағы педагогикалық іс-әрекеттің құрылымын анықтайды және оның барлық қырларын қамтиды: құрылымдық, ұйымдастырушылық, коммуникативтік және гностикалық. Дегенмен, шығармашылықтың педагогикалық іс-әрекетте жүзеге асуы үшін бірқатар шарттар қажет (Н.В.Кузьмина, В.А.Кан-Калик):

- шығармашылықтың міндеттері мен тәсілдері арасындағы уақыт аралығы тым ұзақ болмаған кездегі уақытша әрекет;
- оқушылар мен басқа педагогтардың шығармашылығымен өзара қиыншылықтарға кездесуі;
- нәтиженің шегерілуі мен оны болжаудың қажеттілігі;
- көпшілік алдында сөйлеу ахуалы;
- дәстүрлі педагогикалық тәсілдер мен ерекше жағдаяттардың арасындағы салыстырмалы қажеттіліктер.

Педагогикалық іс-әрекеттің шығармашылық сипатын педагогикалық міндеттерді шешуге ғана әкеліп соқпай, тұлғаның танымдық, эмоционалды-ерік және мотивациялық-қажеттілік компоненттерінің бірлігінен көрінеді.

Шығармашылық ойлаудың (мақсат қоя білу; кедергілерді, стереотиптерді жеңуді талап ететін талдау; жіктеу және бағалау, т.б.) құрылымдық компоненттерін дамытуға бағытталған арнайы тандылып алынған міндеттерді шешу педагогикалық шығармашылық әлеуетін қалыптастырудың маңызды шарты болып табылады.



Философиялық энциклопедияда «Шығармашылық – бұрын еш уақытта болмаған жаңа бір нәрсе тудырушы әрекет» деп жазылған⁷.



Шығармашылық деген сөздің сырына үнілсек, «шығармашылық» сөзінің төркіні – «шығару», «іздену», «ойлап табу» дегенге келіп саяды. Демек, жаңа нәрсе ойлап табу, сол арқылы жетістікке қол жеткізу деп түсіну керек. Ол тарихи-қоғамдық мәні бар, жаңалық ашатын адамның әрекеті, адамның мақсатты ісіне жету жолындағы талаптануы мен талпынысынан, жігері мен сабырынан, сұранысы мен ізденісінен құралып, ақыл-ой мен сезімнің, қиялдың ерекше бітімінен көрінеді.



Шығармашылық – адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі керек. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу адамның рухани күшін нығайтып, өзін-өзі тануына көмектеседі. Өйткені, адам туынды ғана емес, тудырушы, жаратушы да. Адамның өз болмысын тануына көмектесіп, тереңде жатқан талап-тілегін, қабілеттерін қалыптастыру, толыққанды өмір сүру үшін жаңа рухани күш беру – білімнің ең маңызды мақсаты. Шығармашылық тек адамға ғана тән құбылыс, яғни, жаңа рухани

1 Философская энциклопедия. – М.: Советская энциклопедия, 1970. – Т.5. – 185 с.

және материалдық құндылықтарды жасау жолындағы адам әрекетінің нәтижесі, жемісі.



Шығармашылық іс-әрекеттің негізгі белгілері адамның жемісті тіршілігін қамтамасыз ете отырып, оның қабілеттіліктеріне негізделеді. Тұлғаның белгілі-бір әрекетке қабілеттілігі қаншалықты жоғары болса, соншалықты оның бойында сол іс-әрекетке қызығушылығы көп артады.

Шығармашылық іс-әрекет мәселесі жөнінде ғалымдар әр саладан үнемі де үздіксіз талдап, талқылап келеді. Шығармашылық іс-әрекет – студенттің жеке шығармашылық бағытын таңдау қажеттігін және шығармашылық өнім, нәтиже туғызуға бағытталған әрекет ретіндегі маңызы айқындалды. Бірқатар ғалымдар шығармашыл педагог – ғылыми психологиялық-педагогикалық ойлау, педагогикалық шеберліктің жоғары деңгейі, бірқатар зерттеушілік батылдық, педагогикалық сезімі мен интуиция, сыни талдау, өзін-өзі кәсіби тәрбиелеудегі қажеттілік және озық педагогикалық тәжірибені саналы қолдану сияқты тұлғалық қасиеттері бар зерттеуші. Б.А.Тұрғынбаеваның пікірінше, шығармашылық іс-әрекетті ұйымдастыруға педагогтың дайындығына енетіндер: тұлғаның сәйкес қасиеттері мен қабілеттерінің қалыптасуы; өзін шығармашылық даралық ретінде қойып көруі; оқушылармен шығармашылық қарым-қатынаста болу қажеттілігі; перцептивтік-рефлексивтік және құрылымдық-басқарушылық қабілеттер саны; оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру тәжірибесі; қарым-қатынасты басқару шығармашылық іс-әрекеті ретінде.

Педагогикалық іс-әрекет – жан-жақты күнделікті шығармашылық. Ол мектеп мұғалімінің шығармашылық қабілеттері мен зерттеушілік біліктердің бірлігін болжайды. Олардың ішінде ұйымдастырушылық қабілеттері, инициативтілік пен белсенділік, терең назар аудару мен байқағыштық, стандартты емес ойлау өнері, қиялдау, оқу процесіне зерттеушілік тұғыр, педагогикалық тапсырмаларды шығармашылықпен шешу, пікір айту мен қорытындылардың өз бетінділігі, эмоционалды ерікті қасиеттері маңызды орын алады. Шығармашылық басқару үшін шығармашылықтың нақты параметрлері қажет. Өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі бағдарлау және өзін-өзі дамыту механизмдерін ескеретін басқару қажет. Осындай механизмдердің бірі – рефлексия. Рефлексия арқылы басқару педагогикада рефлексиялық басқару деп аталады.

Алғаш рет жиырмамыншы ғасырдың 70-жылдары «рефлексивті басқару» терминін В.А.Лефевр математикалық психология аясында енгізіліп, психологиялық және педагогикалық зерттеулерде белсенді қолданыла басталды.

«Рефлексивті басқару» термині педагогикада алғаш рет Ю.Н.Кулюткин және Г.С.Сухобская енгізді. Ю.Н.Кулюткин мұғалім оқушылардың оқу-

танымдық іс-әрекетін басқаруға негізделеді, оқытудың педагогикалық парадоксы процесінде туады деп есептейді.

Рефлективті басқару креативтік қабілеттің дамуына себеп бола алады. Креативтілік адамның рухани және тұлғаның шығармашылық өзіндік даму шартының ажырамас бөлігі болатын бағалы тұлғалық саналы категориясы. Ол оның өзіндік көкейтестілігінің айтарлықтай резерві болып табылады. Креативтілік тұлғаның білімнің жан-жақтылығымен емес, қабылдау, мәселелерге сезімталдығы, жаңа идеяларды қабылдауға икемділігі мен жаңаны құру мақсатында тұрақтап қалған стереотиптерді өзгертіп, өмірлік проблемалардың күтпеген және кездейсоқ шешімін табумен айқындалады.

Тұлғаның креативтілігі мен шығармашылық ойлауын психологиялық тұрғыдан зерттеу олардың шығармашылық ерекшелігінің ғылыми-психологиялық әдістерін табуымен байланысты болды. Ойлау механизмдерін зерттеу проблемалар мен міндеттерді шешу материалдарымен өткізілді. Бұлай істеу абстракцияның сәйкес жүйесін құрастырып, шығармашылық ойлаудың өнімділігін айқындауды талап етеді.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНИКА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІКТІҢ ЭЛЕМЕНТІРЕТІНДЕ

Жоспар:

1. Педагогикалық техниканың компоненттері. Пантомимика. Мимика.
2. Педагогикалық тапсырмаларды шешу технологиясы.
3. Станиславскийдің педагогикалық жағдаяттардағы жүйесі.

1. Педагогикалық техника педагогтың тәртібін ұйымдастыру формасы ретінде. Педагогикалық техника — оқушыға өзінің тәрбиеленушілерін көру, есту және сезінуге септігін тигізетін біліктілік кешендері. Көрнекі педагог А.С. Макаренко былай жазды: «Тәрбиеші ұйымдастыра алуы, жүруі, қалжындауы, көңілді болуы, ашулана білуі қажет ... оның әрбір қозғалысы тәрбиелеп отыруы қажет».

Ю.П.Азаровтың пікірінше:

біріншіден, дамыған педагогикалық техника мұғалімге педагогикалық іс-әрекетте өзін терең және айшықты көрсетуіне, тұлғасындағы кәсіби мәнді қасиеттерін ашуға септігін тигізеді. Педагогикалық техника шығармашылық жұмыстары үшін педагогтың уақыты мен күшін сарқымауға көмектеседі.

Тез және нақты қажетті сөз таба алу, дауыс ырғағы, көзқарасы, жест, сонымен қатар, айшықты ойлауға қабілеттілігін сақтай отырып, педагогикалық техниканы меңгеру педагогқа өзінің кәсіби іс-әрекетіне қабілеттілігінің өсуіне әкеліп соғады.

екіншіден, педагогикалық техника тұлғаның сапасына дамытушылық әсер етеді. Педагогикалық техниканың маңызды ерекшелігі дара-тұлғалық сипаттылығында, яғни, педагогтың дара психофизиологиялық ерекшеліктері негізінде қалыптасады. Дара педагогикалық техника педагогтың жас

ерекшелігіне, жынысына, темпераменті, мінез-құлқына, денсаулығына, анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктеріне байланысты.

Айшықтылық, тазалық, сауаттылықты арттырумен жұмыс істей алу ойлауды тәрбиелейді. Психологиялық іс-әрекетті реттеу тәсілдерін меңгеру мінез-құлық сипаттары ретінде эмоционалды тепе-теңдікті дамытуға әкеліп соғады. Сонымен қатар, шынайы педагогикалық қарым-қатынаста педагогикалық техника аймағында мұғалімнің барлық біліктері біруақытта көрініс табады. Ал, өзін-өзі бақылау айшықты құралдарды таңдауды түзетуге мүмкіндік туады.

үшіншіден, педагогикалық техниканы меңгеру процесінде педагогтың жалпы және кәсіби мәдениет деңгейі мен тұлғаның әлеуетін бейнелейтін адамгершілік және эстетикалық көзқарасы неғұрлым толық ашылады.

Жоғарыда айтылғандар педагогикалық техника педагогтың маңызды құралы екендігін дәлелдейді.

Педагогтың кәсіби шеберлігін дамытудың іргетасы кәсіби білім болып табылады.

Кәсіби білім, біріншіден, өзі жүргізетін пәнге, екінші жағынан, оқушыларға бағытталады. Кәсіби білімнің мазмұнына оқу пәндері бойынша білімдер, оның әдістемесі, педагогика мен психология енеді. Кәсіби педагогикалық білімнің маңызды ерекшелігі – оқылатын ғылымды синтездейтін кешенділік және интеграция. Синтездің дінгегі – педагогикалық тапсырмаларды шешу, психологиялық құбылыстардың мәнін ой-елегінен өткізуді, тұлғаны қалыптастыру заңдары негізінде тәсілдерді таңдауды қажет ететін педагогикалық жағдаяттарды талдау. Әрбір педагогикалық міндеттерді шешу барлық педагогикалық білімдер жүйесін белсендіреді. Педагогтың кәсіби білімінің тағы бір маңызды ерекшелігі – жұмыстың жеке стилі. Кәсіби білімнің негізінде педагогикалық сана – педагогтың әрекеті мен құбылыстарын анықтайтын ұстанымдар мен ережелер – қалыптасады.



Кәсіби білімнің төмендегідей түрлерін атауға болады:

- өзінің пәні бойынша білімі;
- психологиялық-педагогикалық пәндер бойынша білімі;
- оқыту және тәрбиелеу әдістері бойынша білімі;
- өзінің тұлғалық іс-әрекетінің жетістіктері мен кемшіліктері бойынша білімі.

Педагогикалық техниканың құрамына өзін-өзі басқару және педагогикалық тапсырмаларды шешу процесінде өзара әсерлесу біліктілігі де енеді. Біліктіліктің бірінші тобы — өзінің денесін, эмоционалды көңіл-күйін, сөйлеу техникасын игеру. Екіншісі — дидактикалық, ұйымдастырушылық біліктілік, байланыс техникаларын меңгеру және т.б.

Педагогикалық тапсырмаларды шешу технологиясы.



«Педагогикалық техника» ұғымы 2 түрлі компоненттерден тұрады.

Компоненттің бірінші тобы педагогтың өз тәртібін басқара білуімен байланысты:

- өзінің ағзасын игере алу (мимика, пантомимика);
- эмоциясын, көңіл-күйін басқара алу (артық психикалық шамамен алу, шығармашылық өзін-өзі сезіне алуы);
- әлеуметтік-перцептивтік қабілеттер (көңіл аудару, байқағыштық, киялдау);
- сөйлеу техникасы (дем алу, дауысты қоя білу, дикция, сөйлеу темпі).

Педагогикалық техника компонентінің екінші тобы тұлға мен ұжымға әсер ету, тәрбие мен оқытудың технологиялық жағын ашумен байланысты:

- дидактикалық, ұйымдастырушылық, құрылымдық, коммуникативті біліктері;
- талап қою, педагогикалық қарым-қатынасты басқарудың технологиялық тәсілдері және т.б.



Мимика – бет бұлшық еттерінің қозғалысы арқылы өзінің ойын, сезімін, көңіл-күй, жағдайын бейнелеу өнері. Беті мен көзқарасы сөзге қарағанда білім алушыларға күштірек әсер етеді. Ақпараттың эмоционалды мәнін арттыра отырып, жест пен мимика оны жақсы меңгертуге септігін тигізеді.

Тыңдаушылар педагогтың түрін «оқи алады», оның қарым-қатынасын, көңіл-күйін түсінеді. Адамның бетіндегі ең маңыздысы – көзі – адам жанының айнасы. Мұғалімге өзінің беттерін оқып-үйрену, айшықты көзқарасын қолдана білу дағдыларына үйретеді. Мұғалімнің көзқарасы визуалды байланыс жасай отырып, балаларға бағытталады.



Пантомимика – дене, қол, аяқ қозғалысы. Ол ең маңыздыны бөліп көрсетуге, бейнені суреттеуге көмектеседі.

Педагогқа сабақта оқушылардың алдында дұрыс тұра алу манерасы қажет. Барлық қозғалыстар мен дене құрылыстары өзінің әдемілігі және қарапайымдылығымен тыңдаушыларын баурап алуы керек. Дене бітімінің эстетикасы жаман әдеттерді болдырмайды: бір аяғын екіншісіне қоя білу, орындықтың арқасына сүйенуі, бөтен нәрселерді қолында айналдырып тұруы, басын қасуы, т.б.

Педагогтың **жесті** қолының қалт еткен лақтыру қимылы және ашық бұрыштарыңыз шектеулі және ұстай алуы мүмкін.

Қарым-қатынас белсенді болуы үшін сенімділіктің тиімділігін құруға көмектесетін ашық дене құрылысы, қолдарын айқастырмау, аудиторияға бетімен қарап тұру, ара қашықтықты азайту керек. Сыныпта жан-жаққа емес ілгері және кейін қозғалуы ұсынады. Ілгері жасалған қадам хабарлаудың мәнін күшейтеді, аудиторияның назарын аударуға көмектеседі. Кейін шегіне отырып, сөйлеуші тыңдаушыларына дем алуларына көмек береді.

Эмоционалды көңіл-күйін басқару өзін-өзі реттеу тәсілдерін (жақсылық тілеуге тәрбиелеу және оңтайлылық; өз тәртібін бақылау, яғни, бұлшық ет қимылдарын реттеу, қозғалыс темпі, сөзі, тыныс алу; өзін-өзі сендіру) меңгеруді болжайды.



Сөйлеу техникасы. Мұғалімнің сөзін қабылдау және түсіну оқыту процесінің күрделілігін қамтамасыз етеді, барлық оқыту уақытының шамамен $\frac{1}{4}$ - $\frac{1}{2}$ - не сәйкес келеді. Сондықтан, оқушылардың оқу материалын дұрыс қабылдау процесі мұғалімнің сөзін жүзеге асыруға байланысты.

И.Р.Калмыкова сөздің қаншалықты қызықты және танымды болуына қарамастан, егер сөйлеп тұрған адам үзік-үзік әлсіз, қырылдаған дауыспен сөйлесе, тыңдаушыларына жетпеуші еді. Сөйлеп тұрған кезде дауыс сөйлемнің маңызы, сыртқы келбеті, шешендік манерасы, т.б. маңызды болып табылады. Дауыстың көмегімен өзінің хабарларын аудиторияға жеткізе алмас еді. Адамның даусы – көпшілікке әсер етудің алып құралы. Өзінің әдемі, сынғырлаған дауысымен алғашқы минуттынан бастап-ақ тыңдаушылардың назарын өзіне қаратып алады, олардың сеніміне ие болады. Сонымен қатар, дауыс адамның кәсіби мәнсабына септігін тигізе алады, кедергі де жасай алады.

Дауыс адамның ойы мен сезімін бейнелеуге септігін тигізеді. Педагогикалық іс-әрекетінде дәріс, баяндама, өлең мен проза оқу арқылы айшықты және қарапайым сөйлеуі маңызды; кез-келген жағдаяттарда әрбір сөйлейтін сөзінді, сөйлемінді ойластырып, мәнді сөздер мен өрнектерге акцент жасау арқылы дауыстың екілі мен күшін меңгереді. Дауыс — педагогтың мәнді ауызша сөйлеудің негізгі құралы. П.Сопердің пікірінше, «адамдардың қарым-қатынасына әсер ететін фонационандық (дыбыстық) даму ерекшелігі сөздік тыныс алуларына септігін тигізеді. Бұл, алдымен, педагогтың сөйлеуіне эстетикалық және эмоционалды реңк береді.

Сөйлеу техникасын игеру дегеніміз сөйлеу, тыныс алу, дауысты меңгеру; жақсы дикция мен орфоэпикалық дұрыс сөйлей алу. Педагогқа әрдайым дикциясымен, тыныс алуы және дауысымен жұмыс істеуі қажет.

Тыныс алу ағзаның өміршеңдігін, физиологиялық функцияларын қамтамасыз етеді. Бір уақытта сөйлеу базасының энергетикалық күйі де бола алады. Тыныс алу арқылы сөйлеу фонационанды (грек сөзінен аударғанда — дыбыс) деп аталады. Күнделікті өмірде тыныс алу қиындық туғызбайды. Фонационандық тыныс алудың физиологиялықтан айырмашылығы қарапайым тыныс алудың кірісі мен шығысы танау арқылы жүзеге асады. Олар уақыт

бойынша қысқа және тен. Қарапайым физиологиялық тыныс алудың тізбектілігі – кіріс, шығыс, пауза. Сөйлеу үшін қарапайым физиологиялық тыныс алу жетіспейді. Сөз бен оқу ауаның көпшілігін, оның үнемді қалпына келтіруді талап етеді. Басқа және тізбекті тыныс алу. Қысқа дем алудан кейін – пауза, сонынан ұзақ дыбыстық тыныс алу.

Тыныс алуды дамытуға бағытталған арнайы жаттығулар да кездеседі. Тыныс алу жаттығуының мақсаты – ауаның максималды мөлшерінсіміру ғана емес, сонымен қатар ауаны рационалды шығындап үйрену. Дыбыс дем сыртқа шыққанда естілетіндіктен, оны ұйымдастыру толық, белгісіз, тыныш болуы керек.



Дикция — сөйлеу ағзаларының дұрыс жұмысын қамтамасыз ететін дыбыстардың дұрыс және нақты естілуін айтамыз. Артикуляциялық аппарат артық күш түсірмей белсенді жұмыс істеуі қажет. Барлық дыбыстар мен қосылыстарды кез-келген темпте нақты, жеңіл және еркін айту міндетті.

Барлық сөздер мен дауыстардың дикциялық бұзылулары артикуляциялық аппараттың (ерін, тіл, иек) әлсіздігі мен нақты емес дауыссыз айтылғандармен («ауызында ботқа») байланысты органикалық (оны түзетумен логопедтер шұғылданады) және органикалық емес (олар жаттығулар арқылы түзетулерге көнеді) болып бөлінеді.

Оқытушылар арасында дұрыс қалыптасқан табиғаттың берген дауысы бар адамдар де кездеседі. Бұндай адамдар көп емес. Дегенмен, жақсы қойылған дауыстың өзі арнайы жаттығуларсыз жыл өткен сайын ескіре бастайды.

Дауысты жаттықтыруға жаңылтпаштар мен жаттығулар көмектеседі, олардың мақсаты — дыбыстарды айтып үйренудің айшықтығы мен дұрыстығын қалпына келтіру, артикуляциялық аппаратты белсендендіру.



Педагогтың дауыс гигиенасы. Арнайы зерттеулер «дауысты мамандықтар» иелерінің көбі дауыстық аппарат ауруына ұшырайтындығын көрсетеді. Дауыстық аппаратқа шамадан көп салмақ түсіру дауыстың бұзылуына әкеліп соғады, себебі, 50 % -ға жуық жұмыс уақытының көбін, әсіресе, сабақ барысында, педагог әдеттегіден қатты және көп сөйлейді.

Әрбір адам күшті, айшықты, дыбысты болып туады. Өзінің дауысымен жұмыс істей отырып, ең алдымен, оны шамадан тыс күштің түсуінен сақтауы қажет. Дауыс пен дененің арасында терең байланыс болады, сондықтан дауыспен жұмыс істеудің негізінде сөз арқылы қарым-қатынас жатыр. Сондықтан, жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, оқытушыға өзінің тәрбиеленушілерін көруге, естуге және сезінуге септігін тигізетін білім, білік және дағдылар жиынтығын көрсететін педагогикалық техника кәсіби

педагогикалық шеберліктің қажетті компоненті болып табылатындығына көз жеткіздік.

Жоғарыда айтылғандай, біліктіліктің екінші тобына гностикалық, құрылымдық, коммуникативті, ұйымдастырушылық және арнайы біліктіліктер жатады.

Гностикалық білік (грек сөзі. гносис - білім) – педагогтың баланы (оның жас және дара ерекшеліктері, тұлғалық сапалары, әріптестерімен, ересектермен қарым-қатынасы, эмоционалды сәтті көңіл-күйдің дәрежесі және т.б.) және ұжымды (қалыптасу кезеңдері, топтардың «белсенділігі», қоғамдық пікірді тудыру) оқып-үйренуіне көмектесетін біліктер. Баланы оқып-үйрену–оның ішкі әлемін түсінудің негізі. Ол педагогқа ережелер салдарын түсінуге, тәрбиелеу мен оқытуды жүзеге асыру жолдарын көріп-білуге мүмкіндік береді. Оқып-үйрену нысаны отбасы да бола алады. Педагогқа отбасының тәрбиелік мүмкіндіктерін білу міндетті: баланы тәрбиелеуге қатынасы, ата-ананың екеуін де, отбасының басқа мүшелерін де қатыстыру шарасы; отбасылық микроклиматтың ерекшеліктері және т.б.

Педагогқа баланы және оның отбасын танып-білуге мақсатты бақылау, әңгімелесу, ата-аналар әңгімесі (күн тәртібі туралы, үй еңбегі туралы, кітап оқу туралы, т.б.), бірлескен мерекелер, балалардың, педагогтар мен ата-аналардың еңбек іс-әрекеті көмектеседі. Кейбір жағдайда, баланы дамытуда қандай да бір ерекшеліктерін айқындау мақсатында арнайы эксперименталдық жұмыстар ұйымдастырылады.

Гностикалық біліктер білім беру жұмыстарының тәсілдерін алу мақсатында басқа тәрбиешілердің педагогикалық тәжірибелерін (тікелей журнал, кітаптарда бақыланған, жарияланған) оқып-үйренуде қолданылады.

Құрылымдық біліктер педагогқа педагогикалық процесті жобалау, білім беру жұмыстарының болашағын есепке ала отырып, балаларды тәрбиелеу үшін міндетті. Ол үшін балалардың нақты тобы мен әрбір оқушының даму ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбиенің жалпы мақсаты мен міндеттерін модификациялауды талап етеді. Педагог балалардың алуан түрлі біліктерін меңгеру шамаларына қарай олардың іс-әрекетіне өзгерістер мен қиындықтар енгізеді. Ол білім беру процесін материалды қамсыздандыруды жобалайды. Құрылымдық білік жұмысты жобалауда, сабақтың конспектiсін, мерекелердің сценарийін құрастыруда етек алады.

Коммуникативті білік жеке балалармен және барлық топпен, тәрбиеленушілердің ата-аналарымен, жұмыс барысында әріптестерімен, білім беру мекемелері әкімшілігімен педагогикалық қарым-қатынас орнатуда байқалады. Олар әртүрлі жағдайда түрлі адамдармен педагогтың тез ортақ тіл табысуынан байқалады. Бұл біліктер педагогқа өзіне қаратып алу, қайғысына ортақтасуға көмектеседі.

Ұйымдастырушылық білік педагогқа өзінің іс-әрекетіне де, оқушылардың, ата-аналар, әріптестерінің де іс-әрекетіне әсері бар. Егер педагог балалар мен ересектермен қарым-қатынас жасай алмаса, тіпті жақсы

калыптасқаны да, ұйымдастырушылық білік те қажетті нәтижеге жете алмайды.



Педагогтың арнайы білігі—ән айта алуы, билей алуы, айшықты әңгімелесу, өлең оқи алу, іс тігу, тоқыма тоқу, өсімдік егу, т.б. Педагогтың бойындағы арнайы білік неғұрлым көп боған сайын, білім беру мекемелерінде балалардың өмірі соғұрлым қызығырақ және мәндірек болады. Көп білетін педагогтың тәрбиеленушілер алдында беделі жоғары болады. Тәрбиеленушілер ұстаздарына еліктегісі келеді, көп нәрсені үйренгісі келеді. Педагогтың арнайы біліктіліктерінің қатарына шығармашылық, еліктеушілік те жатады.

А.И.Щербаков және А.В.Мудрик педагогикалық білікті төмендегідей үш түрлі негізге жіктейді:

1) педагогқа белгілі білімдерді, шешімдердің нұсқасын, тәрбие мен оқытудың тәсілдерін жаңа педагогикалық жағдаяттар жағыдайында басынан өткізу;

2) әрбір педагогикалық жағдаяттар үшін жаңа шешімдер табу біліктілігі;

3) педагогикалық білім және идеялардың жаңа элементтерін құру және нақты педагогикалық жағдаяттарды шешудің жаңа тәсілдерін құру біліктілігі.

Сонымен қатар, педагогикалық техниканы игеру үшін педагогта белгілі бір кәсіби білімдерді қалыптастыру қажет, сонымен қатар, кәсіби өсу, педагогикалық шеберлікке септігін тигізетін педагогикалық біліктілікті қалыптастыру және дамыту.

Кәсіби білік пен білім – өмірдегі шынайы білім беру, олар педагогтың кәсіби іс-әрекеті, өзін-өзі дамыту және өзін-өзі тәрбиелеу процесінде пайда болады және дамиды. Сондықтан, кәсіби білім мен педагогикалық білікті дамыту деңгейлері педагог тұлғасына байланысты.

3.К.С.Станиславскийдің педагогикалық жағдаяттар жүйесі.

К.С.Станиславскийдің атақты жүйесі ұстаз дайындаудағы көптеген проблемаларды шешуге мүмкіндіктер туғызады. Станиславскийдің жүйесі – әртіспен жұмыс істеудің әмбебап әдістері – педагогқа үлкен мүмкіндік береді. Себебі, бұл жан-жақты гармониялық, адамгершілік және кәсіби тәрбиенің әдісі. К.С.Станиславскийдің әдісі техникалық тәсілдер мен канондардың біріккен ережелері болып табылады. Жүйенің басты мақсаты – әртістің шығармашылық қабілеттерін неғұрлым терең және еркін ашылуына жағдайлар жасау. Бұл шарттар педагогқа да қажетті. Олар ұстазға тәуелсіз шамадан тыс күш-жігерден арылуына септігін тигізеді.

К.С.Станиславский жүйесінің бірінші және басты қағидасы реалды өнердің негізгі ұстанымы – *өмірлік шындық* - болып табылады. Сахнада жуық та, жалған да, өтірік те ештеңені жібермеуі керек.

К.С.Станиславский мектебінің екінші маңызды қағидасы – аса міндеттілік туралы білім. Аса міндеттілік дегеніміз, суретшінің адамдардың

санасына өзінің идеясын ендіруі, Аса міндеттілік – суретшінің ең маңызды, ең қымбат тілегі, оның идеялық белсенділігін көрсету. Аса міндеттілікті есте сақтай отырып, оның кампосын пайдалана отырып, суретші материалды таңдауда да, техникалық тәсілерін таңдауда да қателеспейді.

Педагогикалық шығармашылықтың түрлі кезеңіне қатысты аса міндеттіліктің алуан түрлерінің ішінен төмендегідей үш түрін бөліп көрсетуге болады:

1. Педагогтың іс-әрекетке деген қарым-қатынас мен азаматтық көрегендігін түсінуді бейнелейтін жалпы міндеттілік.

2. Кезеңдік міндеттілік: жеке сабақтардың міндеттілігі, тұтас курстың, т.б.

3. Іс-әрекеттің түрлі жағдайлары мен шарттарында пайда болатын жағдаяттық міндеттілік (қараңыз: Кан-Калик В.А. Учителю о педагогическом общении. – С. 94).

К.С.Станиславский жүйесінің үшінші қағидасы – барлық практикалық бөлімін түсіндіретін *белсенділік қағидасы* мен әрекет. Бұл қағиданы түсінбеген бүкіл жүйені түсінбейді. Әрекет – белгілі мақсатқа бағытталған адам тәртібінің еріктілік акты. Әрекетте дене және психикалық бірлік көрнекі байқалады. Театр – көрнекі, жанды, нақты әрекетте адам өмірін бейнелейтін өнер. Педагог тұлғасы әрекетте көрінеді және негізделген, мақсатты, өнімді болуы керек. Ұстаз – жасаушы, тудырушы. Шығармашылық оқушыларға тікелей эмоционалды әсер етуде жанды адами сөзде және адами қозғалыста көрінеді.

«Педагогикалық жағдаят» ұғымы педагогикалық процестің қарапайым «бөлшегі» ретінде қолданылады. Профессор Н.Д.Хмельдің пікірі бойынша: «...педагогикалық жағдаяттар болмысқа тән алуан түрлілікті білдіреді. Бір қарағанда, жағдаяттарды бірін екіншісінен ажырататын уақыты, орны, себебі, түрткісі, пайда болу шарттары, қатысушылардың әлеуметтік, жас және психофизиологиялық ерекшеліктері, іс-әрекет мазмұны мен амалдары, қарым-қатынас сипаты⁸».

Әрбір педагогикалық жағдаяттарды шешуде студент іс-әрекет тәсілдерін ажыратуға талпыныс жасауы керек, себебі кәсіптік тәжірибе жинақтау үшін оны ажырата білудің мәні зор. Әрине, бұл тәжірибе студенттерге жеткіліксіз, сондықтан іс-әрекеттің тәсілдерін меңгеру оқытушының көмегімен жүзеге асырылады.

Әрбір жағдаяттардың соңында ұсынылған сұрақтар болашақ мұғалімдердің педагогикалық ойлауын дамытуға, түсініктер мен ережелерді меңгертуге арналған. Егер студенттер оның мәні мен заңдылықтарын айқын әрі жеткілікті ұғына білсе, онда практикалық іс-әрекет нәтижелі іске асады. Педагогикалық жағдаяттарды зерттеу және талдау барысында студент оқытушы ролінде педагогикалық процесті құруға, моделдеуге ұмтылады. Нақты педагогикалық жағдаяттарда іс-әрекеттің мақсатын, міндеттерін, мазмұнын, түрлерін, әрекеттерін, тәсілдерін айқындайды, нәтижелерді болжайды.

⁸Н.Д.Хмель. Біртұтас педагогикалық процесс негіздері. – Алматы, 1998. – 73 б.

ПЕДАГОГТЫҢ СӨЗІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІКТІҢ ШАРТЫ РЕТІНДЕ

Жоспар:

1. Педагогикалық қарым-қатынас туралы түсінік. Педагогикалық қарым-қатынас кезеңдері.

2. Педагогикалық такт. Такт және тактика. Педагогикалық тактты игеру шарттары.

1. Педагогикалық қарым-қатынас туралы түсінік. Педагогикалық қарым-қатынас кезеңдері. Педагогикалық психология саласындағы зерттеулердің бірқатары кәсіби-педагогикалық қарым-қатынас аймағындағы қиындықтар оқытушылардың ғылыми және әдіснамалық дайындықтағы қателіктермен сәйкес екендігін көрсетеді.



Педагогикалық қарым-қатынас – өзіндік ерекшеліктері бар және коммуникативті, интерактивті және перцептивті компоненттерден тұратын ортақ психологиялық заңдылықтарды бағындыратын қарым-қатынастың түрі.



Педагогикалық қарым-қатынас – тәрбие мен оқытудың мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыруды қамтамасыз ететін, педагог пен оқушылардың өзара әсерін айқындайтын әдістер мен тәсілдердің жиынтығы.

Оқу процесінде адами қарым-қатынастар субъект-субъектілік негізде құрылуы тиіс. Сонда екі жақта тұлға ретінде де, қарым-қатынас процесіне тең құқылы қатысушылар ретінде де қарым-қатынас жасалады. Осы шарттар сақталғанда ғана «оқытушы – студент» ретіндегі роль аралық байланыс емес, қарым-қатынастың бір мүшесінің екіншісіне әсер ету негізіндегі диалог ретінде құрылатын тұлға аралық байланыс орнатылады. Қарым-қатынасқа қатысушылардың әр қайсының танымдық, эмоционалдық, тәртіптік аймағында жағымды өзгерістер үшін оңтайлы база құрылады. Осыған орай, роль аралық қарым-қатынасты алмастыру қарым-қатынас жасаудың оқытудағы формализмнен догматизмге өтуге септігін тигізеді.

Педагогикалық іс-әрекеттің негізгі формалары қарым-қатынас жағдайында өтеді. Қарым-қатынас мазмұны ақпарат алмасуды құрайды, дегенмен мұнымен қарым-қатынас жоғалмайды. Қарым-қатынастың маңызды жағы бір адамның бет-бейнесін біріккен іс-әрекет арқылы екіншісіне жапсыруға ұмтылу болып табылады. Бұл *тұлғалық қарым-қатынас*. Қарым-қатынас жасаушы адамдар өздерінің тұрмысымен бөлісуге, екі жақты да толғандыратын қандай да бір жағдайларды талдауға ұмтылады. Бұл оқытушы мен студенттің біріккен іс-әрекетінің *–тұлғалық өзара әсер*

- дәрістің психологиялық негізін жасау;
- ұжымдық ізденістер мен біріккен ойдың негізін құру;
- студенттердің танымдық іс-әрекетін басқару;
- іскерлік және тұлғалық аспектілердің тұтастығы;
- педагог пен студенттердің қарым-қатынастарындағы тұтастық, педагогикалық мақсаттылық жүйесі.

4. Жүзеге асырылған қарым-қатынас жүйесін талдау және болашақтағы іс-әрекетінде қарым-қатынасты үлгілеу.

2. Педагогикалық такт. Такт және тактика. С.И.Ожеговтың орыс тілі сөздігінде такт өзін дұрыс ұстау, мәдениетті сөйлеу біліктерін құрушы өлшемнің сезімі ретінде анықталады.

Б.М.Бим-Бадтың құрастыруымен ұйымдастырылған педагогикалық энциклопедияда педагогикалық такт педагог балалармен қарым-қатынасында сақталатын, педагогикалық шеберлік, тәжірибе, мәдениет деңгейі және тұлғалық қасиеттермен анықталатын өлшемдер қағидасы деп түсіндіріледі.

Мұғалім мен оқушының қарым-қатынасының тиімділігі педагогикалық такттың сақталуына байланысты.



Педагогикалық такт (лат. *tactus* – жанасу) – педагогикалық байланысу құралдарын таңдаудағы сезім өлшемі, әр нақты жағдайда шектен шықпай, тиімді тәрбиелік ықпалды пайдалана білу. Педагогикалық такт баланың жеке басын құрметтей отырып, оған шамасы келетін белгілі талап қоюды білдіреді.



Түсіндірмелі сөздікте: такт – сезім өлшемі, біреуге немесе бір нәрсеге дұрыс қарау, өзін-өзі ұстай білу деп түсіндіріледі.



Энциклопедияда: *«Такт педагогический – это соблюдение педагогом принципа меры в общении с детьми в самых разнообразных сферах деятельности, умение выбрать правильный подход к ученику»* делінген.

Олай болса, педагогикалық такттың негізгі сипаттамаларын былай беруге болады:

- 1) мұғалімнің кәсіби тәртібінің өлшемі, оның қызметінің өлшемі;
- 2) педагог - тәрбиеленуші, педагог – ұжым қарым-қатынасының дұрыс құрушы;
- 3) әсер ету мен өзара әрекеттесудің әдістерін, түрлерін, құралдарын таңдай білу және пайдалану.

ету. Бұл жағдайда қарым-қатынас оқу-тәрбие міндеттерін шешудің маңызды құралы болып табылады.



Қарым-қатынас төмендегідей төрт аспектілерде көрініс табады:

- оқу тапсырмаларын шешу құралы ретінде;
- тәрбие процесін әлеуметтік-психологиялық қамтамасыз ету жүйесі ретінде;
- оқытушы мен студенттердің өзара қарым-қатынасын ұйымдастыру тәсілі ретінде;
- тұлға мен шығармашылық даралықты тәрбиелеу процесі ретінде.

Сонымен, жоғары оқу орнының оқытушысы қарым-қатынас процесінің инициаторы мен жетекшісі ретінде көрінеді: оның мәні – педагог пен студенттік ұжымның өзара әсерінің жүйесі, тәсілі мен дағдысы; мазмұны – педагог тұлғасының білім бершілермен ақпарат алмасуы, оқу-тәрбиелік өзара әсер, өзара қарым-қатынасты ұйымдастыру.

Оқу процесінде коммуникация мәселелерін зерттеу оқытушының шығармашылық жұмыспен шектеулі байланысы бар педагогикалық қарым-қатынастың төмендегідей түрлерін бөліп көрсетуге мүмкіндік береді.



Педагогикалық қарым-қатынас кезеңдері:

1. Прогностикалық кезең: педагогтың топпен қарым-қатынасын үлгілеу және педагогикалық іс-әрекетке дайындық процесінде болашақ кәсібінің коммуникативтік құрылымын жоспарлау жүзеге асырылады:

- педагогикалық мақсат пен міндеттерге;
- аудиториядағы жалпы педагогикалық және адамгершілік-психологиялық жағдайға;
- педагогтың өзінің шығармашылық даралығына;
- студенттердің дара ерекшеліктеріне;
- оқыту мен тәрбиелеудің ұсынылған жүйесіне.

2. Қарым-қатынастың бастапқы кезеңі: аудиториямен, топпен тікелей қарым-қатынас орнату. Бұл кезеңнің маңызды элементтері төмендегідей:

- қарым-қатынастың жоспарланған үлгісін нақтылау;
- болатын қарым-қатынастың шарттары мен құрылымын нақтылау;
- тікелей қарым-қатынастың бастапқы сатысын жүзеге асыру.

3. Дамушы педагогикалық процесте қарым-қатынасты басқару. Дәріске қойылатын дидактикалық және әдістемелік талаптардан басқа, әлеуметтік-психологиялық талаптар да кездеседі:

- ақпараттарды беру үшін топпен психологиялық байланыс құру және оны тұлғалық қабылдау;

Педагогикалық тактта қарым-қатынасқа қатысушы субъектінің адамгершілік-эстетикалық кәсіби ұстанымы сақталады.

Педагогикалық такт тұлғалық қарым-қатынас субъектілерін есепке алуды, педагогтың адамгершілік-әдептік және кәсіби белгілерін сақтауды болжайды.

Мұғалім мен оқушылардың қарым-қатынас процесінде қарым-қатынастың екі эмоционалды полюсін жіктейді. Нақты тәрбиелік тиімділік педагогқа жағымды эмоцияларда құрылатын қарым-қатынасты орнатуға септігін тигізеді. Жағымсыз эмоционалды көңіл-күй әрекеттің соңғы мақсаты ретінде ғана емес, жағымды эмоционалды тиімділікке жету үшін жеңуге болатын ситуативті құрал ретінде туындайды. Тәжірибе көрсеткендей, педагогикалық такттың саны мұғалімге жағымды эмоция арқылы құрылатын қарым-қатынас жасауға көмектеседі.

Педагогикалық такттың мәнін ашу күрделілігі «такт» түсінігімен салыстырғанда арнайы қарастырылады.



«Такт» түсінігі «тигізу, сүйену» деген ұғымды білдіреді. Адамдардың қарым-қатынасын реттеуге көмектесетін адамгершілік категория. Ізгілік қағидасын негізге ала отырып, тактикалық ереже адамды сыйлауды талап етеді. Тактикалы болу — әрбір адамға қойылатын адамгершілік талаптар, әсіресе, дамушы тұлғамен қарым-қатынас жасайтын педагогтарға қойылады.



Педагогикалық такт — педагогтың кәсіби қасиеттері, шеберлігінің бір бөлігі. Педагогикалық такт жалпы «такт» ұғымынан мұғалімнің тұлғалық сапаларымен ғана емес, сонымен қатар, оқушыларға дұрыс қарым-қатынас жасай білу біліктілігімен ажыратылады.

И.В.Страхов оқу-тәрбиелік жұмыстың табыстылығы педагогикалық тактқа байланысты деп тұжырымдайды.



Педагогикалық такттың төмендегідей негізгі белгілерін ажыратып көрсетеді:

- табиғилық, қатынастың қарапайымдылығы;
- өтіріктен тазартылған сөздің шынайылығы;
- мектеп оқушысына сенім арту;
- жалынбай өтініш жасау;
- кеңестер мен нұсқаулар;
- тәрбиешінің өз бетінділігінсіз талап қою және сендіру;
- қарым-қатынастың жүгенсіздігінен болатын дауыстың ырғақтығы;
- намысқа тиетін күлкісіз езу тартушылық;

- талап қоя білушілік;
- суық, құрғақ қатынасыз қарым-қатынастағы іскерлік;
- талапты негізсіз тоқтатудың тәрбиелік әсерін жүзеге асырудағы қаттылық пен тізбектілік;
- өз бетінділікті дамыту;
- қате шешім қабылдамай тұрып, тәрбиелік әсердің шапшандығы;
- бақылауды күшейте отырып, оқушыға ерекше назар аудару;
- қарым-қатынастағы тепе-теңдік;
- дидактизм мен моралсыз оқушылармен әңгіме жүргізу.

Педагогикалық такттың маңызды белгісі — қарым-қатынас процесінде педагогтар мен оқушылар арасындағы өлшемдерді табу.

Сонымен, педагогикалық такт мұғалімнің тепе-теңдік жағдайын, өзін-өзі ұстай білу ережелерімен көрінеді. Ол, А.С.Макаренконың пікірінше, оқушыға деген сенімін, «оптимистік болжаумен» байланысын болжайды. Оқушылардың мүмкіндіктерін пессимизммен бағалайтын мұғалімнің тактысы жоқ. Мұғалімнің сенімі ғана оқушылармен жұмыста стимул бола алады. Ол үшін оқушы өзінің күш-жігерінен, өзінің жетістіктерінен қуаныш сезе алуы, арнайы тәсілдерге жүгінуі керек. Сенім шынайы болса, мұғалім мен оқушылар арасындағы бақылау нақты істермен бекітіледі. Дегенмен, бақылау сенімсіздік тудырмауы қажет.

Жақсы көру мен нақтылық, сенім мен бақылау, қалжың мен қаттылық, тәртібі мен тәрбиелік әсерінің икемділіктердің оңтайлы қосылысы — педагогтың сезім өлшемінің нақты көріністері. Педагогтың тактысы тұлғалық ерекшеліктерін сақтаумен, балалардың, ата-аналардың, әріптестердің намысына тиеумен көрінеді. Тәрбиелік процеске талап қоюшылықты төмендетпей тактылы педагог жақсылықты қолдаушы, жылылықты, өз күші мен мүмкіндіктеріне сенім арту қарым-қатынасынан көрініс табады. Педагогикалық такт тактысыздықтан қарым-қатынастың табиғилығымен, қарапайымдылығымен ерекшеленеді. Педагогикалық тактысыздықтың белгілері балаларға формалды қарым-қатынасы (өзін-өзі ұстай алмауы, көңілге кірбің түсіру, эмоционалды тұрақсыздық) болып табылады.

Сабақ барысындағы педагогикалық такт.

Мұғалімнің тактысы сабақтың барлық кезеңінде қажет. Оған оқушылардың білімін тексеру және бағалау кезінде ерекше назар аударуды қажет етеді. Бұл жерде такт оқушыны тыңдай білу біліктілігімен бейнеленеді: жауаптың мазмұны мен түріне түпкілікті қызығушылығының болуы; оқушыда қиындықтар туған кезде сенімділігін көрсетуі. Барлық оқушылар көңіл қойып тыңдай алатын, сенім артатын, қарым-қатынасқа түсе алатын педагогқа еркін жауап бере алады. Жауап беру барысында көзінің қарасымен, жеңіл жымып, басын изеп қолдап отыруы да маңызды.

Баға жою сатысы да маңызды. Педагогикалық бағалау психологиясындағы қызықты зерттеулерді Б.Г.Ананьев жүргізе отырып, мектеп оқушыларының әлсіз жауаптарын бағалай алмау олардың түсінбеген

тұстарын қайталап сұрай алмауы немесе қайталанған сұрақтар кезінде үндемеуінен болатындығын ескертеді. Және бірнеше ай қатарынан мұғалімнің сұрақтарын түсіне алмауына әкеліп соғады. Автор бағалау формасының жағымсыз жағынан жағымды тұстарын да, бағыттаушы персептивалық сипаттын да көруге болатындығын дәлелдейді.

Өздік жұмыс мұғалімнен бақылауды сеніммен байланыстыруға септігін тигізеді. Тактылы педагогқа әрбір оқушының қадамын бақылай отырып, әрдайым ізінен қалмау қажет емес. Өйткені, оқушыға деген қарым-қатынасы сенімді негізде болады.

Педагогикалық такт тәрбиелік құралдарды пайдалану кезінде көрінеді. Мұғалімнің әдістері мен тәсілдері оңтайлы, сәтті және сенімді түрде қолданылады. Шектен тыс әрекет кері реакцияға әкеліп соғады: шектен тыс талап қоюшылық – тыңдамауға, шектен тыс көңіл бөлу – қаталдыққа. Сондықтан, педагогикалық такт – мұғалімнің оқушыға педагогикалық мақсатқа сай әсер ету өлшемі, қарым-қатынастың өнімді стилін орнату біліктілігі. Педагогикалық такт мектеп оқушыларымен қарым-қатынастағы шектеусіздікті болдырмайды. К.Д.Ушинский оқушының жұмысын сипаттай отырып, былай деп жазған: «Мектепте қалжыңды болдыратын, бірақ барлық істі қалжынға айналдыруға жол бермейтін қаталдық, әділеттілік ешбір күштеусіз, ақылдылық әлсіздіксіз, тәртіп педантизмсіз, ең бастысы, әрқашанғы саналы әрекет болуы керек»⁹.

Педагогикалық такт шеберлікпен қоса туады және тәрбиеленеді. Ол – педагогтың балалармен қарым-қатынас біліктілігін және арнайы білімдерді туғызу бойынша жұмысының нәтижесі. Бәрінен бұрын, балалардың жас және дара ерекшеліктері психологиясы саласындағы білімдер.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК НЕГІЗДЕРІ 12 ЖЫЛДЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ШАРТТАРЫ РЕТІНДЕ

Жоспары:

1. 12 жылдық мектептегі психологиялық қызметтің маңызы.
2. 12 жылдық білім берудегі түйінді құзыреттілік түрлері мен ерекшеліктері.

12 жылдық мектептегі психологиялық қызметтің маңызы. Қазіргі таңда әр қоғам мүшесінің назарынан тыс қалмайтын көкейтесті мәселенің бірі – жалпы білім берудегі 12 жылдық оқуға өту болып табылады. Елімізде жүргізіліп жатқан білім саясаты әлемдік білім кеңістігімен ықпалдасуға бағдарланған. Әлемдік білім кеңістігінен жалпы білім берудің басымдылық мақсаты – өзгермелі білім жағдайына тез бейімделетін өз жолын дұрыс таңдай білетін, оң шешім қабылдай алатын тұлғаны даярлау.

⁹Ушинский К.Д. Педагогические сочинения. – М., 1948. – Т.2. – 500 с.

12 жылдық мектепке көшу жағдайында мектептегі психологиялық қызметтің маңызы зор. Психологиялық қызметтің мақсаты – бала дамуының әр кезеңдегі жан-дүниесінің ерекшеліктерін анықтап алып, олардың өз-өзіне, қоршаған ортаға деген көзқарасының, қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасуына жетекшілік жасау. Бұл мақсат келесі міндеттер арқылы нақтыланады.



Психологиялық қызметтің міндеттері :

- психологиялық және әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан қиындық көріп жүрген балалардың проблемаларын анықтап, оларға дер кезінде көмек көрсету;

- оқушыларды мектеп табалдырығын аттаған күннен бастап оны бітіргенше жетелеп, сүйеніш болып жүру;

- проблемасы бар балаларды жан-жақты зерттеп, оны туғызған себебін анықтау және түзету - дамыту жұмыстарын жүргізу;

- проблемасы бар балалардың психологиялық қасиеттерін өңдеу үшін психологиялық тренингтер ұйымдастыру;

- оқу-тәрбие жұмысына ғылыми жетекшілік жасап, әр оқушының, ата-аналардың психологиялық-педагогикалық білімін жетілдіру және біліктілігін арттыру жұмысын ұйымдастыру.

Осы анықталған міндеттерді орындау, өмір барысында туған шиеленіс жағдайларды дұрыс шешу үшін психологтар әр адамға сүйеніш болып, бағыт-бағдар беріп отыруы қажет.



Мектеп психологының жұмыс жоспары төмендегі бағыттар бойынша ұйымдастырылады.

- Психологиялық диагностика
- Психологиялық профилактика (алдын-алу)
- Психологиялық түзету, дамыту
- Психологиялық кеңес беру
- Психологиялық білім көтеру

Мектептегі психологқа қойылатын талап өте көп және жоғары, оны орындау психолог шеберлігіне, біліктілігіне, шығармашылық ізденістеріне байланысты.



Психологиялық тренинг (немесе әлеуметтік психологиялық тренинг) отбасылық қарым-қатынастардағы түзету тәжірибесінде, жасөспірімдерді бейімдеуде, мінез-құлықты түзетуде, адамның өзіне қарап сынмен түзетілуінде, т.б. жағдайларда өзін жақсы жағынан

көрсетті.Нақты және зертханалық эксперименттердің бөліктерін өзіне біріктіре отырып, қарым-қатынас біліктілігінің салсында кең көлемдегі міндеттерді шешетін тренингтер психологиялық ықпалдың тиімді құралы болып табылады.



Тренингтердің мақсаты:

- Өзін-өзі тану, түсіну, тұлғалық даму тәсілдерін таба білу;
 - Ойдың икемділігін, тапқырлығын талап ету, өзгешелігін дамыту;
 - Ойлаудың дәлдігі мен жылдамдығын жаттықтыру;
 - Қиялды, шығармашылық қабілетті дамыту;
 - Өзінің және өзгенің даралығын бағалау, өзін-өзі құрметтеу;
 - Коммуникативтік дағдыны дамыту, қарым-қатынастың түрлі әдіс-тәсілдерін меңгерту:
 - Өзі, өз құқығы мен міндеттері туралы ойларын дамыту;
 - Көңіл-күйді көтеру, сезім мен эмоцияны реттеу
- Бүгінгі топта әрекет ету қабілеттілігі қажетті кәсіби және жеке қасиеттердің бірі болып табылады

2. 12 жылдық білім берудегі түйінді құзыреттіліктің түрлері мен ерекшеліктері. Білім реформалары қазір әлемнің көптеген дамыған елдерінде жүріп жатыр. Оларда бейімдік оқыту мәселесіне көп көңіл бөлінеді. 12 жылдық мектеп жағдайында бейімді оқыту мәселесін дұрыс шешуге мүмкіндік бар.

Бейімді (міндетті) оқу бағдарламалары шығармашылық (тереңдетіп оқыту) және қолданбалы деңгейлерде болуы мүмкін.



Жалпы білім берудің басты мақсаты – әлемдік білім беру стандарттарына сәйкес келетін білім берудің жоғарғы сапасын қамтамасыз ету, өзін-өзі тәрбиелеуге, өздігінен білім алуға, өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі тануға және кәсіптік білім беру бағдарламаларын меңгеруге дайын, жеке және қоғамдық мүдделерін үйлестіре білетін жан-жақты мәдениетті, шығармашылық тұлғаны қалыптастыру.

Жалпы білім берудің міндеттері мына төмендегідей:

- негізгі және қосымша жалпы білім беру бағдарламаларын меңгеруге және білім алуды жалғастыруға қажетті жағдайлар жасау;
- даралықты дамытуға жағдай жасау арқылы жеке тұлғаның интеллектін байыту;
- азаматтық пен патриотизмге, өз Отанын сүйуге, халықтық дәстүрлерді құрметтеуге, Ата заңына және қоғамға қарсылықтың кез келген көріністеріне төзбеушілікке тәрбиелеу;

- республиканың қоғамдық-саяси экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттіліктерін, тұлғаның өзінің құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

- әлемдік және отандық мәдениеттің жетістіктеріне бой ұру;

- қазақ халқының және республиканың басқа да халықтарының тарихын, салттары мен дәстүрлерін зерделеу, мемлекеттік, орыс, шетел тілдерін меңгеру;

- оқыту, білімді ақпараттандыру технологияларын және халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығуды қамтамасыз ету.



Білім беруді дамытудың негізгі бағыттары:

- оқыту 6 жастан басталатын әрі жоғары саты оқушыларын бейінді және кәсіпке бағытталған жүйеде оқытатын 12 жылдық жалпы орта білімге көшу;

- орта білімнен кейінгі кәсіптік білім берудің жаңа деңгейін құру;

- академиялық кредиттер жүйесіне негізделген кәсіби кадрларды даярлаудың үш сатылық жүйесін: бакалавриат-магистратура-докторантура (Ph.D) құру;

- білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесін құру.

Орта білім беру сатылары:

- I саты – жалпы бастауыш білім беру, оқу ұзақтығы – 4 жыл.

- II саты – негізгі жалпы білім беру, оқу ұзақтығы – 6 жыл.

- III саты – жалпы орта білім беру, бейінді оқыту, техникалық және кәсіптік білім беру, оқу ұзақтығы – 2 жыл.

Орта білім беру жүйесіндегі әлемдік дамудың негізгі үрдістері:

- адамзаттың жалпы білім деңгейінің өсуіне байланысты, үздіксіз білім беру жүйесінің қалыптасуы және жалпы орта білім беру мерзімінің ұзаруы;

- білім беру философиясы мен әдіснамасы жаңаруының ғаламдық тенденцияларының айқындалуы негізінде, білім беру мазмұнын жетілдіру, білім беруді басқарудың тиімді тәсілдерін іздестіру және т.б. жұмыстардың жүзеге асырылуы;

- қазіргі уақытта педагогика ғылымының, адамзат қажеттілігіне жауап беретін, қоғамның даму мен оны өзгертудің әлеуметтік рөліне сәйкес келетін білім беру мақсаттарына баса назар аударуы;

- оқытудың дәстүрлі стилінен бас тарту және оқушылардың танымдық белсенділігі мен өзіндік ойлауын қамтамасыз ететін дамытушы, сындарлы білім беру моделіне көшудің әлемдік білім берудің стратегиялық бағыттарының бірі ретінде қабылдануы.



12 жылдық мектептің мақсаты неде? Өзгермелі даму үстіндегі ортада өмір сүруге бейім, өз мүдесі үшін де, қоғамдық мүде үшін де

өзін өзі толық жұмылдыра алатын, білімді, шығармашыл, құзіретті жәнебәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру және дамыту.



Бұл мақсатты қалай жүзеге асыруға болады? Білім беруге бағдарланған оқыту жүйесінен, білім беруді әлеуметтендіру мен оқушылардың проблемаларды шешу, ақпараттық және коммуникативтік (іс-әрекет) құзіреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған, яғни нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесіне көшу қажет.

12 жылдық мектептің негізгі міндеттері:

- оқушының «дайын білімді алушы» ретіндегі пассивті қалпынан оның танымдық процестегі «белсенді субъект» қалпына көшуін қамтамасыз ететін оқытудың рөлін күшейту;

- оқу-тәрбие процесінде оқу пәні құралдарының көмегімен оқушыларда құзыреттіліктерді қалыптастыру;

- жалпы орта білім берудің құрылымы мен мазмұнының оқушылардың психофизиологиялық және жас ерекшеліктеріне, әр білім деңгейіндегі мүмкіндіктері мен қабілеттеріне сәйкес келуі;

- оқытудан күтілетін нәтижелердің әр деңгейлі жүйесін құрудағы және жеке тұлғаның әр білім беру деңгейіндегі дәйекті дамуын көрсететін сабақтастықтың сақталуы;

- мектеп бітірушінің білім деңгейіне сәйкес келетін жеке қасиеттерін құзыреттіліктер түрінде күтілетін нәтиже ретінде болжау;

- оқу-тәрбие процесінде оқушылардың табысты әлеуметтенуін қамтамасыз ету;

- қажетті құзыреттіліктерді меңгерудегі оқушылардың білім жетістіктері деңгейін анықтау негізінде оқушылардың, мектеп пен білім беру жүйесінің даму динамикасының мониторингін жасау.



12 жылдық білім беру мазмұны әрбір білім алушының Стандартпен айқындалған мынадай түйінді құзыреттіліктер түріндегі білім беру нәтижелеріне қол жеткізуіне бағытталған:

- проблемалардың шешімін табу құзыреттілігі;

- ақпараттық құзыреттілік;

- коммуникативтік құзыреттілік.

Проблемалардың шешімін табу құзыреттілігі:

- түрлі жағдайларда проблемаларды анықтауға, жауапты шешім қабылдауға, өз шешімінің нәтижесін бағалауға;

- өз іс-әрекетіне мақсат қоя алуға, оны іске асыруға қажетті жағдайларды анықтауға, оған жету процестерін жоспарлы түрде ұйымдастыруға (яғни, атқарылатын міндетке барабар технологияларды әзірлеуге);

- өзін-өзі бағалауға және өзінің іс- әрекеті мен оның нәтижелеріне баға беруге;
- түрлі жағдайларда өзі үшін қызмет және мінез-құлық нормаларын таңдауына;
- қойылған міндетке сәйкес технологияларды таңдауына мүмкіндік береді.

Ақпараттық құзыреттілік

- сыни тұрғыдан ұғынылған ақпараттар негізінде саналы шешім қабылдауға;
- өз бетінше мақсат қоюға және оны негіздеуге, мақсатқа жету үшін танымдық қызметті жоспарлауға және жүзеге асыруға;
- ақпараттарды өз бетімен табуға, талдауға, іріктеу жасауға, қайта құруға, сақтауға, түрлендіруге және тасымалдауға, оның ішінде қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көмегімен жүзеге асыруға;
- логикалық операцияларды (талдау, жинақтау, жалпылау, құрылымдау, тікелей және жанама дәлелдеу, аналогия бойынша дәлелдеу, моделдеу, ойша эксперименттеу, материалдарды жүйелеу) қолдана отырып, ақпараттарды өңдеуге;
- өзінің оқу қызметін жоспарлау және жүзеге асыру үшін ақпараттарды қолдануға мүмкіндік береді.

Коммуникативтік құзыреттілік:

- нақты өмір жағдайында өзінің міндеттерін шешу үшін қазақ және басқа тілдерде ауызша және жазбаша коммуникациялардың түрлі құралдарын қолдануға;
- коммуникативтік міндеттерді шешуге сәйкес келетін стильдер мен жанрларды таңдауға және қолдануға;
- әдептілік нормаларына сәйкес өзіндік пікірін білдіруге;
- нәтижелі өзара іс-әрекетті, оның ішінде басқа мәдениет өкілдерімен, түрлі көзқарас және әртүрлі бағыттағы адамдармен сұхбат жүргізе отырып, шиеленіскен ахуалдарды шешуді жүзеге асыруға;
- жалпы нәтижеге қол жеткізу үшін түрлі көзқарастағы адамдар тобында қатынас (коммуникация) құруға мүмкіндік береді.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ НЕГІЗГІ ЭЛЕМЕНТІ РЕТІНДЕ

Жоспар:

1. Педагогикалық әдептің пәні мен міндеттері. Педагогикалық әдептің санаттары.

2. Педагогикалық мораль және оның педагог іс-әрекетінде көрінуі.

Педагогикалық әдептің пәні мен міндеттері. Педагогикалық әдептің санаттары. Педагогикалық әдеп - педагогика, психология, философия ғылымдарының түйісуінде туған ғылым. Педагогикалық кәсіптің өзіндік моралі, этикасы, деонтологиясы бар. Деонтология – грек сөзі – парыз, парыздылық туралы ілім. Бұл терминді Бенгам (1834) адамгершілік теориясын тұтас ілім ретінде көрсету үшін енгізген. Ол мораль мен құқықты зерттеген ағылшын ғалымы.



Педагогикалық әдеп - педагогикалық деонтологияның теориялық негізі. Педагогикалық деонтология педагогикалық әдептің жеке мамандыққа тән моралдық ұстанымдары мен нормаларының ерекшеліктерін қарастыратын бөлігі болып табылады. Педагогикалық этиканың жалпы ұстанымдары мен нормаларының мазмұндары өзгеріп, деонтологиялық талаптар, адамгершілік нормалары түрленіп, белгілі бір педагогикалық қызмет аясында практикалық іс-әрекеттің реттеуші ролін атқарады.

Педагогикалық әдеп студенттердің кәсіптік этика салаларының негізгі мәселелерін түсіне білуге жетелейді.

Әдеп адамдардың алдына моралдық талаптар қоятын жағдайлармен байланысты және оны дербес, саналы таңдауға көмектеседі. Мұндай жағдайларды «шығармашылықты, шабытты, қамқоршы болу керек» деген абстрактілік ойлар пайда болмайды. Кәсіби педагогикалық қызметтің айырықша ерекшелігі: педагог қызмет ету барысында оқушыға не жақсы, не жаман, не пайдалы, не зиянды екенін анықтау жауапкершілігін өзіне алады.

Педагогикалық этиканың мәселелері неғұрлым толық оқытушы тұлғасына және оның кәсіби қызметінің сипатына қойылатын моралдық талаптар жүйесін анықтайтын Я.А.Коменский, Ж.Ж.Руссо, И.Г.Песталоцци, А.Дистерверг, Р.Оуэннің педагогикалық көзқарастарында айқындалады.

Орыс прогрессивті қоғамдық-педагогикалық ойлардың этика-педагогикалық идеяларына ерекше назар аудару қажет. Онда екі балама бағыт қатар жүрді:

- либералды-демократиялық (өкілдері Н.И.Пирогов пен К.Д.Ушинский, т.б.);

- революциялық-демократиялық (өкілдері А.И.Радишев, В.Г.Белинский, А.И.Герцен, Н.Г.Чернышевский және Н.А.Добролюбов).

Қоғамдық-педагогикалық қозғалыстағы либеральды-демократиялық бағыттың танымал өкілдері ретінде қазақ ағартушылары Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин және А.Құнанбаевты атауға болады. Олар еңбекші халықтың өмірін ізгілендірудің адамгершілік мұраттарын оларға білім берумен және ағартумен, ары қарай адамгершілікке өзін-өзі жетілдірумен, жеке басын тәрбиелеумен байланыстырған.

Педагогикалық этиканың теориялық негізінің іргетасын калаушылар ретінде ұстаздар Н.К.Крупская, А.В.Луначарский, С.Т.Шацкий, А.С.Макаренко және В.А.Сухомлинскийді атауға болады. Олардың әрқайсысы қоғамдық сананың арнаулы формасы ретінде мораль туралы материалистік ілім негізінде өздерінің, ұстаздың еңбегін бағалаудың адамгершілік өлшемімен, этикалық кредосымен, адамды сүю идеясымен, азаматтылықпен және т.б. педагогикалық этика жүйесін жасады.

Қазіргі кезде оқытушының кәсіби этикасының теориясы мен практикасының мәселелерін ары қарай дамыту жолында жаңашыл-педагог Е.И.Ильин (әдебиет сабақтары - адамгершілік сабақтары), В.Ф.Шаталов, М.П.Щетининнің және адамгершілік педагогикасымен Ш.А.Амонашвилидің, адамгершілікке өте жақын, бірақ уақыттық жана кезеңінде В.А.Сухомлинскийдің, ал Қазақстан Республикасы бойынша – халық ұстазы Құмаш Нұрғалиевтің және т.б. тәжірибелеріне ерекше назар аударылып отыр.

Соңғы жылдары шетелде де кәсіби этика проблемасына деген қызығушылық артып отыр (Б.Кауфман, А.Джералд, В.Уоллер және т.б. (АҚШ); Ж.Троншер, А.Ферре, М.Маршан (Франция); П.Петерс, Р.Буш (Англия); Г.Бауэр, Ф.Шнайдер (ГФР); К.Котарский, И.Козловский (Польша) т.б.).



Педагогикалық әдеп категориялары – кәсіби педагогикалық парыз, педагогикалық әділеттілік, педагогикалық абырой және педагогикалық бедел.

Әділеттілік адамдардың лайықтылығы мен қоғамдық белгілері, ережелері мен мүмкіндіктері арасындағы сәйкестікті сипаттайды; педагогикалық әділеттілік мұғалімнің объективтілігінің өзіндік өлшемі болып табылады, оқушылардың әрекеттерін, оқуға және қоғамдық пайдалы іс-әрекеттеріне деген қатынасы мен адамгершілік тәрбиелік деңгейін сипаттайды (ақ жарқындығы, ұстамдылығы, адамилығы), т.б. Әділеттілік – мұғалімнің адамгершілік қасиеті және оқушыға әсерін өлшеу бағасы. Педагогикалық әділеттіліктің ерекшелігі әрекетті бағалау мен жауапты реакциясын педагог пен оқушының алуан түрлі деңгейдегі адамгершілігімен үйлестіруде көрініс табады. Сонымен қатар, объективтіліктің өлшемдерін анықтау, көбінесе, педагогқа байланысты, жалпы моралдық бағаға жүйкелік өзін-өзі қорғау қырларына әсер етуге ұшырайды.

Кәсіби педагогикалық абырой – педагогикалық әдептің маңызды санаттарының бірі. Бұл түсінікте мұғалім тұлғасына, кәсіби міндеттерді орындауға (қандай да бір еңбек функцияларын жүзеге асыру; оқушылармен, олардың ата-аналарымен, жұмыстағы әріптестерімен өзара қарым-қатынасты дұрыс құру; таңдап алған кәсібіне, оқу және педагогикалық ұжымға, қоғамға өзінің көзқарасын сезіну) қоғамның қоятын талаптары мен моралдарының қосылысы туралы көзқарасты көруге болады. Кәсіби педагогикалық абыройдың негізі өсіп келе жатқан ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудегі

қоғамның объективті және көкейкесті қажеттіліктері болып табылады. Педагогтың кәсіби абыройында өзінің еңбегіне шығармашылық қарым-қатынастың қажеттілігі, өзіне деген ерекше талапшылдық, кәсіби білімдерін толықтыруға және педагогикалық шеберлікті шыңдауға құлшыныс, оқушылар мен олардың ата-аналарына құрметті және талапты қарым-қатынастың қажеттілігі, мектеп өмірінің күрделі коллизиялар мен шиеленістерді шешу біліктілігі бағдарланған.

Педагогикада кәсіби абырой – мұғалімнің өзінің маңыздылығын сезініп қана қоймау, сонымен қатар қоғамдық мойынсыну, моралды қасиеттерін қоғамдық құрметтеу. Педагогикалық мамандықта жеке абырой мен тұлғалық сапаларын жоғары дамыта сезіну мейлінше айшықты көрінеді. Егер педагог мұратына қоғамның қоятын тұлғааралық қарым-қатынас талаптарын мұғалім бұзатын болса, онда кәсіби абыройы мен жетістіктеріне қалай-болса солай қарайды. Мұғалімнің абыройы – шынайы кәсіби абыройын қоғамдық бағалау.



Мұғалімнің педагогикалық беделі – оқушылар мен әріптестер ұжымындағы моралды бедел, пәннің өзіндік формасы. Оның көмегімен беделді және құрметті мұғалім тәрбиеленушілердің тәртібін реттейді, сенімдеріне әсерін тигізеді. Педагогикалық бедел мұғалімнің моралды-этикалық және психологиялық-педагогикалық даярлығына байланысты. Оның деңгейі білімнің тереңдігімен, эрудиция, шеберлік, жұмысқа қарым-қатынасымен анықталады.

Педагогикалық әдептің жеке категорияларының мұндай сипаттамасы В.И.Писаренко және И.Я.Писаренконың «Педагогикалық этика» кітабында берілген.

Оқытушыдан тек адамгершілік қасиеттердің иесі болу ғана емес, оны студенттер алдында әрқашан көрсету қажеттілігі туралы ылғи есте сақтау талап етіледі.

Оқытушы этикасы әдептің намыс пен абырой, ұят пен әділдік, оқытушы мәртебесі мен еңбек тәртібі секілді адамгершілік категорияларын жасайды.

Педагогикалық мораль және оның педагог іс-әрекетінде көрінуі Әдеп – бұл қоғамдық сананың айрықша формасы ретіндегі мораль туралы ғылым, оған адамның барлық қоғамдық және жеке өміріндегі мінез-құлқын реттейтін ұстанымдар, талаптар, нормалар және ережелер жиынтығы, оның қоғамға, өзіне, өзінің міндеттерін орындауға деген көзқарасы, сондай-ақ адамдардың адамгершілік мұраттары мен адамгершілік құндылықтары туралы тарихи негізделген көзқарастары мен ұйғарымдары жатады. Этика пәні – мораль – адамның қоршаған әлемді мейрбандық пен зұлымдық, әділдік пен әділетсіздік критерийлері арқылы құнды және рухани-практикалық игеру тәсілі болып табылады.

Мораль қоғамдық практиканың барлық жағының аспектісі ретінде болады және қоғамдық сананың формалары арасында ерекше орын алады: саяси, құқықтық, эстетикалық, экономикалық, діни және т.б., олар адамның моральдық санасын шындықтан бөлек қарастыруда іс жүзінде болмайды. Моральдың іс-жүзіндегі орны тұлға мен қоғам қарым-қатынасын реттеуде, және оның адам қарым-қатынастарын реттеуші ретіндегі күші, адамның оның талаптарына ерікті және мәжбүрлеусіз баратындағында.

Оқытушының кәсіби этикасының негізгі компоненттері ретінде шартты түрде, ең алдымен оның еңбегіне, кәсіби қызметіне, сондай-ақ жеке басылық және іскерлік қасиеттеріне тікелей қатысы бар келесілерді ажыратуға болады. Бұл, біріншіден, оқытушы еңбегінің әлеуметтік функциясы, екіншіден, оның кәсіби қызметінің адамгершілік мазмұны. Ары қарай, кәсіби қызметтер жиынтығын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін оқытушы тұлғасының моральдық қасиеттерін және оның тұлғасын психологиялық ұйымдастыру ерекшеліктерін ажыратуға болады. Келесі компоненттерге оқытушының тұлғасы мен қызметінің маңызды адамгершілік-этикалық аспектілері, педагогикалық процестегі өзара қарым-қатынастың кәсіби қарулануы мен өзіндік ерекшелігі жатады.

Оқытушының педагогикалық этикасының компоненттері туралы айта отырып, оның кәсіби қызметінің ерекшеліктерін көрсететін мінез-құлықтың нормалары мен ережелерін бөлшектеуге болмайды, сондай-ақ жеке тұлғаның жас, өтіл, жыныс, мамандық, отбасы жағдайы секілді басқа да сипаттамаларын және оқытушының кәсіби еңбегінде этика нормаларының көрінуі тәуелді болатын көптеген басқа жағдайларды есепке алмауға болмайды.

Бізбен бөлініп алынған оқытушы этикасының 8 негізгі компоненттері берілген (3-Сурет).



3-Сурет. Оқытушы этикасының негізгі компоненттерінің құрылымдық сұлбасы.

Жалпы, оқытушы этикасының қағидалары, категориялары және негізгі компоненттері адамгершілік талаптарының мазмұнын аша отырып, кәсіби қызмет деңгейінің маңызды критерийі және оқытушы тұлғасының адамгершілік дамуының шарты, оның адамгершілік мәдениетінің маңызды критерийі болып табылады. Ол қоғамның адамгершілік-рухани мәдениетінің деңгейіне әсер етпейді.

Осылайша, оқытушы этикасының мәртебесі мен функциясын оның қоғамның әлеуметтік-тәрбиелеу практикасымен байланыстырады.

Сондықтан да, оқытушы этикасының мәселелері бүгінгі таңда әрқашан назарда болуы тиіс. Қай жоғары оқу орнында педагогикалық ұжым оқытушы этикасы мәселесін кәсіби актілер мен әрекеттер, мінез-құлық нормалары мен ережелері жүйесі және оның педагогикалық процестің қатысушыларымен өзара қарым-қатынасы ретінде аз жұмыс істейді: әріптестерімен және студенттермен, әкімшілікпен және оқушылардың ата-анасымен, бұл ғылымның мәселелеріне терең үңілмейді және оны тәрбиеленушінің ішкі дүниесіне қатысы мен жеке мінез-құлқы арқылы тәрбиешінің маңызды психология-педагогикалық әсер ету құралы ретінде қаруланбайды.

КОММУНИКАТИВТІ ӘСЕР ЕТУ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ФОРМАСЫ РЕТІНДЕ

Жоспар:

1. Педагогикалық қарым-қатынастың мәні мен ерекшеліктері.
2. Педагогикалық қарым-қатынастың функциялары
3. Мұғалім туғызатын қарым-қатынас кедергілері.

Педагогикалық қарым-қатынастың мәні мен ерекшеліктері. Еліміз егемендігін алғаннан бері бұрыннан қалыптасқан білім беру жүйесі терең өзгерістерге ұшырауда. Педагогикалық процестің сапалы болуына көңіл бөлініп отыр. Солардың бірі – педагогикалық процестегі мұғалім мен оқушының қарым-қатынасы.



Қарым-қатынас – мұғалім, тәрбиеші, тренер, студия жетекшілерінің бөлінбейтін элементі, негізі. Сабақ, үйірмелердегі, спорт залдарындағы, шеберханалардағы сабақтар, мейрамдар, саяхат, емтихандар, ата-аналар жиналысы, педагогикалық кеңестер – мұның бәрі қарым-қатынас, оқушылармен, әріптестерімен, әкімшілікпен, ата-аналармен қарым-қатынас.

Негізгі көңіл аударатын мәселе – педагог пен тәрбиеленуші арасындағы кәсіби қарым-қатынас.

Педагогикалық қатынасқа ерекше көңіл бөлген В.А.Кан-Калик, А.В.Мудрик, А.А.Леонтьев, А.Б.Винтықбаева және т.б. ғылыми еңбектері бар.

Ұстаз өзінің қызметінде қарым-қатынастың барлық міндеттерін атқаруы тиіс, ол мағлұмат беруші де, оқушыны немесе сынып оқушыларын танып білуші де, ұжымдық қатынас пен өзара қатынастарды ұйымдастырушы да болады.

Яғни:

- 1) қарым-қатынас – педагогиканың негізі жөніндегі ұғым;
- 2) қарым-қатынасты ұйымдастыра білу және өзінің психологиялық жағдайында оны басқара білу;
- 3) педагогтың жеке адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру.

Осы мәселелер төңірегінде әңгімелесейік. Педагогикалық қарым-қатынастың мәні мен ерекшеліктерін А.А.Бодалев, А.А.Леонтьев, Н.В.Кузьмина, В.А.Кан-Калик, Я.Л.Коломинский, А.А.Реан, т.б. педагогтар мен психологтар өз еңбектерінде қарастырған.

Педагогикалық қарым-қатынас қарым-қатынастың ерекше түрі, «кәсіби категориясы» болып табылады. Ол әрқашан білім беруші, дамытушы және тәрбиелеуші қызмет атқарады. Педагогикалық іс-әрекет – динамикалық іс-әрекет: тәрбиеленушілердің жасына қарай әрі педагогтың, әрі балалардың қарым-қатынас көзқарасы, позициясы өзгеріп отырады.



В.А.Кан-Калик былай дейді: «Педагогикалық қарым-қатынас – тәрбиелеу, оқытудың мақсаты мен міндетін жүзеге асыруды қамтамасыз ететін және педагог пен оқушының өзара әсерін айқындайтын әдістер мен құралдардың жиынтығы».

В.А.Кан-Калик өзінің және басқалардың педагогикалық тәжірибелеріне сүйене отырып, мұғалім мен оқушы, мұғалім мен сынып арасындағы қатынастарда кездесетін қиындықтардың себебі, мұғалімнің педагогикалық қатынастың егжей-тегжейін әлі де бойына сіңірмегенінен екендігін сөз етеді. Мұғалімге коммуникативті іскерлікті меңгеріп, оны оқу және тәрбие процесінде қолдануы қажет екені айтылады.

В.А.Кан-Калик мұғалімнің коммуникативті іскерліктері қатарына: адамдар алдында сөз сөйлей білу; қарым-қатынасқа түсе білу; түрлі жағдайларды туғыза отырып, шығармашылық іс-әрекетті ұйымдастыру; оқу-тәрбие процесінде дұрыс, бір бағыттағы қарым-қатынасты құрып, оны басқара білу іскерліктерін атайды.

В.А.Кан-Каликтің пікірі бойынша, педагог өзінің іс-әрекетімен, жүріс-тұрысы, сөйлеуі арқылы тәрбиеленушілерге үлгі болуы керек. Мұғалімнің коммуникативті іскерлігі, сөзінің нақтылығы, түсініктілігі, көңілге жағымды үні, дауыс ырғағы, сөздерінің анықтылығы, мейірімділігі мен тартымдылығы, міне, осының барлығы ұстаздың оқушыға деген әсерін жоғарылатады.

істейтінін, маман және адам ретінде мұғалімнің кім екендігін білгендері міндетті. Олар үшін кім және қалай қарым--қатынас жасайтындығы маңызды. Өйткені, педагог және тәрбиеленушілердің қарым-қатынасымен біріккен әрекеттері арқылы бірін-бірі таниды.

4. Қандай да бір пәндік іс-әрекеттерді ұйымдастыру мен қызмет ету: оқу, өндірістік, ғылыми, танымдық, ойын. Нақты бір іс-әрекетке тоғысқан қарым-қатынас оны ұйымдастыру тәсілі бола алады. Педагогосылар арқылы оқушылардың танымдық практикалық іс-әрекеттерін ұйымдастырудың тиімділігі туралы ақпарат алады. Сондықтан педагогикалық процесте тіпті қандай да бір маңызды іс-әрекетті қамтамасыз ету және қосалқы роль орындау арқылы да қарым-қатынас маңызды орын алады; осы іс-әрекеттің сапасына әсер етеді.

5. Басқа адамдармен байланыста қажеттіліктерді жүзеге асыру. Адамдар басқа адамдармен өзінің қуаныштарымен бөлісе алатын, өзін мазалап жүрген іс-әрекет-құлықжағдайларының алдын-алу мүмкіндіктерін іздейді.

6. Қарым-қатынасқа түсушіні тәжірибеге және құндылықтарға баулу. Бұл, әсіресе, ата-аналар мен балалардың, мұғалім мен оқушының, оқытушылар мен студенттер арасындағы қарым-қатынастарға тиесілі. Ата-аналар мен педагогтардың миссиясы – балалар мен оқушыларды өздерінің көзқарастары, пайымдары, адамгершілік нормаларына баулуға көмектесу. Бүгінгі күнгі мектеп оқушылары радиотехниканы ересектерден артық біледі, шет тілдерді меңгереді, жеке компьютерде жұмыс істей алу біліктілігі бар, спорт пен өнерде жоғары деңгейге жете алады.

7. Қарым-қатынасқа түсушіні серіктесінің құндылықтарына баулу. Бұл процесс өзін-өзі тәрбиелеуді, өзін-өзі қалыптастыруды, яғни, өзіндік «МЕНИН» басқа адамның құндылықтарына бағыттау арқылы көрсетеді.

8. Баланы қарым-қатынасқа ашу функциясы баланың бойында қарым-қатынасқа деген қызығушылығын ояту, психологиялық қысым көрсетуді алып-тастау, өзін-өзі бағалауын арттыру, өзіне-өзі сенуін білдіреді. Бұл функцияны жүзеге асыру педагогтың оқушыларды өзіндік бейбіт ниеттері мен әрекеттеріне сендірумен байланысты.

9. Оқушы тұлғасын беделін арттыру. Бұл функцияны жүзеге асыру оқушыларды рухани жаңа білім беруге енуіне септігін тигізетін әсерін көрсетеді. Нәтижесінде педагогпен қарым-қатынас жасау оқушыда сенімді, шешімді, өзін қоршаған адамдарға көбірек назар аудару, бірнеше жағымды сапалары мен мінез-құлық сипаттарын игеруге ұмтылу пайда болады.

Сондықтан, қарым-қатынаста түрлі функциялардың көпшілігі жүзеге асады, олардың әрқайсы педагогтың кәсіби іс-әрекетінде маңызды орын алады.



Қарым-қатынас деңгейлері мен кедергілері

Төмендегідей қарым-қатынас деңгейлерін бөліп көрсетуге болады:

- примитивті (қарапайым) деңгей;

Педагогикалық көзқарас педагог тұлғасы арқылы жүзеге асады. Өйткені, қарым-қатынас арқылы оқушының көзқарасы, ойлауы, өмірге, адамдарға, өзіне деген көзқарасы пайда болады.

Зерттеуші-ғалымдар, соңғы кезде практиктер, педагогикалық көзқарас проблемасының өзекті екендігіне тоқталып жатыр. Неге? Өйткені, *қарым-қатынас - оқу-тәрбие міндеттерін шешудің маңызды құралы.*

Тәрбиеленушілермен қарым-қатынас жасай отырып, педагог оның жеке және тұлғалық ерекшеліктерін анықтайды; құндылық бағдары, тұлғааралық қарым-қатынасы, іс-әрекеті туралы ақпарат алады.

Қарым-қатынас педагог пен тәрбиеленушінің біріккен әрекетін реттейді, өзара әсерін қамтамасыз етеді, педагогикалық процестің тиімді өтуіне септігін тигізеді.

Білім беру мекемелерінде оқыту мен тәрбиелеудің жаңа технологиясын енгізу, жүзеге асыру дұрыс қойылған педагогикалық қарым-қатынас арқылы болатындығы практика арқылы дәлелденген.

Г.И.Щукинаның пікірі бойынша: қарым-қатынас оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру мен бекітуіне маңызды әсер етеді. Тәрбиеленушіге сенім арту, оның танымдық ізденуіне қолдау жасау, т.б. қызығушылықтарын тудырады, ынталандырады.

Бірқатар ғалымдардың айтуынша, педагогтар практика жүзінде көз жеткізгендері – қарым-қатынас табысты орта туғызады, тұлғааралық қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелейді, әрі педагогқа, әрі тәрбиеленушіге өзін-өзі қалыптастыруына мүмкіндік береді.



Педагогикалық қарым-қатынас адамның барлық өмірінде жүзеге асатын қарым-қатынастың барлық функцияларын орындайды. Функциялардың өзіндік ерекшеліктері бар:

1. Ақпараттық функция қарым-қатынас арқылы тұрғылықты, оқу-әдістемелік, ізденушілік, ғылыми-зерттеушілік немесе басқа да сипаттағы нақты ақпараттарды берумен шектеледі. Бұл функцияларды жүзеге асыру өмірлік тәжірибелерді жинақтауға септігін тигізеді, қоғамның материалды және рухани құндылықтарын тұлғаға сіңіру процесін қамтамасыз етеді. Мұғалім оқу процесінде оқушылардың алдында ғылым, әдебиет, өнердің нақты салаларынан берілетін оқыту ақпараттарының немесе практикалық іс-әрекеттердің негізгі көздері ретінде сөйлейді. Сондықтан мұғаліммен қарым-қатынас жасау оқушыларға сәйкес ақпараттар беруге септігін тиеді.

2. Педагогикалық қарым-қатынастың тәрбиелік функциясы педагогтың іс-әрекетінде орталық орын алады, ол оқушыларды рухани құндылықтар жүйесіне, адамдармен қарым-қатынас мәдениетіне баулуды болжайды.

3. Адамдардың бір-бірін тануы. Педагогқа дара қасиеттерін; әрбір оқушының дене, ақыл-ой, эмоционалды және адамгершілігін дамытуды, оқуға және еңбекке мотивациясын; адамдарға және өзіне деген қарым-қатынасты білуі қажет. Дегенмен, оқушыларға олармен кімнің жұмыс

- манипулятивті деңгей;
- стандартты деңгей;
- конвенционалды деңгей;
- ойын деңгейі;
- іскер деңгей;
- рухани деңгей.

Примитивті (қарапайым) деңгей:

- әңгімеге қатысушы серіктес емес, ол – зат (егер қажетті болса, игеруге болады; кедергі жасаса – басып тастауға болмайды);

- байланыс фазалары жүзеге асырылады (мысал: мас, ашуға мінген адамдар);

- Сізге осындай қарым-қатынас деңгейін ұсынса, не істеуге болады?

1) байланыстан шығу;

2) өзінің жағдайларына қарай байланысты жалғастыру;


3) суыққандылықты сақтау.

Манипулятивті деңгей:

- әңгімеге қатысушы бәсекелес адам болып табылады;

- бәсекелес адамды ұту, пайда көру;

- манипулятор бәсекелесінің әлсіз жағын білу;


- **мысал:**  бірінші партада отырған оқушы қыз мұғалімнің жаңа көйлегіне қарап отырып, қолдаушы көзқарасты байқағанша есін жимайды. Мұндай психикалық көңіл-күй манипуляцияны көрсетеді (сабаққа дайындалмаған, одан сабақ сұрағанын қаламайды).

- манипуляторға қарсы тұру үшін суыққандылықты, байқағыштықты талап етеді.

Стандартты деңгей:

- бәсекелестердің ешқайсы байланысқа түспейді, дегенмен онсыз болуы да мүмкін емес;

- «бет-перде» байланысы жүреді;

- **мысал:**  мұғалім оқушыны сөйлесу үшін сыныпта қалдырады; ол қатысқысы келмейтін «бет-пердені» киіп алып, ешбір реакцияны болдырмайды;

- мұндай байланыстан қашуға болмайды.

Конвенционалды (келісімді) деңгей:

- тәртіп ережелерінің жинақталған аясындағы қарым-қатынас деңгейі;

- әңгімелесуші ролдерін қабылдау;

- серіктестерінің бір-біріне көңіл аударуы;

- қарым-қатынастың жоғары мәдениетін талап етеді.

Ойын деңгейі:

- конвенционалдыға ұқсас, бірақ, серіктесіне қызығушылықтың артуымен ерекшеленеді;

- серіктесіне бірден ұнау міндетті емес, бастысы – оның қызығушылығын арттыру;

- ойынды бұзып алмау үшін серіктесінің реакциясын назардан тыс қалтырмау;

- әртістік қабілет пен сүйкімділік талап етіледі;

- педагогикалық іс-әрекет үшін идеалды, сабақ мини-спектакль болады.

Іскер деңгей:

- конвенционалдыққа ұқсас, бірақ серіктес ұжымдық іс-әрекетке қатысушы бола қалады;

- бірінші орында ортақ іс қалады;

- ортақ іске ғана нақты еңбек сіңірмейді, сонымен қатар тұрақты антипатия сезімін тудырады.

Рухани деңгей:

- қарым-қатынастың жоғары деңгейі;

- серіктес рухани бастауды жалғастырушы ретінде қабылданады;

- ойлаудың жоғары спонтандығы;

- өзін-өзі ойландыру еркіндігі.



Мұғалім туғызатын қарым-қатынас кедергілері:

- сыныпқа кірер алдында нақты жоспарланған мақсатқа байланысты жауап беруге кімді шақыру керектігін ұзақ ойластырады; біреуін жауап беруге шақырып, қарым-қатынас қалпын өзгертпеген;

- сабақ барысында мұғалім үшін жіберуге болмайтын қателік – тақтаға қарап тұрып, сабақ түсіндіру; тақтаға жазатын қажетті мәліметтерді мұғалім немесе сабаққа дейін немесе сыныпта жазба жұмысын жазу барысында белгілеп қою;

- пән туралы шынайы көзқарас қалыптастыру мақсатында жауап беріп тұрған оқушының сөзін бөлу;

- жауап бермей тұрған оқушыға өзі естігісі келген мәліметті қалыптастыруға тырысады; жауап беріп тұрған оқушы айтып тұрған сөзінен жаңылады, ойланып тұрып қалады немесе үндемей қояды. Мұндай оқушы өзіндік ойлау құндылықтары туралы көзқарасы төмендейді;

- «бір тілде» сөйлей алатындықтарына көп көңіл бөлмейді; мұны балалардың иығына іліп қояды;

- қалың топты – көпшілік «МЕН» екенін ұмытады. Дұрысы: қалың топты жеке түрлі орындарға отырғызып, түрлі ролдік көзқарас туғызу керек.

Мұғалім барлық жағдайда шындықты айтқанымен тек 3 жағдайда ғана дұрыс жауап бере алады:

1) жаңа педагогты тексеру;

2) оқушы тұлғасының мінез-құлық деформациясы;

3) жеткіншектің ерекшеліктері.

Жоғарыда айтылған 3 жағдай қарым-қатынас кедергілерінің салдары болып табылады.

Мұғалімде өзінің сөзімен сабақтың барысын бұзуға және тұлғааралық өзара қарым-қатынасты жоюға септігін тигізетін қарым-қатынас кедергілері кездеседі: **жағдаяттық кедергі** – бір мезеттегі ерекшелік түсініктерінің болмауы. Бұл кедергі предикативті (ақпаратты шындыққа жатқызу) санаттарға негізделеді:

- **тұлғалық:** мұғалім мен оқушының алдын-ала өзара қарым-қатынасы;
- **темпоралдық (уақытша):** болып жатқан қарым-қатынас факторларының жағдаяттарын қалыптастыру;
- **модалдық (сапалық сипаттама):** диалогқа қатысудың қандай да бір факторлары күшіне ену мүмкіндіктері мен қажеттіліктері.

Мұғалім диалогта оқушыларды пассивті эмоцияға бағындыра алады, егер:

- қызықты айғақтарды қолданса;
- сенсациялық сандарды пайдаланса;
- аудиторияны қызықтыратын проблемаларды шешсе;
- вербалды емес қателіктерді жібермесе: түрегеліп тұрып отырған оқушымен сөйлесу; «бетпе-бет» емтихан қабылдау; формалды жағдайда формалды емес киім кию.

Псевдо – және квазидиалогтық (жалған) қарым-қатынас – мұғалім шынайы қарым-қатынасты диалогизм құрылымымен, эгоорталық тілмен ауыстыру кезіндегі кедергі.

Балалардың назарын аударғанымен белсенді жауапты реакция қалыптастыра алмайды. Мұғалім диалог құра отырып, оқушылармен қарым-қатынас жасағысы келмейді. Мұндай мұғалімдерге қарым-қатынас жасау қорқынышы оқушылар тарапынан ерте ме, кеш пе жек көру сезімін туғызады. Квазидиалогтық қарым-қатынас жасау валюнтативті кедергіде көрініс табады.

Валюнтативті (конативті) кедергі – мұғалімнің шыдамды қарым-қатынасы өзіндік ойлау мен пайымдауларына сәйкес келеді.

Коммуникативті көшбасшыны монологқа айналдыра алатын апелляциялық емес тәртіп қызықты затты қажеттілікпен алмастырады, ал проблеманы педагог шеше алған стереотипті тапсырмалар ретінде ұсынады және ешқандай жаңаны күтпейді. Шын мәнінде, диалог жоқ, пайда болмайды: оның мақсаты оң баға болып табылады және тез оқу пәніне айналады.

Тезаурусты (мәліметтер жиынтығы) кедергі – мұғалімнің білім деңгейінде теңдік-таңқалушылық қарым-қатынасты сауатты құра алмау немесе қажетсінеу.

Мұндай кедергілерді дайындығы нашар педагог қалыптастырады. Олар үшін қарым-қатынас өнері – риторикалық компоненттердің бірі. Бұл кедергіні оқушы да ұйымдастыра алады. Жағдаятқа қатысты әрекет ету алгоритмі жауаптың болмауынан: көңіл аудармау, табыссыз ену, нәнге деген қызығушылықтың болмауы, ирония, намысқа тиетін сөздер, мұғалімге ұнатпайтындығын ашық түрде көрсете алу.

Э м о т и в т і кедергі (психологиялық толғандыратын) – педагогтын сөзінде эмоционалды бастау алу. Бұл кейде айтылғандарды түсінбеуге, әлсіз дайындыққа әкеліп соғады.

Бұл кедергінің алдын-алу ауытқулар арқылы (ұжымдық эмоция, оқу пәндерін қажетті ағысқа бұру), кез-келген формадағы жағымсыз коммуникативті сценарийге ашық түрде қарсы шығу арқылы мүмкін: мұғалімдерді беделді ортаға айналдыру.

Мұғалімнің жылы жүзділігі – тіл өнері мен шеберліктің шарты. Оның болмауы контрсуггестивті кедергіге әкеліп соғады.

К о н т р с у г г е с т и в т і кедергі (тікелей қарсы тұру) – өзара бірін-бірі жек көру.

Мұғалімнің аяқ астынан: «Ар-ұяттан безгенсің! Өзіңе ұнайтын пәнді ғана оқысың, менің сабағыма қызықпайсың» - деп айғай салуы өте үлкен қателік. Өзінің сезімдерін жасырмай оқушы мұғалімге деген қадыр-қасиетін жоғалтады, жеткіншектік әдетпен тактыны, әдеп сақтамай қарсы келеді.

«Qui pro quo» («бірінің орнына екіншісі», «кім не туралы») кедергісі – «әр түрлі тілде әңгімелесу».

Қарым-қатынасқа қатысушылар бірін-бірі естімейді, түсінбейді және түсінуге талпынбайды; әркімде өзіндік көзқарасы бар және оны тербелту мүмкін емес.

Сабақта мұндай кедергілер мұғалім оқушылардың жауабын тыңдағысы келмейтіндігін ашық көрсете алған жағдайда пайда болады. Егер оқушы айғайлай бастаса, онда эмоциясынан серпін алмағаны жөн. Керісінше, сыныптан аластағып, жеке сендіру.

Мұндай кедергілердің алдын-алуға болады:

- нақты сөйлеу арқылы;
- оңтайлы екпінмен;
- максималды түсінікті сөздерді таңдау арқылы;
- әңгімеге түсушілердің ойларын уақытында нақтылап отыру арқылы.

Егер сынып тыңдауға дайын болмаса, онда назарды 1 нүктеге жинақтау тәсілін қолдануға болады:

- қызықты тақырып;
- біртекті оптикалық каналды (қалт еткен жест, ерекше пән, т.б.) қалыптастыру;
- тілдің негізгі сипаттарын бірден алмастыру (дауыстың күштілігі, сөйлеу темпі, интонацияны жүйелеу, диалог құру);
- өзекті дискуссиялық пайымдау.

Р е в е р с и в т і (қарама-қарсы және керісінше қозғалыс) кедергі – білім алушылардың ролін алмастыру.

Мектеп оқушыларына мүмкіндігінше ұқсауға тырысатын мұғалім қызығушылық тудырмайды. Мұғалім бірдей диалог жүргізгенімен коммуникативті көшбасшы тек біреу – педагог. Реверсивті кедергінің себептері алуан түрлі – мұғалімнің әлсіздігі мен шешім қабылдай алмаушылығы, оның әлеуметтік тұрақсыздығы. Нақты айтқанда:

- мұғалімнің инфантилдігі, оның оқушылар бойынан өзінің жеткіншек кезін көріп-білуі;

- жағымсыз сценарийдің жалғасы, тығылып қалу және енді не болады деп қарап тұру;

- педагогтың риторикадағы білімінің аздаған мөлшері;

- жетекші емес жетекке ерушінің ролін саналы атқару: «сендер менің сонымнан, мен сендердің сондарынан» - оқушының тәртібіне әсер ететін неғұрлым демократиялық әдістерді іздестіру.

Фаталд ық(тағдыры белгілі) кедергі – байланыс орнатушының сөйлеу құрылымындағы қайшылықтар (сәлемдесу, қоштасу, тақтаға шақыру, тапсырма беру және келесі диалогқа қайшы келу).

Мәтінде ақпараттардың шамадан тыс болуы әдеп ережелерін бұзатын кезекші сөйлемдер арқылы өтеді.

Софистикалық(қате сенім) кедергі – әдепті, логикалық және пафосты апелляциялау. Бұл кедергі диалог жағдайының болмауынан қызған энергияны суыту үшін қажет.

Аксиологиялық кедергі – мұғалім үшін баға мақтау мен жазалаудың өзіндік құралы болған кезде кездесетін кедергі.

АРТИСТИЗМ ПЕДАГОГТЫҢ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІНІҢ ЭЛЕМЕНТІ РЕТІНДЕ

Жоспар:

1. *Артистизм туралы түсінік.*
2. *Педагогикалық артистизм деңгейлері.*

1. Артистизм туралы түсінік.XXI ғасырда білім беру адамның өзіндік дамуына, шығармашылық инициативасына, өз бетінділік пен бәсекеге қабілеттілікке бағытталады. Бұл өзгерістер Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында, 2011-2015 жж. білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасына орын тапқан.

Қазіргі кезде білім беруді дамыту жағдайында басты назарды шығармашылық әлеуетті меңгерген, өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі жүзеге асыруға, құндылықты құру мен алмасуға қабілетті жоғары кәсіби педагогқа аударады.

Кәсіби шеберлік – әрбір педагогқа қол жетімді оқыту мен тәрбиелеу өнері. Осыған орай, «кәсіби шеберлік», «педагогикалық шеберлік» және «педагогикалық артистизм» ұғымдарын түсіндіруді талап етеді.

Шебер педагог – жоғары мәдениетті маман, өз ісінің шебері, өзінің жүргізетін пәнін, оқыту мен тәрбие әдістемесін терең игерген, психологиялық және ғылым мен өнер салаларынан білімдері бар.

Педагогикалық кәсіби шеберлікті көрсетудің бір түрі – педагогтың артистизмі¹⁰.



Педагогикада артистизм әрбір педагогта болуы қажет екендігі дау тудырмайды. Осы проблемамен Ш.А.Амонашвили, О.С.Булатова, Г.А.Гарипова, Н.Н.Демьянко, В.И.Загвязинский, В.П.Кузовлев, Е.Пассов, В.А.Разумный, С.Д.Якушева және т.б. ғалымдар шұғылданған.

Артистизмді қалыптастырумен және тұлғаның шығармашылық қабілеттерін дамытумен байланысты мәселелерді А.С.Макаренко, Ю.П.Азаров, И.А.Зязюн, В.А.Кан-Калик, Н.Д.Никандров сияқты жетекші педагогтардың еңбегінен кездестіруге болады.



Шет тілдер сөздігінде «артистизм» (фр.artistisme) ұғымы көркем дарындылық немесе қандай да бір істі орындаудағы жоғары және керемет шеберлік, виртуалдылық¹¹ деп түсіндіріледі.



В.И.Загвязинскийдің пікірінше, артистизм — жаңаны туғызудың бейнелі-эмоционалды тілі; түсіністікке және басқамен диалогқа бағытталған педагог пен оқушының біріккен шығармашылығының кіріктірілген стилі, достыққа негізделген доминанттылық; жаңа жағдайларға кенеттен ауысады, жаңа бейнеге енеді, жаңа идеялар мен шынайы өмір сүруге ұмтылдыратын қабілеттілік; тұлғалық өзін-өзі көрсетудің құндылығы, проблеманы шешудің бейнелі жолы, рухтану, қиялдау мен сұлулықтың ойыны, ішкі еркіндікті сезіну¹².

О.С.Булатова В.И.Загвязинскийдің педагогикалық артистизм– оқушы мен мұғалімнің біріккен шығармашылық әрекеті деген анықтамасымен келісе отырып, «артистизм — қандай да бір нәрсені әдемі, сенімді және есте қалатындай етіп беру ғана емес, сонымен қатар тәрбиеленушіге эмоционалды әсер ете отырып беру» деген анықтамамен толықтырады. Оның пікірінше, артистизм түпнұсқалы — педагогтың ішкі дүниесінің байлығы мен сұлулығы, тапсырмаларды шеше білуі, қиял мен ішкі түйсігін қолдана отырып, логикалық және эстетикалық өзара гармониялық сәйкестендіре отырып, болашақты жобалау¹³.

¹⁰Якушева С.Д. Основы педагогического мастерства: учебник. 4-е изд., испр. и доп. М.: Издательский центр «Академия», 2011. 256с.

¹¹Словарь иностранных слов и выражений / авт.-сост. Е.С. Зенович. М., 2000.

¹²Загвязинский В.А. Педагогическое творчество учителя. М., 1987.

¹³Булатова О.С. Педагогический артистизм: учеб. пособие. М.: Издательский центр «Академия». 2001.

В.А. Разумныйдың пікірінше, педагогикалық артистизм қоршаған әлемге құбылыстың қарым-қатынас реакциясының палитрасы, сабаққа қатысты қажетті бағытта айшық эмоционалды-бейнелік кодтау ретінде бүгінгі күнгі педагогтың профессиограммасына енетін шынайы құқық¹⁴.

Артистизм – тұлғаның ішкі дүниесінің рухани бай көрінісі. Оладамның өзін-өзі кәсіби жетілдіру мен өзін-өзі білімдендіру қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында белгілі бір шығармашылық іс-әрекетті рухани-практикалық игеру процесін қалыптастырады.

Педагогтың іс-әрекетін актер мен режиссердің іс-әрекетімен қатар қоюға келмейді. Алайда, актерлік және педагогикалық қабілеттердің А.С.Макаренко, Ю.П.Азаров, Н.В.Кузькин, Ю.Л.Львов және т.б. ғалымдардың еңбектерінде берілген. Мәселен, К.С.Станиславский актерге де, педагогтарға да шығармашылық үшін қажетті негізгі элементтерді айқындаған: дамыған қялы, назар аудару, эмпатия, рефлексия, қимылдағыштық, кереметтілік, айшықты¹⁵.

О.С. Булатова актерлік және педагогикалық іс-әрекеттер арасындағы айырмашылықтарды төмендегідей жүйелеген: көзге елестету пәні (актердің басқа тұлғаға айналуы мен ролдік көзқарасын білдіретін жағдаятқа педагогтың қарым-қатынасы) арасында; іс-әрекет аймағында (актерде ойдан шығарылған және педагогта шынайы өмір сүру шарттары); қарым-қатынас ерешеліктеріндегі (актерді диалогқа жетелейді, мұғалімді — монологқа); іс-әрекеттің ұзақтылығында (мұғалімде актерге қарағанда неғұрлым ұзағырақ); импровизациялау мүмкіндігінде (мұғалімде шығармашылықтың шекарасы кеңірек, импровизация – қажет); іс-әрекет бағдарламаларының алуан түрлілігінде (мұғалімде әр түрлі жағдаяттарға қарай әр түрлі болып келеді) және т.б.¹⁶.

Актерлік шеберлік көзқарасы бойынша педагогтың мамандығы күрделі болып келеді. Оның педагогикалық іс-әрекеттегі маңызы мамандардан мақсатты жұмыстары мен ерекше назарды талап етеді.

Оқытудағы артистизмнің ролі мен орны мұғалімнің кәсіби іс-әрекетін жүзеге асыруда өзгеріп отырады: ол тұлғаның сапасы ретінде де көрінеді, кәсіби тәжірибе жинау өлшемі бойынша педагогтың барлық жұмыстарын интеграциялайды, барлық іс-әрекетін жүйелейді және біртекті ете алады.

Педагогикалық артистизмнің деңгейлері.

И.Ф. Исаев педагогикалық артистизмді қалыптастырудың төрт деңгейін бөліп көрсетеді:

¹⁴Разумный В.А. Содержание образования: Единство знаний, эмоций и веры // Педагогика. 1998. № 5.

¹⁵Станиславский К.С. Работа актера над собой. М., 1955.

¹⁶Разумный В.А. Содержание образования: Единство знаний, эмоций и веры // Педагогика. 1998. № 5.



Педагогикалық артистизмнің *бейінді деңгейі* дене және психологиялық ерекшеліктерін сипаттайды. Кәсіби-педагогикалық іс-әрекет шығармашылықты қолданбай-ақ алдын-ала өңделген сызба арқылы құрылады. Педагогтар өз бетімен пайда болған артистизмнің кәсіби-педагогикалық шығармашылық жоспарында белсенділік танытпайды, фасцинация (өзіне қаратып алу) қажет болған жағдайда ғана жүзеге асырылады немесе мүлде болмайды.

Репродуктивті деңгей педагогикалық шынайылыққа тұрақты құндылық қарым-қатынасқа бейімділікті болжайды: мұғалім-педагогикалық артистизмнің ролін неғұрлым жоғары бағалайды, шығармашылыққа ішкі «құбылыстың» тұрақсыздығы іс-әрекетпен шектеледі. Педагогикалық артистизмды дамытудың бұл деңгейінде педагогикалық қарым-қатынас міндеттері табысты шешіледі. Педагог кәсіби артистизмнің деңгейлерін арттыру қажеттілігін сезінеді.

Эристикалық деңгей жақсы дамыған байқағыштық және қиялмен, шығармашылық өз бетінділікпен, ақыл-ойдың кереметтігімен, қажетті уақытта «жинала қалу» біліктілігімен, өзінің еріктілігі және мінез-құлқының ұйымдастырушылығымен сипатталады. Педагогикалық артистизмді дамытудың бұл деңгейі ақыл-ойды жүзеге асыру мен бейнеде, тәртібінде, сөзінде ренішінің болуынан көрінеді.

Креативті деңгей педагогикалық артистизмнің нәтижелілігінің жоғары деңгейімен, психологиялық-педагогикалық білімдерінің ұтқырлығымен, кәсіби-педагогикалық іс-әрекет мазмұнының руханилығымен, өзіне-өзі сенімділігімен, адамдармен қарым-қатынасындағы дипломатиялығымен, ынтымақтастыққа құлшынысымен, эмпатиясымен, эмоционалдық реактивтілігімен, бейінділігімен, ашықтығымен (сезімнің еркіндігі, «бет пердесінің» жоқтығы), жеңілдігімен (туушы проблемаларды жеңіл шешуі) сипатталады¹⁷.

Г.А.Гарипов педагогикалық шығармашылық пен педагогикалық процесте мұғалімнің ролін белсендендіруді оқып-үйренуде артистизмді қалыптастыру проблемасы туады – оны табысты өзіндік жүзеге асыру мен кәсіби-шығармашылық тапсырмаларды шешуіне септігін тигізетін тұлғаның маңызды кәсіби қасиеттері деп есептейді. Сонымен қатар, бұл қасиеттер педагогтан өзі жүргізетін пәнін, педагогиканы, қазіргі кездегі дидактиканы, педагогикалық психологияны меңгеруін ғана талап етпейді, дегенмен артистизм, актерлік шеберлік өнерінен де хабары болуы керек деп есептейді¹⁸.

¹⁷Исаев И.Ф. Профессионально-педагогическая культура преподавателя. Учебное пособие. М.: Академия, 2004. 208с.

¹⁸Гарипова Г.А. Формирование артистизма личности будущего учителя музыки: автореф. дис. ... канд. пед. наук. Казань, 2002.

О.А. Апраксинаның пікірінше, педагогтың артистизмі–арман емес, қажеттілік. Өзінде дамытқысы келетіндердің бәріне қол жетімді қасиет. Осыған орай, педагогқа кәсіби шеберлігін әрдайым жүзеге асырып тұруы қажет¹⁹.

Өзіндік негізгі сипаттарына қарай актерлік және педагогикалық іс-әрекеттер сәйкес келеді, дегенмен, соңғы біріккен шығармашылықта, театралды өнерде аудиториямен байланыс жасау маңызды орын алады. Ш.А. Амонашвилидің педагог пен актер мамандықтарын салыстыруы «Өзінді балаларға сыйлат!» қанатты сөзіне әкеліп соғады: «Әрине, педагог өзін-өзі жетілдіре отырып, рольге де еркін ене алуы тиіс ... Мұғалім мамандығы өте күрделі. Ол «көрермен» деп аталатын адамдарға емес, нақты мінез-құлқы бар адамдарға тиесілі²⁰.

¹⁹Апраксина О.А. Музыкальное воспитание в школе. М., 1985.

²⁰Амонашвили Ш.А. Педагогическая симфония. В 3 ч. Екатеринбург, 1993.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Булақбаева М.К. Мұғалім мамандығына кіріспе //Оқу кұрлы. – Алматы, 2010. –124 б.
2. Мухаметжанов Б.А. Шығармашылық жұмыстардың маңызы //Жоғары мектеп. – 2009 3(7). – Б. 3-8.
3. Амонашвили Ш.А. Педагогическая симфония: В 3 ч. – Екатеринбург, 1993.
4. Апраксина О.А. Музыкальное воспитание в школе. – М., 1985.
5. Аркин Е.А. Ребенок в дошкольные годы /Под ред. А.В. Запорожца и В.В. Давыдова. – М.: Просвещение, 1967.-445с.
6. Булатова О.С. Педагогический артистизм: учеб.пособие. – М.:Академия. 2001.
7. Виноградова Н.А. Образовательные проекты в детском саду. Пособие для воспитателей /Н.А. Виноградова, Е.П. Панкова. – М.: Айрис-пресс, 2008. 208с.
8. Гарипова Г.А. Формирование артистизма личности будущего учителя музыки: 13.00.08. автореф. дис. ... канд. пед. наук. – Казань, 2002.
9. Загвязинский В.А. Педагогическое творчество учителя. – М., 1987.
10. Исаев И.Ф. Профессионально-педагогическая культура преподавателя: Учебное пособие. – М.: Академия, 2004. – 208с.
11. Коджаспирова Г.М. Педагогика: учебник. – М.: Гардарики, 2004. - 528 с.
12. Коломинский Я.Л., Панько Е.А., Игумнов С.А. Психическое развитие детей в норме и патологии. - СПб.: Питер, 2004. - 480с.
13. Котова Е.В., Кузнецова С.В., Романова Т.А. Развитие творческих способностей дошкольников: методическое пособие.– М.: ТЦ Сфера, 2010. – 128с.
14. Лихачев Б.Т. Педагогика. Курс лекций: учеб.пособие. – М.: Юрайт, 2001. - 523 с.
15. Педагогика: Учеб.пособие /В.Г. Рындак, Н.В. Алехина, И.В. Власюк, и др.; - М.: Высшая школа, 2006. – 495с.
16. Разумный В.А. Содержание образования: Единство знаний, эмоций и веры // Педагогика. - 1998. № 5.
17. Сластенин В.А. Формирование личности учителя советской школы в процессе профессиональной подготовки.- М., 1976.
18. Сластенин В.А. и др. Педагогика: учеб. пособие/Под ред. В.А. Сластенина. - М.: Академия, 2002. – 576с.
19. Словарь иностранных слов и выражений / авт.-сост. Е.С. Зенович. – М., 2000.
20. Станиславский К.С. Работа актера над собой. – М., 1955.

21. Якушева С.Д. Сотворчество - доминанта взаимодействия учителя и ученика в современном школьном образовании // Психолого-педагогические проблемы одаренности: теория и практика: Тезисы международной конференции с элементами научной школы для студентов, аспирантов и молодых ученых. МГППУ, 6-10 октября 2009г. Институт Психологии Российской Академии Наук - [электронный ресурс] – Режим доступа. – URL: <http://www.intellectus.su/conf/%F1-2009/yakusheva.htm>
22. Якушева С.Д. Основы педагогического мастерства: учебник. 4-е изд., испр. и доп. - М.: Академия, 2011. – 256с.
23. Ладанов И.Д. Практический менеджмент (психотехника управления и самотренировки). – М., 1995.- 493 с.

ПРАКТИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР МЕН ЖАТТЫҒУЛАР

Мұғалімнің имиджин қалыптастыру

Имидж түсінігі

«Имидж» ұғымын ағылшын сөзі - бейне, түр-сипат, құлық.

Имидж – өзі туралы визуалды көрініс қалыптастыру.

Имидж – адамның бейнесі, ереже бойынша, беделді және жоғары әлеуметтік бедел (қырынан қарағандағы жағымды баға беру).

Имидж – бейне; жабыстыру; нақты тұлғаның ақыл-ой бейнесі, оның мінез-құлқының мазмұндық жағы. «Харизм» сөзіне ұқсас, ежелгі гректер *дарындылық, беделдік, ақылдылық және ұлылық* ұғымдары сәйкестендіріледі.

Кіріспе

Ежелгі Рим педагогикасынан белгілі: «Ешкім ештедені ұнайтпайтын адамнан ештедені үйрене алмайды» (Ксенофонт). Мамандықтың абыройына имиджтің әсері зор.

«Киіміне қарап қарсы алады» және алғашқыда киіміне қарай адам туралы көзқарас қалыптасады деген халық сөзі бар. Қалай болса солай киінген адамға қарағанда, таза және мұқият киінген адам сенімге тезірек енеді.

Іскерлік ортада қалыптасқан көзқарасқа сәйкес – басқа адамдар Сізді тыңдай ма, оларға басшылық жасай аласыз ба, өз пікіріңізбен санасуын қадағалай аласыз ба – осындай әрекеттер киген киіміңізге байланысты.

Адамды бағындыру және үстемдігін жүргізу санасы мен еркіне ғана байланысты емес, сонымен қатар қалдыратын әсеріне, сүйкімді келбетіне де байланысты. Мұғалімнің киімі педагогтың оқушыларға және оқылатын пәніне қарым-қатынастары арқылы ғана емес, сонымен қатар сабақты жүргізу және оқушылардың назарын сабаққа аударуларына да әсерін тигізеді.

Педагогтың имиджі – ізгіліктік педагогиканың маңызды қағидасы – өзін-өзі тәрбиелеу қағидасын жүзеге асыратын негізгі құралдардың бірі. Дұрыс жұмыс істеуі үшін қазіргі кездегі мектеп оқушыларының назарынан не нәрсе тыс қалмайтынын қадағалап отыруы қажет. Егер мұғалімнің өзінде сәйкес түрі болмаса оқушыдан тәртіптілік пен тазалықты талап ете алмайды.

Сыртқы сүйкімділігі тұлғалық сипаттамаларының жағымсыз жақтарын жояды, тұлғалығын арттырады, қарым-қатынасқа жарасымдылық пен ізгілік енгізеді, психотерапевті тиімділікті қалыптастырады (көбінесе, оқушылар басқаларға ұқсамайтын сыртқы кейпі жарқырап тұрған мұғалімнің пәнін жақсы көреді).

Іскер қарым-қатынаста ұсақ-түйектілікке жол берілмейді. **БАРЛЫҒЫ ДА ҰСАҚ-ТҮЙЕКТЕН ТУАДЫ.** Менеджердің киім киісі, жүріс-тұрысы – оның визиттік карточкасы.

Сыртқы кейпіне қарай маңайындағылар танымайтын адамға алуан түрлі сипаттамалар береді. Ондай қасиеттердің арасында адамды сүйкімді немесе сүйкімсіз қылатын жағымды және жағымсыз түрлері де болады. *Мәселен*, эксперимент, студент іскер адамдарша киініп келгенде, тыңдаушылар дәрісті көңіл қойып тыңдаған, ал, студент ретінде киініп келгенде, аудиторияда ...

Орташа есеппен, пікірлесуші туралы бетіне қарап тұрып, 80% визуалды ақпараттар аламыз, 20%-ын киім-кешек мәлімет береді. Яғни, бірінші – көңіл бөлетін нәрсе – бұл адамның киімі.

Мысалы, 5-тен 8 сыныпқа дейін сауалнама жүргізіп, мұғалімнің сыртқы кейпінен нені көргің келетіндігін жазуларын сұрадық, бірінші орында, көзі мен беті (80%), даусы (60%). Көздеріміз – біздің эмоциямызды бейнелеуші канал, балалар үшін сөйлеу параметріне қарағанда неғұрлым маңызды орын алады екен.

Мысалы, келесі сауалнама жоғары сынып оқушыларының арасында жүргізілді. Олар «Мұғалімнің сыртқы түр-сипатының (киім) әсері бар ма?» - «Бар» деп көпшілігі жауап берген. Мұғалімнің киім кию манерасын бағалайтын негізгі көрсеткіштер:

- мұқияттылық пен талғам;
- іскер, қою түсті киімдер;
- киім ауыстырудың жиілігі.

Мысалы, оқушылардың көзқарастары «Мұғалім жақсы киінгенде біз оған еріксіз сыйласымдылықпен қараймыз». «Мұғалім қалай киінгені материалды есте сақтауға септігін тигізеді. Егер ол талғаммен, қазіргі сәнге сәйкес киінсе, біз оған сенеміз». «Өзін-өзі күтетін, жақсы киінген адам әрқашан назарды өзіне аударады».

Мәселен, зерттеулер: мектеп оқушыларында сүйкімді педагог деп кімді айтады екен: 1. төменгі сынып оқушылары үшін – мінезі жұмсақ; 2. жеткіншектер – әділ; 3. жоғары сынып оқушылары – бүгінгі күнге сай.

Мұғалімнің
имиджіндегі
маңызды
тұсы

Мұғалімнің имиджіндегі маңызды тұсы - мұғалімнің *жеке сүйкімділігі*. Өзін қоршағандарға назар салып, шынайы ізгілікті қарым-қатынас жасау өзінің ішкі және сыртқы жетістіктерін білдіреді.

Имидждің тартымдылығын құру үшін

Мұғалімнің имиджінің тартымдылығын құру үшін **3 базалық түсінік қажет:**

1. Адамның табиғи түсті гаммасын дене және психологиялық-физиологиялық сипаттамалары арқылы айқындайтын **даралығы**.

2. Адамның дара сипаттамасы мен мамандыққа қойылатын талаптарды сәйкестендіретін **стиль**. Мұғалім үшін стилдік негізі классикалық қаталдық пен сезім өлшемдері болып табылады.

3. Қоғамның даму тенденцияларын бейнелейтін және басшыға бүгінгі күнге сай, жастардың қалаулысы болуына септігін тигізетін **сән**. (Екінші жағынан, сәнге көзсіз сүйену оқушылардың алдында күлкілі етуі де мүмкін).

Өзін-өзі көрсетуің кезеңдері

1. **Қылықтылық** – бәрінен де визуалды қабылдаудың жанға жақындығын білдіреді.

2. **Сүйкімділік** маңайындағылары үшін. Көңілге жағымдылық –эмоционалды байланыстылық, сөйлеу арқылы және адаммен коммуникативті іс-әрекет арқасында жүзеге асатын эмпатиялық қарым-қатынас.

3. **Флюидтілік**(сұлулық),немесе адамдарға жылу шашу. Оның тиімділігі – арнайы ештеңе істелмесе де сізге жарық және жаныңызға жағымды.

1. **Тұлғалық доминантты айқындау** – басқаларға белгілі болатын тұлғаның тартымды қылықтары.

2. **Коммуникативті механика** – қарым-қатынас жасай алуы (қылықтылық пен сүйкімділік құпиялары. *Өмірде әдемілерді байқайды, ал, қылықтыларды есте сақтайды*). Қарым-қатынас жасаудың дара стилі оларды әдемі қолдана білу және қарым-қатынас жасай алу негізінде ғана өңделеді. Ол үшін психологиядан хабарың болуы керек және актерлік шеберлікті игеру қажет.

3. **Кинетика және қозғалыс эстетикасы** немесе сәйкестікпен денені қозғалысы. Өзіне деген сенімділіктің дәрежесі, сонымен қатар тұлғаның жағымды энергиялармен толықтырылуы барлық денені қозғалысынан көрінеді – жүрісі, тұрысы, мимикасы, жест.

Менеджерлердің вербалды емес қарым-қатынастарды білуі істі жүргізудің маңызды құралы болып табылады (жесттер мен қозғалыстарда бейнеленетін іскер серіктестіктің «оқи» білуі келіс-сөздерде біршама ақпараттар береді).

Вербалды емес ережелерге сай реакциялар

Мәселен, жүрісі – ақпарат тасымалдаушы

Басын жоғары ұстау	Сенімділік	Өзіндік «Менің» сезіну
«Мұрнын шүйіру»	Өзіне-өзі сенімді болу	Өзіндік сүйіспеншілік
Көзқарасының болмауы	Уайымдағыш	Сезімнің бұзылуы
Басын иығына қусырып алып, еңкейіп жүру	Болған іске өкіну	«Күйзелгендік», өзіне сенбеуі
Қолдарын белдеріне ұстап тұрып, жан-жаққа айналдыру	Энергиялар ағыны	Демонстрация, өзіне деген сенімділік

4. Сөзді меңгере алу («сөзбен билеп әкету»).

«Біз сөзді емес, сөйлеп тұрған адамды тыңдаймыз» - *дейді ежелгі римдік философ Квентиллиан.*

Сөзді меңгере алу имиджге тиімділік береді, адамдардың алдында беделін үстем етеді. Менеджерде қойылған дауысы, айшықты дауыс ырғағы, мәнерлілік, екпінмен сөйлей алуы қажет. Мамандардың бағалаулары бойынша, адамның өзін-өзі көрсету бағасы осы дағдысына байланысты. Сөйлей алмайтын адам карьера жасай алмайды (мысалы, Маргарет Тэтчер өзінің саяси карьерасында үш рет шешендік өнер курстарынан өткен).

5. **Әдеп және этикалық нормалар туралы білімі.** Дұрыс жақсы сөйлеу ережелері сақталған кезде имидж жеке сүйкімділік ретінде қабылданады. Жақсы манералар – қарапайым манералар. Оны игеру адамды жағымды етіп көрсетеді және жақсы атақ-абырой туғызады.

6. **Адамгершілік жағы.** Адамдардың сеніміне кіре алмасаңыз *тиімді имиджге ие болу мүмкін емес. Ол ұйымдастыру жағдайында жетекшінің бойында беделінің болуымен байланысты. Беделге ие болу үшін әлеуметтік нормаларға арқа сүйеулері керек.*

7. **«Бетінің құрылысы»** - имидж жасау құралы – визуалды тиімділікті қалыптастырады және мимика, жымиу, көзқарасы, бет терісін, шашын күту, макияж және шаш үлгісі.

Суггестия – тұлғаның басқа адамдарға әсер ете алуы құрылымы мен біліктілігі.

Суггестия имидждің элементтерінің бірі болып табылады. Суггестияда екі элемент өзара байланысқан – *өзіне деген сенімділік және жағымды энергетика*.

Сенімділік біздің өзімізді-өзіміз бағалаудың салдары болып табылады, яғни, басқалардың алдында қалай көрінетінімізді сезіну. Өзін-өзі төмен бағалайтын болса менеджер кәсіби іс-әрекетінде табысқа жете алмайды.

Энергетика – психологиялық күш-жігері, адамның өзінің мүмкіндіктерін, әсер ету күшін жүзеге асыра алу қабілеті. Адамның энергетикасының психикасына қатысты қалыптастады және жинақталады. Өзара араласу барысында әртүрлі тәртіпке бағынатын тәсілдердің көмегімен басқа адамдарға беріледі. Бұл жерде сыртқы кейпі, тәртіп манерасы, көзқарас, даусы мен сөзі, мимика мен жесті белсенді орын алады.

Жағымды энергетиканы шағылдырушы адамның беті болып табылады, сонымен қатар беті сәйкес дамыған компоненттері (мандай, мұрын, қасы, құлақ, көздері).

1. **Сыртқы көрінісі.** Бұндай адамдар сенімділік тудырады. Тартымды, дене бітімдері мықты, қызғаныш тугызатындай мүсінді және өзін жақсы ұстайды.

2. **Байланыссыз әрекеттер** адамдар тек өздеріне ғана сенгені жөн, дегенмен көбінесе басқа адамдарға сенеді.

3. **Көзқарас.** Басқа адамдармен суггестивті энергиялармен алмасудың неғұрлым тиімді каналы болып табылады. *«Концентрацияңыздың күші мықты болған сайын сіздің тартымдылығыңыз арта түседі».*

4. **Сөйлеу қабілеттері.** Шешендік дағдылар, жесттер көрсету, дене қозғалысы кері қойылады.

Дауысына қарай практикалық шешендік аймақта адамдарды үш санатқа бөледі: «бірін тыңдауға болады, екіншісін тыңдай алмайсың, үшіншісін тыңдамауға болмайды». «Кімді тыңдамауға болмайтындар» жағымды энергетиканы алмасуда жеңіл қарсы келеді. Бұл жерде, даусы жақсы құрал болып отыр.

Дауыс – бұл біз, біздің келбетіміз, біздің ойымыз. Егер дауысы ырғақты және неғұрлым қатты болса, сөйлеп тұрған адамның өзіне деегн сенімділігінің мықты екендігін байқатады және керісінше.

5. **Өзіне тән манералар.** Жинақы,өзінің мәнділігін толық сезініп, өзін-өзіұстай алады.

6. **Мақтауды және сынды еркін қабылдап алу біліктілігі.**

Шығармашылыққа баулитын практикалық тапсырмалар

«Ассоциация» жаттығуы

Мұғалімнің имиджі туралы сөз еткенде қандай астас сөздер(ассоциация) ойға келеді.

«Ой елегінен өткізу шкатулкасы» жаттығуы

- Киім-кешек іс-әрекетте табысқа жетуге септігін тигізеді. Мысалдар келтіріңіз.
- Педагог сән тенденциялары мен үлгілерінен қалмауы міндетті ме ?
- Іскер адамның жазба құрал-жабдықтарынан нені көруге болады?
- Дене бітімін айшықты білдіріп тұратын және денеге жабысып тұратын свитер, көйлек және т.б. киюге бола ма?
- Шаш үлгісі сәнді немесе қатал түрде болуы керек пе?
- Әшекей бұйымдары неғұрлым көп болғаны немесе мейлінше аз болғаны дұрыс па?
- Косметика орта немесе жақын ара қашықтықтан көрінгені міндетті ме?
- Макияж міндетті ме?

«Сөйлемді аяқтаңыз» жаттығуы

- Киім кию манерасы ... байланысты
- Ескі сән үлгісімен киінген адам ...
- Романистикалық стилдегі көйлек ...
- Авангардты үлгілер есептеледі ...
- Бояуларға деген қарым-қатынасы ... байланысты
- Күтінетін, жақсы және талғаммен киінген педагог...
- Сіз имиджіңізді бекіте аласыз ба, егер ...
- Жұмыс үшін педагогқа неғұрлым тиесілі киімі ...
- Мұғалімнің имиджінен оқушылар бағалайды ...
- Киімдегі ластық пен ұқыпсыздық... туады
- Тазалық пен ұқыптылық ...
- Нақты сыртқы келбеті мен түсі ...
- Іскер әйел өзіндегі маңызды жақтарын ескереді ...
- Жүдеу әйелдерге ... жақсы болар еді
- Толық әйелдерге ... жарасар еді
- Мұғалімнің имиджі ... шектеулерді болжайды
- Шаштары...
- Шашты сәндеуде ... ескеру қажет
- Сары шашты қыздарға ... макияж, қара шашты қыздарға ... макияж
- Аксессуарлар...

«Визуалды бейне» жаттығуы

Ежелгі Рим педагогикасынан белгілі: «Ешкім ештеңені ұнайтпайтын адамнан ештеңені үйрене алмайды» (Ксенофонт). Педагогқа өзінің тұлғасы туралы жағымды визуалды көзқарасты қалай туғызуға болады?

«Мұғалімнің бейнесі» жаттығуы

Педагогтың имиджі – ізгіліктік педагогиканың маңызды қағидасы – өзін-өзі тәрбиелеу қағидасын жүзеге асыратын негізгі құралдардың бірі. Дұрыс жұмыс істеуі үшін қазіргі кездегі мектеп оқушыларының назарынан не нәрсе тыс қалмайтынын қадағалап отыруы қажет. Егер мұғалімнің өзінде сәйкес түрі болмаса оқушыдан тәртіптілік пен тазалықты талап ете алмайды.

Бүгінгі күнгі мектеп оқушыларын мұғалімнің имиджінен нені көргісі келеді? Жазып көрсетіңіздер.

«Тұлғалық сүйкімділік» жаттығуы

Имидждағы мұғалімнің тұлғалық сүйкімділігінің маңызды тұсы не болып табылады? Тұлғалық сүйкімділік дегеніміз не? Мұғалім тұлғалық сүйкімділігін қалай қалыптастыруы керек? (кілт сөздер: шынайылық, әділеттілік, бүгінгі күнгі бейімділік және т.б.)

«Беделділік» жаттығуы

Психологтардың пікірі бойынша, белгілі бір түстердің өзара сәйкестігі беделділіктің келбетін береді. Педагог беделділік келбетті қалай туғызуы қажет? Және қандай бояулардың гаммасын ескеруі қажет?

«Аудитория алдында сөйлеу» жаттығуы

Егер сіз балалар алдында дәріс оқитын болсаңыз, олар ешкімнің мәжібүрлеуінсіз жағымды эмоциялар туғызу үшін назарларын қандай нәрсеге аудару керек екендігіне тоқталыңыз.

«Мұғалімнің оңтайлы киімі» жаттығуы

Мұғалімнің оңтайлы емес киімдері	Мұғалімнің оңтайлы киімдері
<ul style="list-style-type: none">• Спорттық киімі• Джинсы киімі• ...	<ul style="list-style-type: none">• Іскер костюм: юбка және жакет. Юбканың ұзындығы классикалық (тізеден жоғары не төмен болуы)• ...• ...

Кестедегі тізімді толтырыңыз.

«Түрлі-түсті палитра» жаттығуы

Түсті таңдау психологиялық жүктемені көтереді. Түрлі-түсті комбинациялардың көмегімен жағдаяттың талаптарына байланысты адамдарға белгілі бір әсеріне қол жеткізуге болады.

Мұғалімнің табыстылығын түстер арқылы өзінің мүмкіндіктері мен жетістіктерін нақты көрсетуге болады. Мұғалімнің *бетіне* сәйкес келетін түстарды таңданыз.

<i>Киімнің максималды іскер және ресми түстерді ұнатуы</i>	<i>Киімнің ұнамсыз түстері</i>
Көк, көгілдір ...	Қою қызыл, қою-жасыл, қызыл...

Кестедегі тізімді толықтырыңыз.

«Қажетсіз ұнамсыз түстер» жаттығуы

Зерттеулер бойынша қоңыр түс мұғалім киімінің ұнамсыз түсі болып табылады, дегенмен бұл түс – ресми түс. Неге зерттеу барысында мұндай айғақтар алынды? Сіз осы айғақтармен келісесіз бе?

«Тартымды бейне» жаттығуы

Имидж болуы үшін тартымды бейне маңында орындалатын айшықты тұлғалық бейнені анықтауға болады. Өздеріңіздің тұлғалық ерекшеліктеріңізді анықтаңыз және жазыңыз, тартымды бейне жасаңыз.

«Элеганттылық» жаттығуы

Ер мұғалімнің элеганттылығын көрсететін классикалық кестесін құрыңыз

Костюмнің түсі	Жейдесі	Галстугі	Ботинкасы	Шұлығы

Әйел мұғалімнің элеганттылығын көрсететін классикалық кестесін құрыңыз

Костюмнің түсі	Белдемше, топик	Галстук	Туфли	Бижутерия

«Жеке имиджіңізді қайта құрыңыз» жаттығуы

Жеке имиджін қайта құру – бұл өзін өзгерту. Сіз өзіңіз үшін ойша шешуіңіз және өзгерісті саналы түрде сезінуіңіз керек. Сіз не істер едіңіз?

«Жағымды энергетика» жаттығуы

Жағымды энергетиканы шағылдырушы адамның беті болып табылады, сонымен қатар беті сәйкес дамыған компоненттері (маңдай, мұрын, қасы, құлақ, көздері). Практикада табысты адамдар беттерін түзетумен шұғылданады? Сіз қандай ұсыныс берер едіңіз?

«Дауыс» жаттығуы

Дауыс – бұл біз, біздің келбетіміз және біздің санамыз.

Жазыңыздар

Қажетті белгілер	Қажетті емес белгілер
Жағымды естілуі	Монотондылық
Дыбыстың айшықтығы	Ашулану
Еркін тыныс алуы	Командирліктен
Дикциясының мықтылығы және т.б....	Қырылдау және т.б..

«Имиджді өзгерту» жаттығуы

Менің айрылғым келетін қасиеттерім	Менің қабылдағым келетін қасиеттерім	Сыртқы кейпімнен нені өзгерткім келеді?	Кәсіби іс-әрекетімде қандай болғым келеді?


«Мұғалімнің имиджіне қатысты кеңестер» жаттығуы

Мен мыналарды есте сақтаған жөн деп есептеймін ...

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Попова Л. Имидж – создание образа //Открытая школа, №10 (47) октябрь -2005. – С.50-51.
2. Метаева В. Имидж первого лица школы: внешность, одухотворенная внутренней красотой //Директор школы. – 2005.- №9.- С. 41- 45.
3. Метаева В. Имидж женщины – руководителя: деловитость, помноженное на обаяние //Директор школы. – 2005.- №10.- С. 37- 42.

МУҒАЛИМНИҢ БАСҚАРУШЫЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІ



Өзара қарым-
қатынас

Мұғалім ↔ Мектеп оқушысы
(субъект ↔ субъект)

Оқушының құзыреттілігі әдіснамалық сипаттағы метабілімді игеруді және рефлексивті негіздегі өзінің әрекеттерін өзін-өзі басқаруды болжайды.

Метабілім оқу материалдары мен нормативті бейнелердің қарым-қатынасында алгоритмдік тәртіптен тұрады.

Метабілім оқушының әрі танымдық, әрі шығармашылық қабілеттерін дамыту мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді.

Басқарушылық
бағдары

- Процесс (процестік басқару)
- Нәтиже (мақсатты және құндылық басқару).

Қабілеттерді кепілді дамыту өзін-өзі тану, өзін-өзі анықтау, өзін-өзі бекіту, өзін-өзі жүзеге асыру, өзін-өзі реттеу кезеңінен өтетін рефлексивті негізде оқушының өзін-өзі басқаруын қамтамасыз етеді.

Оқушыны басқару
типтері

- Жүйелі (жеке объектке бағытталған)
- Жүйелі емес (автономды, жағдаятты)
- Реактивті (шектен шығу бойынша басқару)
- Ұтқыр (болжамға негізделген)

Мұғалімнің
басқару
объектілері

- Корпоративті
- Құндылық

Мұғалімнің
басқару
функциялары

- Оқушылардың оқу іс-әрекеттерін болжау
- Жобалау (адамгершілік негізге сүйене отырып моделдеу)

Басқаруды
ұйымдастырудың
құрылымы

Мұғалім ↔ уақытша ұйымдастыру

1. басқарушылық процестері,
2. өзін-өзі басқару процестері,
3. бір оқушының оқу іс-әрекетін екінші оқушы тарапынан басқару процестері

Мұғалімнің басқаруды
ұйымдастыру
құрылымының
жобалық типі

Жағдаят

Оқушылардың
шешім
қабылдауларына
қарай міндеттерін
бөлу

Оқушының басқару іс-әрекетінің функционалды кезеңдері

1. Ақпараттық-аналитикалық	2. Мотивациялық-мақсаттық	3. Жоспарлы-болжамды	4. Ұйымдастырушылық қорындаушылық	5. Бақылау - бағалаушылық	6. Регулятивті-коррекциялық
----------------------------	---------------------------	----------------------	-----------------------------------	---------------------------	-----------------------------

1. Ақпараттық-аналитикалық функция

Ақпараттық блоктар	Мұғалімнің ақпараттық деңгейін талдау	Оқушының ақпараттық деңгейін талдау	Проблемалық-бағдарлы ақпараттық бағыттылығы	Ақпараттың мазмұны	Ақпараттық топтары	Басқарушылық әрекеттер
Нәтижелер, параметрлер ж/ешарттар оқу іс-әрекеттерін басқару ретінде	Педагогикалық талдау формасына бағытталған. • жағдайды анықтауға, тенденцияларға, жағдайдың өзгеруіне, оқушылардың оқу іс-әрекеттерін өзгерту үшін ресурстардың санына, • өзіндік оқу іс-әрекеттері және оның айғақты нәтижелерін анықтауға, • басқару мен оқу іс-әрекетін қолдауға қажетті өлшемдерін анықтауға немесе басқа деңгейге ауыстыруға	Өзіндік оқу іс-әрекеті жағдайын анықтауға, берілген жағдайды немесе басқа деңгейге ауыстыруды қолдау өлшемдерін анықтауға бағытталған.	Білім беру және басқару нәтижелері, параметрлері мен шарттары арасында себеп-салдар байланыстарын анықтауды болжайды.	Оқушыны дамыту, тәрбиелеу және оқыту мақсаты және нәтижелерімен байланысқан	Параметрлері: 1. оқушылардың денсаулықтарына қатысты; 2. оқушылардың білімділіктеріне; 3. оқушының тұлғалық дамуы; 4. білім беру процесі 5. оқу іс-әрекетінің шарттары	<ul style="list-style-type: none"> • педагогикалық талдауды өткізу мақсатын анықтайды; • ақпаратты іздеу тәртібін жинақтауды, өңдеуді, қолдануды, талдауды және сақтауды анықтайды; • проблемалық-бағдарлы талдауды өткізу бағдарламасын анықтайды; • талдауды өткізуге қатысушылардың құқықтарын, міндеттерін, уәкілділіктерін бөліп береді; • процесі өзгерту үшін қажет ресурстардың жағдайын, түрлерін анықтайды. Себеп-салдар байланысын нақтылау негізінде талдаудың нәтижелігін айқындайды; • ұсынылған технологиялық режимде берілгендер базасын қалыптастыру процесін қолдайды.

2. Мотивациялық-мақсатты функция

Басқару сипаты	Іс-әрекет мақсатының құрылымы	Мақсат кою	Мотивациялық-мақсатты функциялардың сипаты	Мұғалімнің басқару әрекеттері
<p>Өзіндік ойлар мен құндылықтар жүйесіне негізделген оқушыларға қатысты сыртқы және ішкі мақсаттардың келісімділігі.</p>	<ul style="list-style-type: none"> • қажеттілік мақсаты (бұл не үшін керек); • процесс-мақсаты (қажетті нәтижені алу жолдары); • ресурс-мақсаты (мүмкіндіктердің саны); • технологиялық ресурс мақсаты (болжамды нәтижелерін қолдану мүмкіндік шекарасын анықтау); • соңғы мақсаты (соңғы өнім) 	<p>Кешенді мақсатты қалыптастыру</p> <ul style="list-style-type: none"> • мұғалімнің деңгейінде (оқушының мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін, оқу іс-әрекетінің параметрлері мен шарттарын ескере отырып, оның дамуын басқаруды жобалау); • оқушының деңгейінде (адекватты қажетті оқу іс-әрекеттері нәтижелерін жобалау), мүмкіндіктеріне және шарттарына 	<ul style="list-style-type: none"> • ортақ ойлар мен құндылықтарды қабылдау негізіндегі жобалау процедуралары мен нәтижелерінің оңтайлы келісімділігі мен жоғары нақтылығы; • басқарудың барлық кезеңдерінің келісімділігіне сәйкес барлық мақсаттарының оңтайлы қрылымы; • өзін-өзі анықтау деңгейінде оқушылардың өзіндік мақсаттары; • жобалаушылық процедуралардың аяқталуы мен ұзақтылық оңтайлығы. 	<ul style="list-style-type: none"> • мақсат кою процесі мотивациясын жүзеге асыру; • мақсат туралы ақпараттардың жіктемесін жасау; • мақсат кою процесін модульдейді; • мақсатты қабылдау процедурасының қамтамасыз етілуі мен келісімділігі; • қалыптасқан мақсаттың адекваттылығы мен құрылымдылығын анықтау; • ұсынылған технологиялық режимде мақсат кою процесін қолдайды және қажеттіліктерді, жобалауды, ұйымдастыруды анықтау кезеңдерінде реттеп отырады. Қалыптасқан мақсатты түзетеді.

3. Жоспарлы-болжамдық функция

Анықтайды	Жоспарлы-болжамдық функциялардың мәні	Жоспарлы-болжамдық функциялардың сипаты	Бағдарламаны жүзеге асыру көрсеткіштері	Мұғалімнің басқарушылық әрекеттері
<p>Басқару циклдары аймағында мақсатқа жету бағдарламасын. Бағдарламаның сапасы: өзектілік, болжамдық, рационалдық, реалистік, тұтастық, бақылаушылық және сезімталдық. Бағдарлама мен жоспар біріккен іс-әрекетті ұйымдастыру мен кіріктіруді анықтайды. Бағдарламаның немесе жоспардың сипаттамасы ресурстарды, мүмкіндіктерді, шарттар мен әрекеттерді ескерумен байланысты.</p>	<p>Мұғалім мен оқушы үшін ортақ болашақтағы болжам мен жоспарлау</p>	<ul style="list-style-type: none"> • болжамдық процедуралардың оңтайлы келісімділігі; • ортақ операциялық мақсаттарды қабылдау негізінде болжаудың нәтижелерінің жоғары нақтылығы; • бағдарламалар мен жоспарлардың оңтайлы құрылымдылығы; • болжамдық процедуралар іс-әректінің аяқталуы мен оңтайлығы. 	<ul style="list-style-type: none"> • мотивация деңгейлері (оңтайлы, қол жетімді, сыни); • басқарудың аналитикалық мәдениет деңгейі (зерттеушілік, құрылымдық, репродуктивті); • жоспарлаудағы жобалаудың деңгейі (шынайылық, қол жетімді, өлшемді); • құқықтықты, уәкілдік пен жауапкершілікті бөлу деңгейі (оңтайлы, қол жетімді, қол жетімді емес). 	<ul style="list-style-type: none"> • Болжау және жоспарлау процестердің мотивациясын жүзеге асыру; • бағдарламалар мен жоспарлар туралы ақпараттарды жіктейді және олардың рационалдығы мен бақылаушылығын жобалайды; • бағдарламалар мен жоспарлардың өзектілік, болжамдық, рационалдық, реалистік, тұтастық, бақылаушылық және сезімталдық деңгейлерін анықтау; • ұсынылған технологиялық режимде болжам процесін қолдау. Қалыптасқан бағдарламалар мен жоспарларды бейімдейді.

4. Ұйымдастырушылық-орындаушылық функция

Байланысты	Мәні	Ұйымдастырушылық-орындаушылық сипаты	Тұғыр	Мұғалімнің басқарушылық әрекеттері
<p>Басқарушылық циклдар аймағында бағдарламалар мен жоспарларды жүзеге асыру</p>	<p>Жеке тұлғаның, топтың және ұжымның қызығушылықтарының сәйкестендіруге септігін тигізетін басқарушылық уәкілділігін бөліп көрсету.</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Орындаушылық процедуралардың оңтайлы келісімділігі мен ортақ бағдарламалар мен жоспарлар негізінде орындау нәтижелерінің жоғары нақтылығы; • Барлық басқарушылық кезеңдерінің келісімділігімен сәйкес орындауды ұйымдастыру мен тетіктерінің оңтайлы құрылымы; • Орындаушылық процедуралардың ұзақтылық аяқталуы мен оңтайлығы 	<ul style="list-style-type: none"> • Басқару субъектілерінің іс-әрекетіне вариативті тұғыр оқушылардың орындаушы ролінен ұйымдастырушы роліне, репродуктивті іс-әрекетінен продуктивтіге тура және кері өтумен байланысты. 	<ul style="list-style-type: none"> • Субъект-субъект қарым-қатынасы мен өзара әсер мотивациясын жүзеге асырады; • Іс-әрекет субъектілері бойынша ақпараттар ағымын жіктейді; • Оқушылар үшін ұйымдастырушылық процедураларды болжайды; • Субординация және координация тұрғысынан оқушылардың өзара байланысын бақылайды; • Басқарудың ұйымдастырушылық механизмін жүзеге асыру деңгейін бағалайды; • Ұсынылған технологиялық режимде ұйымдастырушылық механизмін қолдайды. Қалыптасқан ұйымдастырушылық механизмді реттейді.

5. Бақылаушылық-бағалаушылық функция

Болжайды	Мәні	Жетекші әдіс	Бақылаушылық-бағалаушылық кезеңдер сипаты	Оқушының басқару әрекеті
<p>Ақпараттарды, өзіндік басқарушылық іс-әрекетін бағалау м.н оқыту нәтижелерін алу</p>	<p>Педагог деңгейінде – басқару циклы және жеке кезеңдер аймағында басқару мен оқу іс-әрекеті нәтижелерін бағалау .</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Педагогикалық мониторинг. • Оның объектісі – қол жеткізуде қолданылатын оқу іс-әрекетінің нәтижелері мен құралдары. • Диагностика білім беру мониторинг құралы болып табылады (түрлері: таныстырушылық, алғашқы, процессуалды, тереңдетілген, түзетуші, өзін-өзі бағалаушы). Диагностика басқарушы жүйенің жағдайын, оның элементтерін, нормативті параметрлерден ауытқуды тіркеу, яғни, бағалау тенденцияларын анықтауға бағытталады. 	<ul style="list-style-type: none"> • Бағалаушы процедуралардың оңтайлы келісімділігі; • Ортақ бағдарламалар мен жоспарды қабылдау негізінде мониторинг нәтижелерінің жоғары нақтылығы; • Басқарудың барлық кезеңдерінің келісімділігімен сәйкес мониторингтің оңтайлы құрылымы. 	<ul style="list-style-type: none"> • Педагогикалық мониторингтің мақсатын анықтайды және мақсаттың топтарына қарай ақпараттар ағымын жіктейді; • Оқушылардың қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін және олардың іс-әрекет шарттарын ескере отырып, мақсаттың топтарына қарай диагностикалық процедураларды болжайды; • Диагностикалық процедура аймағында оқушылардың өзара әрекетін бақылайды және қолдайды; • Мақсаттар мен бағдарламалардың критерийлері бойынша мониторингтің нәтижелері деңгейлерін айқындайды; • Ұсынылған технологиялық режимдегі педагогикалық мониторингті қолдау.

6. Регулятивті-коррекциялық функция

Болжайды	Мәні	Сипаты	Оқушының басқару әрекеті
Бағдарламаланған деңгейде оқу іс-әрекетін қолдау	Оқушылардың оқу іс-әрекетін тұрақтандыру мақсатында басқарушылық және білім беру процесіне рационалды әсер ету, жағымсыз ауытқуларды құрту.	<ul style="list-style-type: none"> • Ортақ бағдарламалар мен жоспарды қабылдау негізіндереттеу және түзету нәтижелерінің оңтайлы келісімділігі мен жоғары нақтылығы; • Басқарудың барлық кезеңдерінің келісімділігімен сәйкес реттеу мен түзетудің оңтайлы құрылымы 	<ul style="list-style-type: none"> • Реттеу мен түзету мақсаттарын анықтайды және оқушылардың қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін және олардың оқу іс-әрекет шарттарын ескере отырып қолданудың өлшемдерін болжайды; • Оқушылардың өзара байланысын бақылайды және қолдайды; • Қайталаушы диагностикалық процедуралар аймағында реттеу мен түзету нәтижелерінің деңгейін анықтайды; • Ұсынылған технологиялық режимдегі реттеу және түзетуді қолдау.

Сеновский И.Б. Управленческая деятельность учителя //Школьные технологии. – 2003.-№3.–С.68-75.

МҰҒАЛІМНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТАКТЫСЫ

«Кластерлер» жаттығуы

Кластерлер құрастырындар:

1. Тиімді педагог
2. Тиімсіз педагог

«Аяқталмаған сөйлемдер» жаттығуы

Сөйлемді аяқтаңыздар:

1. Педагогикалық такт оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың маңызды компоненті ...
2. Педагогикалық такт педагогтан талап етеді ...
3. Педагогикалық такт табу біліктілігінен байқалады ...

«Қарым-қатынас сипаты» жаттығуы

Оқушы мен мұғалімнің қалыптасқан қарым-қатынас сипаты барлық оқу-тәрбие жұмысының тиімділігіне әсер етеді, педагогикалық процеске жағымды әсерін тигізеді немесе қиындатады, білімге деген қызығушылықты ынталандырады немесе тоқтады.

Қарым-қатынас сипаты деген не? Ол оқу-тәрбие процесінде қандай факторлардан тұрады?

«Мұғалімнің тәртіп ережелері» жаттығуы

Мұғалім мен оқушылар арасындағы қарым-қатынас нормалары адамгершілік тәрбие әдістері болып табылады. Себебі, оқушылардың бойында адами қарым-қатынастың белгілі бір типін қалыптастырады, сәйкес адамгершілік тәжірибеге баулиды. Сондықтан, мұғалімге оқу-тәрбие және алуан түрлі сабақтан тыс іс-әрекеттерде белгілі бір тәртіп ережелеріне сүйену маңызды.

Оқу-тәрбие процесіндегі педагогтың тәртіп ережелерін жасап көріңіз.

«Өзіндік абыройы» жаттығуы

Мұғалім кез келген жағдайда өз оқушыларының әрқайсының өзіндік абыройына құрметпен қарауы және сол сезімді қалыптастыруы керек.

Өзіндік абырой сезімі дегеніміз не? Және оны оқушылардың бойында қалай қалыптастыру керек?

«Өзара түсінушілік жағдайы» жаттығуы

Педагог әрбір оқушыдан шығармашыл, дамушы тұлғаны көріп, өзін-өзі жетілдіруге құлшынысын қолдауы қажет. Тек балаларға деген терең құрмет, сенім, шынайы сүйіспеншілік қана, мектепте адамгершілік қарым-қатынас сипатына қатысты бірін-бірі түсіну жағдайын туғызуға септігін тигізеді.

Педагог пен оқушының арасындағы өзара түсінушілік қарым-қатынас қандай факторлардан тұрады?

«Компромисті шешім қабылдау» жаттығуы

Педагогикалық әдеп шиеленіссіз тәрбиені мойындамайды, дегенмен моралды шиеленістерді әкімшілік қысым әдістері арқылы емес, компромисті тәсілдерді табу жолдары арқылы шешуге болады.

Не себептен шиеленістер туады? Оқу-тәрбие процесінде компромисті шешімдердің қандай жолдарын білесіз?

«Бағалаудағы әділеттілік» жаттығуы

Оқушылардың білімі мен біліктіліктерін бағалаудағы әділеттілік – адамгершілік қарым-қатынастар реттеуіштердің маңыздысы. Бағалаудағы әділеттілік деген не және педагогикалық іс-әрекетте қалай жүзеге асыруға болады?

«Талап қоюшылық» жаттығуы

Сөйлемді аяқтаңыз

1. Мұғалім оқушыға талап қоюы керек, дегенмен оның талабы ізгілікті, сыйласымдылықпен, рухани жылылықпен өтуі керек ...

2. Мұғалім оқушыға қатаң талап қоя отырып, ... жол бермеуі керек.

«Талап қоюшылық, өзін-өзі сынай білуге тәрбиелеу» жаттығуы

Педагог оқушылардың бойында өзіне талап қоюшылық, өзін-өзі сынау сияқты қасиеттерді сіңіруі қажет. Өзіне талап қою, өзін-өзі сынаудеген не? Оларды қалай қалыптастыруға болады?

«Қарым-қатынас» жаттығуы

Мектеп психологы Ж.Ж.Алтабаева жоғары сынып оқушыларының арасында зерттеу жүргізіп, оқушының мұғалімге деген қарым-қатынасын төмендегідей үш параметрлері негізінде болатындығын айқындады – гностикалық, эмоционалды, мазмұндық. Эмоционалды компонент оқушының мұғалімге деген сүйіспеншілік деңгейлерін анықтайды, гностикалық – мұғалімнің құзыреттілік деңгейі маман ретінде айқындалады; мазмұндық – мұғалім мен оқушының шынайы қарым-қатынасының қалай орбитіндігін көрсетеді.

Неге бір мұғалімде оқушымен өзара қарым-қатынасы жағымды түрде шиеленіссіз өтеді де, екіншісінде – керісінше?

Бұл немен байланысты және осындай теріс қарым-қатынастан қалай құтылуға болады?

«Ортақ тіл» жаттығуы

Балалармен қарым-қатынас жасағанда педагог ортақ тіл, қажетті реңк таба білуі керек. Ортақ тіл, қажетті реңк таба білу дегеніміз не? Педагог қалай ортақ тіл таба алуы қажет және ол қалай қажетті реңкпен өзара байланысқан?

«Индивидуалды тұғыр»жаттығуы

Индивидуалды тұғыр – педагогикалық тактиканың негізгі элементтері мен талаптарының бірі. Индивидуалды тұғыр дегеніміз не және оны педагог өзінің балалармен кәсіби-педагогикалық іс-әрекетінде қалай жүзеге асыра алады?

«Педагогикалық тактқа қойылатын талаптар»жаттығуы

Педагогикалық такт педагогтан талап етеді:

- әрі әріптестеріне, әрі оқушыларға сыйласымдықпен қарауды, өзара түсінушілікке талпынуға ...

- әріптестер мен оқушылардың ой-пікіріне, оқушы тұлғасына сыйласымдылықпен қарым-қатынасын;

- өзін оқушы орнына қоя білу біліктілігін;

- ...

«Педагогикалық такт біліктілігі»жаттығуы

Педагогикалық такт төмендегідей біліктілікті табумен бейнеленеді:

- темпераменттің типіне байланыссыз әрбір оқушыға қарым-қатынас жасау;

- баламен сенімді қарым-қатынас орнату;

- «ең нашар» оқушының өзінен жақсы жақтарын көру және сыныпта қуғындау болмауы үшін оқушының жақсы қасиеттерін көрсету;

- «жауласушы жақтар» арасында өзара түсінушілік орнату, яғни, балалар мен ата-аналарды достастыру;

- ...

«Педагогикалық такт компоненттері»жаттығуы

Мұғалімнің педагогикалық тактысы төмендегідей:

- оқушы тұлғасын құрметтеу;

- намысына тимеу, төмендетпеу оқушыға деген жек көрушілік сезімінді көрсетпеу (мұғалімнің бұған құқы жоқ);

- оқушыны төмендетпеу, керісінше, дем беріп отыру;

- в цепочке «мұғалім – оқушы – ата-ана» тізбегінде барлығы өзін еркін сезінуі қажет;

- ...

«Ақылды нақыл сөздер»жаттығуы

Өзіңіздің афоризмінізді жасап көріңіз немесе мұғалімнің педагогикалық такты тақырыбына анықтама беріңіз.

Мәселен, «Такт – өзін дұрыс кейпінде ұстай білуі, сезімдердің өлшемі» С.И.Ожегов.

«Алтын ережелер»жаттығуы

Мұғалімнің педагогикалық тақттың алтын ережелерін жасап көріңіз.

Мәселен,

1. Мұғалім оқушыларды жақсы көретіндер мен жек көретіндерге бөлмеуі керек.

2. Дұрыс емес тәсілдерге қатысты ашу-ызаны антипатияға ауыстырмауы қажет.

3. Мұғалім әрбір оқушыдан жағымды қасиеттерін іздеп-тауып қана қоймай, өздерінің балалармен қарым-қатынастарын осының негізінде құруы керек.

4. Балалардың өзін-өзі сүю қасиеттеріне аяушылық жасау, күлкі мен намысқа тиетін әрекеттерден әлсіз және ұялшак балаларды құтқару.

5. Балалардың білуге құмарлықтары оянған кезде кекесін сөздерді болдырмау.

6. ...

ЖҮПТАСЫП ОРЫНДАЛАТЫН ЖАТТЫҒУЛАР

1-тапсырма. «Фонация».

Бір ғана сөзді бірнеше рет айтуды болжайды

(Мәселен: «Бүгін мен сіздерге айтқым келеді...» немесе балалардың өлеңдерінен кез келген сөйлемді алып, мәселен, «Қоян отыр партада», «Алтын күн аспаны») әр түрлі мағынада:

- әрбір сөзден кейін паузамен айтып көріңіз;
- әрбір сөзден кейін: «м-м», «э-э» сөздерін айтып көріңіз;
- әрбір сөзден кейін: «міне», «бұл», «әрине» айтып көріңіз;
- өте тездетіп айтып көріңіз;
- өте ақырын айтып көріңіз;
- өте қатты айтып көріңіз;
- өте тыныш айтып көріңіз;
- тыныш, бірақ тез айтып көріңіз;
- қатты, бірақ ақырын айтып көріңіз;
- әрбір сөзді екі рет қайталап, және т.б. айтып көріңіз.

Жоғарыдағы сөздерді қайталай отырып, ішкі жан-дүниені білдіру керек.

2-тапсырма. «Логикалық екпін» (С.Г.Никольскаяның пікірінше).

Студенттерге жаңылтпаш, мақалды және т.б. логикалық екпінмен оқуды ұсынады: «Есет атам ет асатар. Ет асатса бес асатар...»

Сонымен қатар әрбір сөзді кезекпе-кезек логикалық айқындау отырып, «көршісіне» сұрақ қояды.

Кімге сұрақ қойылса, ол логикалық қойылған сұраққа сәйкес жауап беруі керек.

Мысалы:

- *Шеше, неше кесе сынды кеше?* (Сұрақ)
- *Шеше, неше кесе сынды кеше.* (Жауап)
- *Шеше, неше кесе сынды кеше?* (Сұрақ)
- *Шеше, неше кесе сынды кеше.* (Жауап)

Мәтіннің орнына дауысты дыбыстардың қатарын қолдануды ұсынады: и-э-а-о-у-ы. Мысалы:

- *И-э-а-о-у-ы?* (Сұрақ)
- *И-э-а-о-у-ы.* (Жауап)
- *И-э-а-о-у-ы?* (Сұрақ)
- *И-э-а-о-у-ы.* (Жауап)

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

Тапсырмалар.

1. Әлеуметтік перцепциялар дағдысын дамыту.
2. Қарым-қатынастың вербалды емес тәсілдерін басқару мен құрастыру біліктіліктерін қалыптастыру.

1-тапсырма. «Сәлемдесу» (И.А.Зязюннің пікірінше).

Студенттер вербалды емес тәсілдердің көмегімен бір-бірімен немесе бірден барлық аудиториямен сәлемдесуі керек. Тапсырма кезекпе-кезек орындалады.

2-тапсырма. «Көңіл-күй» (И.А.Зязюннің пікірінше).

Студенттер қазіргі көңіл-күйлерін көрсетуі керек (сөзсіз)

Пантомимика — барлық дене қозғалыстары (поза).

И.Э.Кох «Сахналық қозғалыстар негіздері» кітабында қозғалыстың келесі қозғалыстарын ажыратады: локомоторлық және жұмыс, семантикалық, иллюстративті және пантомимикалық (немесе эмоционалдық).

Локомоторлы және жұмыс қозғалыстары қарапайым және еңбек әрекеттерін жүзеге асырады. Олар негізгі және қосымша болып бөлінеді. Мәселен, жүрген кезде негізгі қозғалыстарды аяқтар, қосымшаны – қолдар орындайды. Бұл қозғалыстар автоматты түрде орындалады, сондықтан осы қозғалыстар деңгейінде алуан түрлі бақылауға көнбейтін әдеттер туады.

Семантикалық қозғалыстар төмендегідей пікірлер мен сөздерге сәйкес: «Иә» (басты шұлғу); «Жақында» (қолмен немесе саусақпен шақыру); «Тыныш» (саусақты ерінге қою); «Қалыңыз», «Бара беріңіз», «Отырыңыз» және т.б. Бұл қозғалыстар аз ғана болғанымен, өмірде адамдар жиі кездеседі. Бұл қозғалыстарөзінен өзі мәндік жүктемені білдіреді, мәні бар, сондықтан сөзді алмастыра алады.

Берілген жаттығулар бір фразаның өзі ғана әр түрлі коммуникативті жағдаяттарда алуан түрлі мағынаны көрсетеді, әртүрлі қабылданады және әріптестерімен бағаланады.

3.1.-тапсырма. «Семантикалық қозғалыстар»

Сөздер тізбегінің мазмұнын семантикалық қозғалыстардың көмегімен беру қажет.

1. Отыруды ұсыну:
 - отырыңыз, өтінемін;
 - отыр;
 - отырыңыз;
 - отыру керек;
 - тез отыр.

Тапсырманы орындау барысында сөзді толығымен қозғалыспен ауыстыруға болады немесе қозғалыс арқылы сөзді сүйемелдеу.

3.2.-тапсырма. «Семантикалық қозғалыстар»

Сөздер тізбегінің мазмұнын семантикалық қозғалыстардың көмегімен беру қажет.

2. Шығып кетуді ұсыну:
 - шығыңыз, өтінемін;
 - шык!;
 - есіктің артында күтіңіз.

Тапсырманы орындау барысында сөзді толығымен қозғалыспен ауыстыруға болады немесе қозғалыс арқылы сөзді сүйемелдеу.

3.3.-тапсырма «Семантикалық қозғалыстар»

Сөздер тізбегінің мазмұнын семантикалық қозғалыстардың көмегімен беру қажет.

3. Жақындауды ұсыну:
 - жақындаңыз, өтінемін;
 - маған кел;
 - тез кел.

Тапсырманы орындау барысында сөзді толығымен қозғалыспен ауыстыруға болады немесе қозғалыс арқылы сөзді сүйемелдеу.

3.4.-тапсырма «Семантикалық қозғалыстар»

Сөздер тізбегінің мазмұнын семантикалық қозғалыстардың көмегімен беру қажет.

4. Келісім беру (бас шұлуғу):
 - сенімді, нақты;
 - сенімсіз;
 - айнып қалмай тұрғанда тез келісім беру;
 - «Иә» деген сөзді бірінші рет айтып тұрғам жоқ.

Тапсырманы орындау барысында сөзді толығымен қозғалыспен ауыстыруға болады немесе қозғалыс арқылы сөзді сүйемелдеу.

3.5.-тапсырма «Семантикалық қозғалыстар»

Сөздер тізбегінің мазмұнын семантикалық қозғалыстардың көмегімен беру қажет.

5. Келіспейтіндігін білдіру (бастықозғау арқылы іспейтіндігін білдіру)

- ешқашан;
- күмәнім бар;
- сенімді, нақты;
- ойын арқылы.

Тапсырманы орындау барысында сөзді толығымен қозғалыспен ауыстыруға болады немесе қозғалыс арқылы сөзді сүйемелдеу.

«Алақанның күші» жаттығуы

«Мен мұны көрдім!» сөзін бірнеше рет қайталау.

Бірінші жағдайда — алақанды жайып көрсету.

Екінші жағдайда — алақанды төмен қарату арқылы.

Үшіншіде — саусақпен көрсету.

Төртіншіде — тездетіп айту қажеттілігін көрсету керек болса, саусақ қозғалысын қосу.

«Алақанның күші» жаттығуы

«Мен мұны білемін!» сөзін бірнеше рет қайталау.

Бірінші жағдайда — алақанды жайып көрсету.

Екінші жағдайда — алақанды төмен қарату арқылы.

Үшіншіде — саусақпен көрсету.

Төртіншіде — тездетіп айту қажеттілігін көрсету керек болса, саусақ қозғалысын қосу.

«Дененің қалпы» тапсырмасы

Қарым-қатынаста арқасын дұрыс ұстаумен, тұру, отыру, қозғалу кейпілеріне (жүріс-тұрысы) қатысты берілген әдеттермен байланысты жабық және ашық дене қалыптары қолданылады.

Жабық дене қалпы (кеуде тұсында қолдарын айқастыру, бастың иық қуыстарына ену, қолдарын қалталарында ұстау, аяқты аяғына қойып отыру және т.б.) сөйлескісі келмейтін, өзіне сенімсіз, сыртта қалу белгісі ретінде қабылданады.

Ашық дене қалпы, керісінше, сұхбаттасқысы келетін белгі, көзқарастары, талпыныстарынан ортақ ықылас білдіру, өзара түсіністіктерге талпыныстары ретінде қабылданады.

Студенттерге сөздер тізбегін әртүрлі дене қалпын ұстау арқылы айту ұсынылады. Мәселен:

1. «Сізбен қарым-қатынас жасау маған ұнайды».

Дене қалпы:

- қолдары кеуде тұсында айқастырылған;
- қолдары серіктесіне (немесе аудиториядағы) «ашылған»;
- қолдары арқасында;
- қолдары қалтасында;

2. «Сізбен бұл туралы сөз қозғау ұнайды».

Дене қалпы:

- қолдары кеуде тұсында айқастырылған;
- қолдары серіктесінің иығында жатады;
- қолдары денесінің бойымен төмен түскен, басы да төмен түскен;
- қолдары арқасында, иегі жоғары көтерілген және т.б.

Әрбір көріністен кейін студенттер серіктестердің қандай қарым-қатынаста екенін, сөйлеп тұрған адамды тыңдаушы қалай қабылдайды, сөздер тізбегі қаншалықты шынайы айтылғанын талдайды.

Психологиялық сабақтар

	<i>Сабақтардың тақырыбы</i>	<i>сыныбы</i>
1.	<u>Жар таңдаудың ұлттық психологиялық астарлары</u>	11-сынып
2.	<u>6-7 жасар балалардың мектеп өміріне бейімделуіндегі ата-аналардың алатын орны</u>	6-7 жасар

6-7 жасар балалардың мектеп өміріне бейімделуіндегі ата-аналардың алатын орны

Мақсаты: 6-7 жасар балалардың психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, жан- жақты дамуына, әлеуметтік ортаға бейімделуіне ата-аналардың жағдай туғыза білуі.

Міндеті:

- 6 жасар балалардың психологиялық денсаулығын сақтай отырып жан-жақты дамуына жағдай жасау;
- әлеуметтік ортаға бейімдей отырып, өзін қоршаған ортада толыққанды сезінуіне жағдай туғызу;
- қоршаған ортамен қарым-қатынас жасауда мінез-құлық мәдениетіне тәрбиелей отырып, рухани құндылықтардың негізін қалау.

Қажетті құрал-жабдықтар:

Ақ парақтар (А4 форматты), қаламдар, музыкалық әуендер, ата-аналарды ынталандыру сыйлықтары.

Мақсаты: 6-7 жасар балалардың психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, жан- жақты дамуына, әлеуметтік ортаға бейімделуіне ата-аналардың жағдай туғыза білуі.

Семинар-кеңес жоспары:

1. Топқа бөліну.
2. Танысу.
3. Пікірлесу сәті.
4. "6-7 жасар баланың мектептегі оқуға дайындығы» жайлы шағын дәріс.
5. «Балалық шаққа оралу» психологиялық ойын-жаттығуы.
6. Жағдаяттар.
7. Сергіту сәті. «Ауа-райы» психологиялық ойын-жаттығуы.
8. Психологиялық кеңес беру.
9. Қорытынды.

Семинар-кеңес барысы:

1. Топқа бөліну (алдын ала берілген белгілер бойынша ата-аналар өз қалаулары бойынша түске байланысты бөлініп отырады).

2. Танысу.

а) Есіміңіз.

ә) Сіз қандайсыз? (сын есім, 3,4 сөзбен)

б) Бүгінгі көңіл-күйіңіз.

Бала тәрбиесі қай заманның, қай қоғамның болсын ойшылдары мен зиялы қауымдарын үздіксіз ізденіске түсірген ізгі мұрат болғаны даусыз. Бүгінгі таңда білім беру жүйесі де әлемдік білім беру кеңістігіне ену мақсатында түрлі реформаларды жүргізіп келеді. Соның бірі 12 жылдық білім беру жүйесіне көшу. Сондықтан да соңғы жылдары бірінші сыныпқа қабылдау 6-7 жастан жүргізілуде.

Бірақ осы жастағы балалар толығымен мектептегі оқуға жас ерекшелігіне сай жан-жақты дайындалып келе ме? Мектеп өміріне бейімделуде қандай кедергілер мен қиындықтарға кезігу де? Баланың мектеп өміріне бейімделуіндегі ата-ананың алатын орны қандай? т.с.с сұрақтар төңірегінде сіздермен ой бөлісуді жөн санап отырып, «6-7 жасар балалардың мектеп өміріне бейімделуіндегі ата-аналардың алар орны» тақырыбында семинар-кеңесімізді ұсынамыз.

3. Пікірлесу сәті.

Ең алдымен мына сұрақтар төңірегінде пікірлесіп, ой бөлісейік.

· 1 топ сұрағы. Балаңыздың алғаш мектеп табалдырығын аттап, оқушы атануы сізге қандай ой салды?

· 2 топ сұрағы. Мектепке келгелі балаңыздың мінез-құлқында өзгерістер бар ма?

· 3 топ сұрағы. Баланыздың мектеп өміріне бейімделуі дегенді қалай түсінесіз?

Әр топ өз жауаптарын ұсынып, пікір алмасып, ой бөліседі (қорғау сәті)

4. "6-7 жасар баланың мектептегі оқуға дайындығы» шағын дәріс.

Кешегі үйдегі ойын баласы мектеп табалдырығын аттаған күннен бастап оқушы атанады. Мектепке барып, оқушы атануы - бала өміріндегі болатын үлкен өзгеріс, жаңа қоғамға ену, өзіне жаңа міндеттерді жүктеу, жаңа ортаға бейімделу, қарым-қатынаста болу, яғни жетілу, даму сатысы болып табылады. Ендеше, бала психикасы да өзгерістерге ене отырып, ішкі эмоциялары қалыптаса бастайды, түрлі қызығушылықтары оянып, өзінің орнын бағалауға бейімделеді. Мектеп өміріне толыққанды бейімделуі үшін ата-ана баланың жас ерекшелігіне сай даму сатыларын білгені жөн. Бұл дайындық мына төмендегі құрылымдық көрсеткіштерден тұрады:

- әлеуметтік ортасы өзгереді;
- жаңа ортаға бейімделеді;
- дос табуға қажеттілігі артады;
- үлкендермен қарым-қатынас жасауға талпынады;
- өзінің іс-әрекетінің бағалануын қалайды;
- топ мүшелерінің арасында белсенді болуға тырысады;

- қарым-қатынас түрлерін меңгере бастайды;
- жанұядағы орны өзгере бастайды;
- көркем шығармалардағы кейіпкерлерге еліктейді;
- танымдық дамуы кеңейіп, қызығушылығы арта бастайды;
- ішкі эмоциялық көңіл-күйі қалыптаса бастайды.

Психологиялық тұрғыдағы даму көрсеткіштері

Баланың жеке дамуында:

- қабылдауы - аналитикалық сипатқа ие болып, білуге күштарлығы оянады;
- зейіні - тұрақсыз, ырықсыз болады, жиі алаңдайды;
- есте сақтаудың механикалық түрі іске қосылады;
- ойлаудың көрнекі-бейнелі түрі жетекші болады;
- сөйлеу тілі- сипаттау ыңғайында болады;
- психикалық іс-әрекеттің ырықсыз қалыптарынан ырықты қалыптарына біртіндеп өте бастайды.

Педагогикалық тұрғыдағы көрсеткіштері

Бұл көрсеткіштер баланың нақты білімі мен ой-өрісінің ауқымын көрсетеді.

- Оқу түрткісі мен қызығушылығы оянып, ниеті мен дағдысы қалыптаса бастайды;
- оқу әрекетіне белсенділігі арта бастайды;
- жаңа білім дағдысын игеруге тырысады;
- танымдық ой-өрісі арта бастайды;
- өзін жағымды жақтарынан көрсете білуге талпынады;
- білім мен бағаға деген бағыттылығы арта бастайды.

Бүгінгі ұлт ұрпағының болмысын қалыптастырып, дүниетанымын жетілдіру білім жүйесімен қатар әр отбасынан да бастау алуы тиіс.

5. «Балалық шаққа оралу» психологиялық ойын-жаттығуы

Мақсаты: ата-аналардың балалық шақтарын естеріне түсіре отырып, өз балаларын тәрбиелеуде ертегі, өлең- жырлардың мәні зор екендігін көңіл бөлдіру.



1 тапсырма.

Үзінді қай ертегіден? Ертегіні жалғастырып көріңіз және бұл ертегі арқылы баланы неге тәрбиелейміз?

... – Қоян, сен мені жеме. Мен саған өлең айтып беремін ...



2 тапсырма.

Жаңылтпашты оқып көріңіз. Жаңылтпаштың тәрбиелік мәні неде? Өсем билеймін деп әлек,

Қасен шешен сөйлеймін деп әлек.
Қашан Қасен шешен сөйлеп еді?
Қашан Әсем әсем билеп еді?



3 тапсырма.

Әнді жалғастырып, әуенімен шырқаңыз.

Жазда апамның ауылына,
барып едім қыдырып.
Бір қошақан алдымнан,
Шықты ойнақтап жүгіріп.

6. Жағдаяттар

Жағдаяттарды шеше отырып, баланы мектеп өміріне бейімдеуде атананың педагогикалық-психологиялық біліктілігін арттыру жұмыстары.



1-жағдаят.

Кейбір ата-аналар балаларының бойында кездесетін мына кемшіліктерді: «жалқаулық», «тіл алмаушылық», «қыңырлық» - тұқымқуалаушылықтың салдары деп санайды.

Сұрақ. Осы негіздің қисыны бар ма?



2-жағдаят.

Екі оқушының аналары балаларының оқу әрекетіндегі сәтсіздіктері жайлы пікір алмасты. Бірақ екеуінің көзқарастары екі түрлі болды. Жарастың анасы баласының бойындағы сәтсіздіктеріне мұғалімді кінәлады. Себебі баласы мен мұғалімнің арасындағы қарым-қатынастың дұрыс еместігінен көретіндігін айтты. Жарас та үнемі мұғалімді өзіне дұрыс қарым-қатынас жасамайды деп түсінді. Ал Алмастың анасы өз баласының бойындағы сәтсіздіктерді алдағы уақытта жеңуге болатындығы жайлы айтты. Оған мұғалімнің міндетті түрде көмек беретіндігі жайында сенімді болды. Алмастың жүрегіне де осы сенімді ұялата білді.

Сұрақ. Балалардың аналарының әртүрлі іс-әрекеттеріне психологиялық талдау жасаңыз.



3-жағдаят.

Отбасында ата-ана мен бала арасында үй тапсырмасын орындау барысында қарама-қайшы көзқарастар мен дау-жанжалдар туындайды.

Сұрақ. Дау-жанжалдың туындау себебі неде? Қандай әрекеттер арқылы келісімге келуге болады?

7. Сергіту сәті. «Ауа-райы» психологиялық ойын-жаттығуы

Мақсаты: дене бұлшық еттерін босаңсытып, қарым-қатынасты оңтайландыру.

8. Психологиялық кеңес беру. Ата -аналарға арналған кеңестер мен ұсыныстар:

- бала әрдайым сіздің қолдауыңыз бен қорғауыңызды қажетсінетіндігін әрдайым есіңізде сақтаңыз;

- балаңызды болмашы кемшіліктері үшін ұрысып, сөкпеңіз;

- төменгі сынып оқушыларының оқу бағдарламасын меңгере алмауының негізі денсаулығына байланысты болып келеді. Бала организмі өте әлсіз. Сондықтан балаңызға үнемі көңіл бөліңіз;

- баланың танымдық, ақыл-ой деңгейінің дамуы оның жүйке жүйесіне байланысты болатынын ескеріңіз;

- баланың ұсақ қол моторикасының дамуына, дыбыстарды дұрыс дыбыстай білуіне көңіл бөліңіз;

- баланың сабақ оқуындағы кездесетін қиындықтарының бірі - өзін-өзі басқара алмауынан туындайды. Сол үшін баланың ынтасын арттырып, қызығушылығын тудыра отырып, күн тәртібін дұрыс ұйымдастыруға көмек беріңіз;

- баланы өз күшіне сендіріп үйретіңіз және «қолыңнан түк келмейді» деген ескерту баланы жасқаниақ ететінін есте ұстаңыз;

- кез келген қиындықтар мен кедергілерді жеңу барысында міндетті түрде арнайы мамандармен кеңес алыңыз.

Қорытынды. Кері байланыс.

Бүгінгі семинар-кеңес сізге қандай әсер қалдырды? Өзіңіздің педагогикалық білім қоржыныңызды қандай ақпараттармен толықтырдыңыз.

ШЕБЕР-СЫНЫПТАР – ПЕДАГОГТАРДЫҢ ТИІМДІ КӘСІБИ ІС- ӘРЕКЕТ ТҮРЛЕРІ

Шебер-сынып – педагогтардың кәсіби білім беруінің тиімді формаларының бірі. Шебер оқушыларға тәжірибе, шеберлік, өнерді жұмыстың тәсілдерін тура және сұхбаттық бейнеде жеткізеді.

С.И.Ожеговтың түсіндірмелі сөздігінде «шебер» сөзінің бірнеше мағынасын ұсынады:

- қандай да бір өндіріс орындарындағы білікті жұмысшы;
- жеке арнайы саладағы қандай да бір өндіріс цехтарының жетекшісі;
- кез келген істі өте жақсы және шеберлікпен орындай алатын адам;
- өз ісінде жоғары өнерге жеткен маман.

Педагог үшін соңғы екі анықтама жақын.

Неміс педагогы А.Дистервергтің пікірінше, тек шебер педагог ғана оқыту әдіс-тәсілдерін, формалары мен мәнін мейлінше толығынан ойластырып, оқушылардың танымдық қабілеттерін арттыруға мүмкіндігі бар. А.С.Макаренко педагогикалық шеберліктің мәні білім мен біліктіліктен көрінеді деп есептейді. Бүгінгі күні педагогикалық әдебиеттердегі анықтамалардан «педагогикалық шеберлік» ұғымы төмендегідей компоненттерден тұратындығын байқауға болады:

- психологиялық және әдептілік-педагогикалық эрудиция;
- кәсіби қабілеттер;
- педагогикалық техника;
- кәсіби іс-әрекетті жүзеге асыру үшін қажет тұлғаның белгілі қасиеттері.

Бүгінгі күнгі шебер педагог – зерттеу дағдылары мен біліктіліктерін игерген, эксперименталды жұмыстардың ерекшеліктерін білетін, инновациялық технологияларды зерделей алатын, мазмұнын таңдап, практикада қолдана білетін, өзінің іс-әрекеттерін болжап, әдістемелік нұсқау жасай алатын педагог.

Педагогикалық шеберліктің іргетасы (негізі) келесі құрамдас бөліктерді қамтиды: *педагогтың тұлғасы, білімі мен педагогикалық тәжірибесі*. Мұғалім өмір бойы оқиды, әрдайым дамып отырады және барлық еңбек ету өмірінде зерттеуші болып табылады. Ереже бойынша, шеберлікті үлкен тәжірибемен байланыстырады. Педагогикалық шеберлікке жетудің алғашқы қадамы *шығармашылық* болып табылады. Педагогикалық мамандықтың бұқаралық сипатына қарамастан мұғалімді шеберлікке бастаушы шығармашылық тұлға деп есептеледі. Педагогтың шеберлігінен салыстырмалы өзіндік 4 элементін ажыратып көрсетуге болады:

• балалардың ұжымдық және дара іс-әрекеттерін ұйымдастырушының шеберлігі;

- сендіру шеберлігі;
- білім алмасу және іс-әрекет тәжірибелерін қалыптастыру шеберлігі;
- педагогикалық техниканы меңгеру шеберлігі.

Педагогикалық шеберліктің деңгейін төмендегідей критерийлерге сүйене отырып анықтауға болады:

- нақты сол педагогқа тиесілі әдістемелік тәсілдердің, педагогикалық әрекеттердің кешені;

- айырықша әрекеттер өзара байланысты және оқу-тәрбие міндеттерін тиімді шешуді қамтамасыз етеді;

- мұғалімнің жұмыс істеу жүйесінің белгілері: бір тұтастық, әрбір әдістемелік тәсілдерді қолданудың белгілі бір орны мен уақытының оңтайлығы; тұлғаның басты сапаларын дамытуға бағытталған әсердің жан-жақтылығы; әдістемесінің ерекшелігі.

«Шебер-сынып» оқыту түрі ретінде төмендегідей шарттарды құру құралы болып табылады:

- нақты іс-әрекеттегі мотивация және танымдық қажеттіліктерді қалыптастыру қамтамасыз етіледі;

- танымдық қызығушылық ынталанады, педагогикалық іс-әрекетті жоспарлау, өзіндік ұйымдастыру мен өзіндік бақылау бойынша жағдайлар қарастырылады;

- әрбір шебер-сыныпқа қатысушыларға қатысты дара тұғыр жүзеге асады, әрбір мұғалімнің оқу-танымдық іс-әрекетінің позитивті нәтижелері қарастырылады.

Шебер-сынып педагогикалық технология ретінде өзара байланысқан келесі блоктардан тұрады: *ғылыми идеялардың мақсаты, мұғалім мен оқушының тізбекті әрекеттері, бағалау критерийімен сапалы жаңа нәтиже.*

Шебер-сыныптың мақсаты – оқушының бейімді білім беру ортасын жобалауға дайындық дәрежесі қалыптасатын, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс процесінде шығармашылық педагогикалық іс-әрекеттің дара стилі қалыптасатын кәсіби өзіндік жетілдіру үшін шарт түзу.

Негізгі ғылыми идеялар – *іс-әрекеттік, тұлғаға бағдарланған, зерттеушілік, рефлексивті тұғырлар.*

Әрекеттің тізбектілігі – Шебер мұғалімнің авторлық жұмыс жүйесін оқып-үйренудің қадамдық алгоритмі.

Бағалау критерийі – шығармашылық педагогикалық іс-әрекеттің (имитациялық, құрылымдық, шығармашылық) дара стилінің жаңа деңгейі.

Сапалы жаңа нәтиже – шебер тиімді әстей жұмыс істей алатын технология режимінде сабақтың үлгісін жасай білу.

«Шебер-сыныпты» өткізудің құрылымы:

1. Шебер педагогтың педагогикалық іс-әрекетін презентациялау.

- Мұғалімнің қолданатын педагогикалық технологияларының басты идеяларын негіздеу.

- Шебер педагогтың шығармашылық зертханасына сипаттама (педагогтың жұмыс жоспары алынған тәжірибелер, әдебиет көздерінің жетістіктерін суреттеп көрсету).

- Шебер педагогтың жұмысындағы проблемалар мен болашағын анықтау.

○ Педагог ұсынатын тиімді педагогикалық технологиялар режиміндегі сабақтар жүйесін суреттеу.

2. Сабақты, сабақтар жүйесін ұсыну.

- Педагогтың сабақтың жобасы туралы әңгімелеуі.
- Көрсетілетін жұмыстың негізгі тәсілдері мен әдістерін анықтау.
- Қолданатын технология нәтижелілігінің қысқаша сипаттамасы.
- Ұсынылған жоба бойынша педагогқа сұрақ қою.

3. Тыңдаушылармен жүргізілетін тиімді жұмыс элементтері бар сабақ немесе имитациялық ойын.

4. Үлгі жасау.

○ Көрсетілген педагогикалық технологиялар режимінде сабақтың үлгісін жасау бойынша тыңдаушылардың өз бетімен жұмысы. Шебер кеңес берушінің ролін атқарады, тыңдаушылардың өз бетімен іс-әрекетін ұйымдастырады және оны басқарады.

- Тыңдаушылармен сабақтың авторлық үлгісін талқылау.

5. Рефлексия.

○ Шебер мен тыңдаушылардың біріккен іс-әрекет нәтижелері бойынша пікір-талас.

○ Барлық ескертулер мен ұсыныстар бойынша шебер педагогтың қорытынды сөзі.

Нақты сабақты жүргізудің мақсатын нені көрсететініне қатысты Шебер айқындайды.

Нұсқалары:

- Іс-әрекет, элективті курс, факультатив, т.б. бағдарламаларын көрсету.
- Педагогтың өз іс-әрекетінде қолданатын жұмысының жеке түрлерін көрсету.

- Жұмыстың жеке әдістерін көрсету.
- Іс-әрекеттің инновациялық моменттерін көрсету.

Түрлері:

- Дәріс
- Практикалық сабақ
- Кіріктірілген (дәрістік-практикалық) сабақ

«Шебер-сыныптың» нәтижесі «Шебер мұғалімнің» жетекшілігімен «оқушы-мұғалім» жасаған сабақтың үлгісі болып табылады.

«Шебер-сыныпты» өткізу – мұғалімнің байқағыштық көрсеткіші, кәсіби шеберліктің жоғары деңгейін демонстрациялау.

Портфолио – оқушылардың жетістігін бағалаудың қосымша жолы ретінде

Бағалау – мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынастың басты тетігі болып келді. Ал бүгінгі күнгі бағалау жүйесі қарым-қатынасқа түскен тұлғалардың өзіндік бағалауынан құрылуы тиіс. Яғни олардың арасындағы келісім әріптестік жағдайында, өзара көмек көрсету іс-әрекеті негізінде шешілуі тиіс. Олардың жетістік нәтижелері өздерінде жасақталуы қажет. Ол өзімізге арқау еткен «оқушы портфолиосы» мен «мұғалім портфолиосы» ұғымдармен сәйкес келеді.

Қазіргі кезде әлемнің барлық елдерінде оқытудың сапасын бағалауға айрықша көңіл бөлініп отыр. Бағалау технологиясы білім беру жүйесіндегі басым бағыт - білім берудің тұжырымдамасы мен стратегиясына негізделеді. «Еліміз 12 жылдық білім беруге көшкен кезде бағалау жүйесі өзгереді ме?», «Бала жетістігін бағалаудың тағы қандай баламалы жүйесін ұсына аламыз?» деген сұрақтар бүгінгі күні педагогикалық қауымдастықты толғандыратыны анық.

Психологтар жүргізген арнайы зерттеу көрсеткендей, оқушылардың оқудағы үлгермеушілігінің басты себебінің бірі – өзінің оқу әрекетінің нәтижелерін саралап, сыни тұрғыда бағалай білмеуінен болып отыр. Сондықтан мұғалім мен оқушы әрекетін бағалауды ұйымдастырудың тиімді тәсілдерін іздестіру қажеттілігі туындайды.

Бағалауды сапалы жаңарту бағдарламалардың бірі ретінде соңғы кездерде *портфолио технологиясы* ұсынылып жүр. Бұл технология оқушы әрекетінің нәтижесін объективті түрде бағалауға мүмкіндік береді. Дегенмен, портфолио бағалауда туындап отырған мәселелерді түбегейлі шешеді деуге болмайды.

Мұғалім портфолиосы

Портфолио мына төмендегідей шарттар (талаптар) бойынша жасалады (құрылады).

1. Жүйелі түрде және күнбе-күн өзін-өзі қадағалауы, баға беруі (самомониторинг).

2. Шынайылығы.

3. Дұрыс баға беру.

4. Автордың өз шеберлік деңгейін көтеруі, жетілдіруі.

5. Материалдарды жүйелей білуі, жазба жұмыстарын қысқа да нұсқа жүргізу.

6. Таза және ұқыпты түрде көркемдеу.

7. Ұсынылған материалдарды нақты, түбегейлі түрде көрсету.

8. Атқарылған жұмыстардың нәтижесін көрсету.

9. Жаңа технологиялық үлгілерді пайдалану.

Портфолио мына бөлімдерден құралады.

1 бөлім. Мұғалім туралы жалпы мәліметтер

Бұл бөлімге әрсаладағы мұғалімнің жетістіктері туралы мәліметтер кіреді.

- Аты-жөні, туылған жылы;
- Білімі (қашан, қандай оқу орнын бітірді, мамандығы, диплом бойынша мамандығы);
- Оқу орнындағы еңбек және педагогтік өтілі;
- Мамандығын жетілдіргендігі туралы мәлімет (қай оқу орны, айы, жылы, курстың тақырыбы);
- Ғылыми немесе құрметті атақтары туралы құжаттар көшірмесі;
- Алғыс хаттар, құрмет грамоталары, үкімет наградалары;
- Қатысқан конкурстар дипломдары;
- Аттестациядан өткендігі жөніндегі құжаттары.

Бұл бөлім педагогтың өсуі, өзіндік ерекшеліктері және білімі туралы жалпы мәліметтер береді.

2 бөлім. Мұғалім қызметінің нәтижесі

- Оқушыларының берілген пән бойынша қандай көрсеткіштерге жеткені, пәнді игеру және осы пән бойынша үздік жетістіктері жинақталады;
- педагогтың соңғы үш жыл ішіндегі көрсеткен нәтижелері мен көрсеткіштері; оқушыларының мектепішілік және басқа да олимпиада, конкурстарға қатысуы;
- оқушыларының аралық аттестацияларда және қорытынды сынақтарда көрсеткен нәтижелері;
- медальмен бітірген оқушылар туралы мәлімет;
- жоғары оқу орнына түскен оқушылар туралы мәлімет.

Бұл бөлімде мұғалімнің нақты бір уақыт ішіндегі жұмыс нәтижелерінің өсу динамикасы талданады.

3 бөлім. Ғылыми-әдістемелік жұмыстар

Бұл бөлімде педагогтың кәсіби біліктілігін, шеберлігін көрсететін әдістемелік материалдар жинақталады:

- Мұғалімнің жаңа оқыту технологияларын пайдалану;
- Өз іс-тәжірибесінде өткізген педагогикалық зерттеулері мен талдау жұмыстарының нәтижесін көрсету;
- Ақпаратты-коммуникативті технологияларды оқу процесінде қолдануы;
- Әдістемелік бірлестік жұмысы, аудандық әдістемелік кабинеттермен және тірек ұйымдармен байланысы;
- Кәсіби педагогикалық және шығармашылық конкурстарға қатысуы;
- Әдістемелік және пәндік апталықтарға қатысуы;
- Семинарлар, дөңгелек үстел, ашық сабақтар өткізуі және оған қатысуы туралы мәліметтер;
- Ғылыми зерттеулер жүргізуі;
- Авторлық бағдарламалар жасауы;

- Кандидаттық немесе докторлық диссертация жазғаны туралы мәліметтер;

- Реферат, баяндама, мақалалары және дайындаған шығармашылық есебі;

- Басқа да құжаттар.

4 бөлім. Пән бойынша сабақтан тыс жұмыс

- Оқушылардың пән бойынша жүргізген шығармашылық, жобалық, ғылыми-зерттеу жұмыстарының және рефераттарының тізімі.

- Олимпиада, конкурс, жарыс интеллектуалдық ойындар жеңімпаздарының тізімі;

- Сыныптан тыс өткен іс-шаралардың қойылымы, өткен көрмелер мен пәндік экскурсиялар туралы суреттер және бейнетаспалар;

- Үйірмелер мен факультатив сабақтардың бағдарламалары;

- Басқа да құжаттар.

5 бөлім. Оқу-материалдық база

- пән бойынша сөздіктер мен басқа да анықтамалардың тізімі;

- көрнекі құралдар (макет, кесте, сызбанұсқа, портреттер, иллюстрациялар және т.б.) тізімі;

- сабақта пайдаланатын техникалық құрал-жабдықтардың (теледидар, бейнемагнитофон, музыкалық орталық, диапроектор) тізімі. Компьютер және компьютерге қатысты құралдар, оқулықтар.

- аудио және бейнетаспалар;

- дидактикалық материалдар, есептер мен жаттығулар жинағы, рефераттар мен шығармалар;

- оқушылардың білім алу деңгейінің өлшеуіші.

Басқа да құжаттар.

Портфолионың негізгі мақсаты – мұғалімнің өз тәжірибесін, білімін өздігінше жетілдіру, еңбегін бағалау, шығармашылық және кәсіби деңгейінің өсуін бақылау.

Портфолиоға түсініктемеде мұғалім өз іс-тәжірибесімен кәсіби деңгейінің өсуі туралы толық жазуы керек. Оны оқырманға хат, түсініктеме хат немесе ой-толғау түрінде де ұсынуға болады.


Құжаттарда мұғалімнің күнделікті жұмыстары туралы мына материалдарда көрсетіледі: дәптерлерді жүргізу және тексеру, баға қою әдісі.

Шығармашылық жинақта мұғалімнің авторлық бағдарламасы шығармашылық жоба, зерттеу жұмыстарына, ғылыми конференцияларға, конкурс, педагогикалық оқуларға қатысқандығы туралы мәліметтер жазылады.

Мұғалімнің біліктілігін мектеп әкімшілігі берген мінездемелерден, әріптестерінің бағалауынан, ата-аналардың пікірлерінен де анықтап алуға болады.

Портфолионы әр мұғалім жеке ерекшеліктерімен байланыстыра отырып әртүрлі тұрғыда құруына, жазуына болады. Ал, ең маңыздысы – мұғалімнің өзінің біліктілігін шынайы да әділ бағалауында, өзінің жетістіктерін талдай білуінде, жүйелендіріп ары қарай жетілдіру әдістерін көре білуінде.

«5B012300 – Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы студенттерінің дайындаған портфолиосы



Ақпарат көзі: аурухананың Мамандық кабинеті.

Мамандық ата-әкесімен бірлесіп, баланың өзін-өзі тануына қолдау көрсету.

Қызығушылықты арттыруға, өзін-өзі тануға көмектесу, баланың өзін-өзі тануына қолдау көрсету.

Жеке-кейінгі жұмыстармен баланың өзін-өзі тануына қолдау көрсету, баланың өзін-өзі тануына қолдау көрсету.

ЖОСПАРЫ

Тақырыбы: «Интернет кітапты алмастыра алмайды».

Өткізу формасы: пікірталас.

Мақсаты: Студенттерді қазіргі кездегі өзекті мәселелерді көре алуға, оны талқылай алуға және өз пікірін қорғай білуге дағдыландыру.

Күтілетін нәтиже:

1. Студенттің ақпараттық құзыреттілігі артады (өзекті мәселені айқындайды, сыни тұрғыдан талдайды, пікірін білдіреді).

2. Ізгілікті сипаттағы кәсіби қасиеттері қалыптасады (серіктесінің пікірін тындау, сыйласымдық тұрғыда өзінің пікірін айту, ортақ шешімге келу).

3. Болашақ маман ретінде коммуникативті қарым-қатынас негіздерін жүзеге асыру.

Тәрбие сағатының барысы:

Сапалы білім сапалы маман қалыптастырудың бірден-бір кепілі екені дау тудырмаса керек. Осы ретте Қазақ мемлекеттік қыздар университетінде білім сапасыннегізгі көрсеткіш ретінде алып отыр. Білім сапасын бірінші кезекте университеттің оқу-әдістемелік және материалды-техникалық қамтамасыз етілуі, оқытушы-профессорлар құрамы, олардың және оқуға қабылданған талапкерлердің білім деңгейі арқылы анықтайды. Сондықтан біздің университетте модулдік оқыту, профессор-оқытушылар құрамының арасында рейтингтік шкалаға өту – білім сапасын арттыруға бірден-бір себеп бола алады деп есептеймін.

Білім беру процесі қашанда білімнің негізгі тұтынушысы – білім алушыға бағытталатыны белгілі. Дәрістер де, оқулықтар да соларға арналып жазылып, білім берудің жаңа технологиялары да студенттер үшін жасалады.

Олай болса, жоғары оқу орнының қызметінің соңғы нәтижесі, көрсеткіші ретінде бітірушілер санының көптігін айту керек пе, әлде сол бітірушілер алған білімнің сапасын айта ма? Бұл да белгілі талас-тартыс тудыратын мәселе. Дегенмен, әр нәрсенің өз шешімі болатыны хақ. Білім сапасын қамтамасыз етуде әркім өз ісінен, өз жұмыс орнынан бастау керек екенін ұғынуы тиіс.

Міне, осы орайда, бүгінгі күннің тақырыбын Интернет желісі арқылы алынған ақпараттар біздің оқулықтардың орнын толтыра ала ма, жоқ па деген мәселе төңірегінде өрбімек.

Пікірталаста қарастырылған мәселелер:

1. ЖОО-да оқулық жетіспеуі әлі күнге орын алып отырған жоқ па?
2. Сапалы оқулықты қалай дайындауға болады?
3. Қазақ тілінде оқулық дайындау ісі қандай деңгейде?
4. Қазіргі таңда Интернет ресурстарының даму деңгейі қандай?

5. Жалпы интернет оқулық бола ала ма?

«Жоғары оқу орындарында оқулық жетіспеуі әлі күнге орын алып отырған жоқ па?» деген сұраққа **Белегенова Әйкерім** пікірін білдірді:

Иә, бұл мәселе әлі де болса шешімін күтіп отыр. Біз әлі күнге дейін ескірген оқулықтарды пайдаланып, болмаса тек дәрістер конспектілерін ғана қолданып келеміз. Құнды оқулықтардың болмауы және пәндердің кітаппен қамтамасыз етілмеуі біздің университетте өзекті де маңызды мәселе болып отыр. Бұның бәрі жоғары дәрежелі педагог-мамандар, ғылыми әлеует пен авторлық мүмкіндіктер жеткілікті бола тұра орын алып отырған жәйт. Соңғы жылдары жоғары білім парадигмасының өзгеруіне байланысты теория мен әдістеме арасында, автордың пән бойынша мәліметті талдауы, оның мәтінін түсіндіруі мен студенттің оқу материалдарын қолдана білуі арасында белгілі қайшылықтар орын алды. Басқаша айтқанда, бүгінгі күні кез келген оқулық жоғары мектептің заманауи тұжырымына сәйкес келмейді, оқытушылар мен студенттердің талаптарына да жауап бермейді деп ойлаймын.

«Сапалы оқулықты қалай дайындауға болады?» деген сұраққа **Салтақова Гүлмираның** жауабы:

Сапалы оқулықтарды дайындауға болады деп ойлаймын. Ол үшін, алдымен, материалды жағынан қамтамасыз етілуі қажет. Дегенмен, алғаш рет Білім және ғылым министрлігінің грифі тағайындалған оқулықтар үшін қомақты қаламақы төлеу жүйесі де енгізіліп отырғанын Интернет желісінен оқыдық. Бұндай жағдай ғылым-білім саласында бұрын-соңды болып көрмеген. Кеңес дәуірінде бұндай қаламақы тек әдеби шығармаларға ғана төленетін. Сөз жоқ, ҚР БҒМ грифімен шығарылған оқулық үшін бұндай сыйақы алу оқулықтың сапалы болуының, яғни білімнің сапалы болуының бірден-бір кепілі болмақ. Өйткені бұл сапалы оқулық жазуға деген құлшынысты тудырады және автордың да жауапкершілігі артады.

Бұндай грифті беру үшін министрлік оқулықтарды эксперименттік сараптаудың көпсатылы жүйесін енгізіп отыр. Оқулық алдымен оқу-әдістемелік секциядан, оқу-әдістемелік комиссиядан, Республикалық оқу-әдістемелік кеңестен, содан соң ҚР БҒМ-нің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі департаментіне және Республикалық ғылыми-практикалық «Оқулық» орталығының сараптамалық тексерістен өтеді.

Екіншіден, қазақ тілінде жазылса, деп ойлаймын. Себебі, тіл қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Мына жарық дүниеге шыр етіп түскен сәттен бастап, ана сүтімен дарып, бойымызға сіңген осынау киелі өнер кімге де болсын ыстық көрінері сөзсіз.

Қазіргі таңда оқушылардың, студенттердің білім сапасын тексеруге арналған әртүрлі тесттер көбейіп кетті. Оның керемет нәтижеге жеткізіп жатқаныда шамалы. Тек өз-өзімізді босқа алдаумен келеміз. Керісінше, білімді жастар саны да азайып кетті. Оданда еліміздің, халқымыздың дәрежесін асқақтатуға, тіліміздің жойылып кетуінен сақтау үшін неге басқа жүйелер енгізбеске. Мысалға, көптеген мемлекеттерде өз тілін жетік білмесе жоғары оқу орнында оқи алмайды. Тіпті сол тілді жетік біледі деген

анықтамасы да болуы керек. Ал бізде ше? Ондай нәрсе атыменде жоқ. Бірінші өз қамымызды жасамай, өзгелердің жағдайын жасап әлекпіз. Іштей қынжыласың, іштен тынасың, еріксіз амал қанша дейсің. Осы орайда дана қазақтың «Ауруын жасырған өледі» деген сөзін ұмытпағанымыз жөн.

Тіл – байлық, бірлік, намыс, дәреже, бақыт. Тіл арқылы әр адам өзінің болашағын салады және өзінің намысын, дәрежесін көтереді. Сондықтан әрбір қазақ баласы қасиетті қазақ тілімізді өлтірмеуге, дәрежесін асқақтатуға, басқа елдер еріксіз біздің тілімізде сөйлейтіндей қасиетті, қайсарлы және дамыған тілдердің қатарына қосылуына үлесімізді қосуымыз керек. Сонда біздің қасиетті тіліміз барша әлемге тарап, қазақ деген атымыз үлкен биікке көтеріледі. Ол үшін әрбір қазақ ең бірінші тілін сыйлап, тілі үшін өлімнен де қорықпау керек.

«Қазақ тілінде оқулық дайындау ісі қандай деңгейде?» деген сұраққа **Жұматаева Мадинаның** жауабы:

Өкінішке қарай, көп жағдайда, орыс тіліндегі жақсы бір оқулық таңдап алынады да, ол қазақ тіліне аударылады. Аударма сәтті шыкса жақсы. Ал көбінесе, нашар аударылған оқулықтар басылып шығарылады. Тіпті тәжірибесі мол оқытушының өзі бұндай оқулықтарды оқып отырып, не туралы жазылғанын, кейде, тіпті автодың не айтқысы келгенін түсінбейтін жағдайлар кездеседі. Бұндай жағдайда студенттер туралы не айтуға болады. Осыдан келіп сапасы нашар оқулық және соған сәйкес сапасыз білім қалыптасады.

Маған М.К.Бұлақбаеваның «Мұғалім мамандығына кіріспе» оқу құралы ұнайды, аудармасы жақсы қарастырған, проблемалар нақты және жүйелі, жинақы қарастырылған. Осындай оқу құралдары көп болса ...

Соңғы уақытта ҚР Білім және ғылым министрі Б.Жұмағұлов басқарып отырған мекеме оқулық дайындау мен шығаруды отандық жүйесін дұрыс жолға қойып, дамытуға көп көңіл бөлуде. Министрлік жоғары оқу орны оқулықтарын, бірінші кезекте мемлекеттік қолдау көрсете бастады. Алғаш рет 130 базалық оқулықты шығаруды қаржыландыру үшін республикалық бюджеттен 137,7 млн. теңге қаржы бөлінді.

«Қазіргі таңда Интернет ресурстарының даму деңгейі қандай?» деген сұраққа **Казалиева Балнурдың** жауабы:

Электронды ақпараттық ресурстардың барлығы бірдей қазіргі заман талабына сәйкес келеді деп айта алмаймын. Өйткені, олардың басым көпшілігінің мазмұны мен сапасы әлі де төмен деңгейде. Бұл бағытта әлі де талай жұмыстар жасалуы қажет. Интернеттің жоғарғы мүмкіншіліктеріне және ондағы жаңалықтардың көптігіне қарамастан, дәстүрлі, кітапханалық оқулықтың өзіне тән артықшылықтары да бар:

біріншіден, оның сараптамадан өтуі;

екіншіден, алдын ала рецензияланып, оған пікірдің жазылуы;

үшіншіден, оқулықтағы материалдың бір жүйеге келтірілуі;

төртіншіден, келтірілген мәліметтердің дұрыстығы;

бесіншіден, деректердің бір-бірімен тығыз байланысы, олардың нақтылығы;

алтыншы, әрі дәлелді болуы.

Сондықтан пәнді біртұтас кешенді түрде біртұтас жүйе ретінде ұсыну, мәліметтерді дәйекті түрде меңгерту арқылы синтездің ой-пікірін қалыптастыру – тікелей оқулықтың құзіреті деп ойлаймын.

Әрине, интернеттен алынған ақпараттарды оқу барысында қосымша материал ретінде қодануға болатынын жоққа шығаруға болмас. Дей тұрғанмен, олар бір жүйеге келтірілмеген және дидактикалық мақсат жоқ, яғни ешқандай заңдылықты көздемейтін, бей-берекет жинақталған, терең білім қалыптастыруға бейімделмеген ақпараттар болып табылады.

«Жалпы интернет оқулық бола ала ма?» деген сұраққа Нәдірова Қымбаттың жауабы:

Жалпы жоғары оқу орындарында, соның ішінде, біздің қыздар университетте оқулықтар қашан да болған, студенттер үшін өте қажет, құндылығы жойылмайды да. Өйткені олар оқу процесінің қажетті атрибуты, басқаша айтқанда, негізгі анықтаушы.

Оқулық студентке қандай қажет болса, оқытушыға да сондай қажет. Оқулық пән туралы жалпы мағлұматты қалыптастырады. Сондай-ақ оқу процесіндегі танысудың алғашқы деңгейі болып саналады.

Бүгінгі күні компьютердің құзіреті басым болып тұрғанына қарамастан, кітап оқудың да пайдасы мол. Кітап оқу – бұл ақпараттық ортаның бір бөлігі екенін, мәтінге қол жеткізу тәсілдері мен оқудың бір-бірінен өзгеше екенін студентке ұғындырған абзал. Кітап оқымай тұрып заманауи электронды ақпарат құралдарын игеру мүмкін емес. Оқу мәдениеті жоғары болған сайын студенттің оқулықтағы мәлімет-деректерді қабылдау деңгейі мейлінше терең де тиімді, әрі нәтижелі болмақ. Ең бастысы ақпаратты талдап, бағалай алатын болады.

Пікірталасқа қатысқандар:


- 1.Елеусизова Жұлдыз.
- 2.Тоқсанова Әйкерім.
- 3.Мақұлбекова Арайлым.
- 4.Төлеген Гүлдана.
- 5.Ералиева Ляззат.
- 6.Мырзахметова Динара.

Пікірталасты ұйымдастырушы п.ғ.к., доцент М.К.Бұлақбаева:

Қазір кез келген адам өзін қызықтырған кітапты оңай таба алады. Шынында да, компьютерлік техниканың дамуымен жастар, кітап оқуын азайтты. Әлемдік классиканы түгел оқып тауысқаннан гөрі, оның қысқаша мазмұнын интернеттен қарай салуға болады. Жеңіл, іздегеніміз оңай табылатын өмірге әбден үйреніп, кітап оқып бас қатырмайтын болдық. Бірақ қазіргі жастарымыдың интернетте отыратыны соншалықты жаман құбылыс

емес. Егер әрине, олар ғаламтордан қызықты, пайдалы, білімі мен қарымын арттыратын дүниелерді іздесе. Бірақ қазіргі интернеттің қаптаған парақтарында пайдалы нәрселер де, зиянды нәрселер де қатар кездеседі.

Өкініштісі, күн сайын қалта телефон немес компьютер арқылы Интернетке кіруге уақыт табатын жатарымыз кітап оқуға уақыт таппайды. Содан болар, әлеуметтанушылардың дерегінше, қазір ел халқының 40 пайызға жетер-жетпес бөлігі ғана ара-тұра қолына кітап ұстап тұрады екен. Ал өткен ғасырдың 70-80 жылдарында Қазақстан халқы кітапты ең көп оқитындардың қатарында болған. Дегенмен, қалай айтсақ-та интернет кітапты алмастыра алмайды.



Тақырыбы: «Ғылым мен бизнес ынтымақтасуы керек пе?»

Мақсаты: Студенттердің қоғамдағы жаңалықтарға араласуын байланыстырып, ізденісін, ақпараттық, коммуникативті құзыреттілігін дамыту.

Өткізілу формасы: дөңгелек стол, пікіралмасу.

Ортаға тасталған сұрақтар мен берілген жауаптар:

- Еліміздің басында қиын-қыстау кезеңде біздің біраз ғалымдар шетел асып кеткені бар. Кезінде бұл көшіті «бейін көші» деп атағаны мәлім. Осы жайлы не айтасыздар?

- Әр түрлі мәліметтерге қарағанда «бейін көші» деген оншалықты деңгейде болмаған. Бұл туралы Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының президенті Мұрат Жұрынов айтқан пікірге сүйенсек болады: «Иә, бірен-саран кеткендер бар. Бірақ олардың барлығы—ғылым кандидаттары. Сосын негізінен шетелге емес, бизнеске кетті. Өйткені алып жүрген ақшасына күнелту қиындап кетті. Есесіне, олар бизнесті көтерді. Осы дарында, орта буынды өкілдері ел бизнесін көтеруге айтарлықтай үлес қосты. Сондықтан біз ештеңе жоғалтқан жоқпыз. Бір сөзбен айтқанда шағын және орта бизнесімізді солардың көмегімен көтеріп алдық».

- Инновациялық қорлар ғылыми жаңалықтарды өндіріске енгізуге ықпал етіп отыр деп бағалауға болады ма? Ұлттық ғылым, Отандық бизнес, Отандық өндіріс бір-бірімен интеграциялана, ынтымақтаса алады ма?

- Бұл жерде бір ғана жол бар. Ғылымның тапқан жаңалығы пайдалы болуы керек. Оны адамзат жүз жылдан кейін де қажетіне жарату керек. Мұндай жаңалықтарды бизнес өкілдері өздері-ақ келіп алып кетеді.

1992-1996 жылдары бизнес өкілдерінің ғылымға деген көзқарасы өте нашар еді. АҚШ-тан келген кеңесшісімақтар «Қазақтарға фундаментальды ғылымның керегі жоқ» деген сыңаржақты пікірді айтқан болатын. Алайда қазіргі кезде бизнестің ғылымға деген көзқарасы екі адым болса да жылжып келеді. Бизнес пен ғылым екі жағалауда тұрса да, бір-біріне қол созуға жарап қалды. Алайда екі ортаға көпір керек. Ол ғылыми-жобалау конструкторлар мекемелері мен цехтар.

- Бизнес адамдары мен ғылым саласындағы өзекті мәселелер арасындағы тығыз байланысты қалай орнатуға болады? Немесе бизнес өкілдері ғылымдағы жаңалықтарға елімізде өз үлестерін қосады ма?

- Біздің елімізде ғылым тапқан жаңалықтарды өндірістік жағдайда тәжірибеден өткізетін орталық жоқ. Негізгі қолбайлау осы. Ғылыми тәжірибе жолымен тек не болғаны 10-20грамм сұйықтық аласыз. Ал бізде өндіріс орындары тек тонналармен жұмыс жасауға арналған. Сондықтан көпір ретінде тәжірибе цехтары керек. Екіншіден, елде жұмыс жасап жатқан өндіріс ошақтарын, салық жеңілдіктері жолымен осы бағытқа ынталандырған жөн. Сол өндірістің қожайыны бизнестің көкжиегін Қазақ елінің болашағымен салыстырып қарау керек. Елбасымыз да кешегі жолдауда

өндіріс ошақтарын қазақ ғылымына мойын бұруға мәжбүрлейтін, ынталандыратын заң қабылдау керектігін айтты. Инновациялық - индустриялық тұрғыдан шапшаң дамумен бірге, ғылымды да жаңа үлгіде дамыту керектігіне назар аударуымыз керек. Қоғамға қажетті және қоғамның талабын қанағаттандыратын ғылыми жүйе құрмайынша, белгілі бір нәтижеге қол жеткізу қиын. Ғылым, инновация, бизнес саласында таразы басын тең ұстап жүре алмаған ел ешқашан, топ жара алмайтыны дамыған елдердің тәжірибесі арқылы белгілі.

- Соңғы кезде бұрындары ғылыми-зерттеу институттары арқалаған жүкті жоғары оқу орындарына қарай ауыстыру жайлы не білесіздер?

- Бұл интеграциялау мәселесі Кеңес Одағының кезінде де қолға алына бастаған. Бірақ аяғына дейін шешілген жоқ. Біз қараған мәліметтерге қарағанда оның шешілмеу мәні мынада сияқты, ҒА өз алдына, білім министрлігі өз алдына мекеме болды да, екеуінің арасында жақсы байланыс орнай қоймады. Бірінің ақшасы біріне өтпеді. Ол кезде қазіргідей уақытша консорциум құратын заң болған жоқ. Ал қазіргі кезде үш салалық консорциум құрамындағы ғалымдар бір мәселе бойынша ортақ консорциум құра алады. Бұнда ортақ ақшаларын салып, мәселелерін шеше береді. Заң ондай мүмкіндікке жол ашып тұр. Осы ретте бірінші кезекте ғылым мен білімнің арасын жақындастыру қолға алынып, 2007жылы Елбасы халыққа Жолдауында академиялық институттарды ірі университеттермен қосу керек деген сөз айтты. Қазіргі кезде бізде аса ірі бес ұлттық зертхана, әрбір облыс орталықтарындағы университеттердің жанынан инженерлік бағыттағы 15 зертхана ашылып, жұмыс жасап жатыр.

- «Инновациялық жаңалықтарды өндіріске енгізуге ықпал етеді» деп ашылған қорлардың ғылыммен байланысы туралы

- Қорлардың құрылғаны, олардың ғылыми жобаларға бет бұра бастағаны дұрыс. Даму институттары ғалымдарымыздың жаңалықтарын өндіріске енгізуге мүдделі болып отырған жоқ. Себебі оның қайтарымына сене алмайды. Ал біздегі инновациялық саясат «бүгін салған қаржым ертең еселеп қайтса екен» деген алыпсатарлық көзқарасқа негізделген. Мұндай көзқарас ғылымның ғана емес, нарықтың эволюциялық даму заңдылығын жоққа шығарады. Біз ғылымымызды дамыту үшін, қаржы көздеріне жақындауымыз, ғылым мен бизнестің ынтымақтасуына қол жеткізуіміз керек.

Тақырып бойынша өткізілген дөңгелек столда студенттеріміз жоғарыдағыдай пікірлер айтып, өз ізденістерін ортаға салды. Айтылған пікірлерге қарап студенттеріміздің көп ізденгені, ақпараттық қоғаммен байланысты үнемі сақтап отыратыны байқалады. Сонымен қатар коммуникативтілік құзыреттіліктерінің айтарлық деңгейде дамығаны көрінеді. Тақырып мазмұны ашылып, өзекті талқылау болды. Алдағы уақытта ел болашағын тұтқасын ұстар жастарымыз осы айтылған ойларды жүзеге асыратынына сенемін.

Педагогика және психология факультеті 3-курс студенті Салтақова Гулмираның «Тілім менің – тірлігімнің айғағы» атты МИНИ-ЭССЕ ЖАУАБЫ.

Тіл қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Мына жарық дүниеге шыр етіп түскен сәттен бастап, ана сүтімен дарып, бойымызға сіңген осынау киелі өнер кімге де болсын ыстық көрінері сөзсіз.

Кез-келген нәрсе ең дәмдісімен, ең жақсысымен, ең әдемісімен ерекше секілді, тілде жақсы, мәнді сөздерімен құдіретті. Яғни кесіп айтқан билеріміздің, шауып айтқан батыр аталарымыздың сөздері біз үшін қол жетпес байлық. Әсіресе, бір ауыз сөзбен жауын жерге тізерлеткен Қазыбек бидің, шешілмейтін түйінді тілмен кескен Төле бидің, отты тілмен сужүректі батыр еткен Махамбет ақынның сөздері тіліміздің ғана емес қазақ деген халқымыздың атын дүрілдетеді. Өкінішке орай, қазіргі таңда осы байлығымызды қадірлей алмай келеміз. Тіл мәселесі сөз болып, өзекті мәселеге айналса да әлі күнге өз шешімін таппай келеді. Шүлділдеп жүрген қазақтарды көргенде мені мына бір ой мазалап, жаныма тыныштық бермейді. Қазақ тілінде қазақтар сөйлемесе басқа кім сөйлейді? Қазақ тілі қазақтарға керек болмаса басқа кімге керек? Әрине, жауап табуда қиын емес, ешкімге де керек емес. Ол бәрімізге айдан анық, оны бәрімізде білеміз. Сонда да өз тіліміз үшін жанымызды қиюға да әлі күнге дайын емеспіз.

Қазіргі таңда оқушылардың, студенттердің білімін тексеруге арналған әртүрлі тесттер көбейіп кетті. Оның керемет нәтижеге жеткізіп жатқаны да шамалы. Тек өз-өзімізді босқа алдаумен келеміз. Керісінше білімді жастар саны да азайып кетті. Оданда еліміздің, халқымыздың дәрежесін асқақтатуға, тіліміздің жойылып кетуінен сақтау үшін неге басқа жүйелер енгізбеске. Мысалға, көптеген мемлекеттерде өз тілін жетік білмесе жоғары оқу орнында оқи алмайды. Тіпті сол тілді жетік біледі деген анықтамасы да болуы керек. Ал бізде ше? Ондай нәрсе атыменде жоқ. Бірінші өз қамымызды жасамай, өзгелердің жағдайын жасап әлекпіз. Іштей қыңжыласың, іштен тынасың, еріксіз амал қанша дейсің. Осы орайда дана қазақтың «Ауруын жасырған өледі» деген сөзін ұмытпағанымыз жөн.

Тілбайлық, бірлік, намыс, дәреже, бақыт. Тіл арқылы әр адам өзінің болашағын салады және өзінің намысын, дәрежесін көтереді. Сондықтан әрбір педагог қасиетті қазақ тілімізді өлтірмеуге, дәрежесін асқақтатуға, басқа елдер еріксіз біздің тілімізде сөйлейтіндей қасиетті, қайсарлы және дамыған тілдердің қатарына қосылуына үлесімізді қосуымыз керек. Сонда біздің қасиетті тіліміз барша әлемге тарап, қазақ деген атымыз үлкен биікке көтеріледі. Ол үшін әрбір ұстаз ең бірінші тілін сыйлап, тілі үшін өлімнен де қорықпау керек.

ОБСӨЖ ұйымдастыру түрлері

«Дөңгелек үстел»сұхбаттасу, мектеп оқушыларының шамалы топтары (әдетте бес адам шамасында) бірдей қатысады, өзара және аудиториямен (сыныптың басқа бөлігі) пікір алмасу өтеді;

«Эксперттік топтардың отырысы» (әдетте төрт-алты оқушы мен алдын-ала тағайындалған төраға) түрінде алдымен, топтың барлық мүшелерімен проблема талқыланады, соңынан олар өздерінің көзқарасын «аудиториямен» бөліседі; сонымен қатар эксперттік топтың әрбір мүшесі қысқа хабарлама жасайды;

«Форум»талқылау, «эксперттік топтардың отырысына» ұқсас, топ өздерінің пікірін «аудиториямен» (оқу тобы)алмасады;

«Симпозиум»форуммен салыстырғанда біршама қалыптасқан, қатысушылар өздерінің пікірлерін ұсыну мақсатында хабарлама жасайды, соңынан «аудиторияның» сұрақтарына жауап береді;

«Консилиум»қарастырылатын проблеманы талқылауға қатысушылардың әртүрлі ролдік көзқарастарын талдайды. Консилиумда ролдерді педагогикалық мақсатты бөлшектеудің нәтижесінде проблеманың алуан түрлі аспектілері қарастырылады;

«Мига шабуыл»және оның білім беретін нұсқасы - синектика – талқылауға қатысушылардың ұсынған ой-пікірлеріне сүйене отырып, проблеманың шешу жолдарын болжайды. Әрбір мектеп оқушысы талқылау қызығушылығын туғызатын ерекше шешім ұсынуға мүмкіндігі бар. Сонымен қатар, талқылауды әрбір оқушы жұмыс тобы құрамында қатыса алатындай құрастыру керек. Сынып бірнеше кіші топтарға (5-7 адам)бөлінеді. Талқылау біткен соң әрбір топтың өкілдері өз хабарларын жасайды.

«Пікірталас»шындықты іздестіру, проблеманы шешу үшін топта мақсатты, тізбекті түрде ой-пікірлермен, көзқарастармен бөлісуді ұсынады.

Пікірталасты қолдану оқушыларға жана ақпараттар алуға, құзыреттіліктерін арттыруға, өзіндік ой-пікірлерін тексеруге және олардың шынайылығын бағалауға мүмкіндік береді.

Пікірталастың түрлері:

- «дебат» - бір-біріне қарама-қарсы екі топтыңөкілдері алдын-ала жоспарланған тақырыпты талқылау;

- «сот отырысы» - соттың имитациялық түрін талқылау (істі тыңдау);

- «аквариум техникасы» - қарама-қарсы тұғырларды, шиеленісті, қайшылықтармен байланысты материалдарды, мазмұнды талқылау. Топтар бірнеше топтарға бөлінеді, басқаларды топтың көзқарасымен таныстыратын спикер таңдалады. Топта проблеманы талқылап болған соң, спикерлер тақтаның алдына жиналып, өз топтарының көзқарасын қорғайды. Спикерден басқасы пікірін айтуға құқығы жоқ, тек топ мүшелері қағазға жазып, тапсырма бере алады. Спикер де, топ та кеңес алу үшін «тайм-аут» сұрай алады

«БІЛІМ ШЕБЕРХАНАСЫ» ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Шеберхана – оқу процесін ұйымдастырудың ерекше түрі. Бұл ерекше оқыту технологиясын француз педагогтары мен психологтары ойлап тапқан (П.Ланжевен, Анри Валлон, Жан Пиаже, т.б.).

Технологияны құру алғы шарттары:

1) білімді интернеттеу қажеттілігі оқушының жеке тәжірибелері генезисі мен құрылымын зерттеу арқылы жүзеге асады;

2) сендіру: барлығы өзінің білімін өз бетімен біріккен ізденісте құруға қабілетті, оны шебер ойластырады және ұйымдастырады.

Ұсынылып отырған технологияның мәні: шебер педагог арнайы ұйымдастырған дамытушы кеңістік дәстүрлі оқытуда және білімді құрастыру көзі тек мұғалім болып табылатын ұжымдықізденісте дамытушы кеңістік ретінде ұсынылады. Дамытушы кеңістік – баланың қажеттіліктері мен қабілеттерін дамыту үшін қажетті шарттардан (әлеуеттік мүмкіндіктер) тұратын объективті өмірлік жағдаяттар.

Педагогикалық шеберханаларды құру ұстанымдары:

1) шебер педагогтың қарым-қатынаста айшықтылық, жылылық. Біріккен шығармашылық ахуалын туғызады;

2) баланыңэмоционалды ахуалына ену, оның сезіміне көңіл аудару, тақырыпты оқып-үйренудегі оқушының дара қызығушылықтарын туғызу;

3) барлығымен бірге жұмыс істеу (шебер білім іздеуде оқушыға тенеседі);

4) оқушының сұрақтарына жауап беру уақытын созу;

5) балалардың бойында қажеттіліктерді табуда қажетті ақпараттарды аздаған мөлшермен ұсыну;

6) оқушының ресми бағалауын болдырмау (мақтамау, ұрыспау, журналға баға қоймау),

Шеберхананың ерекшелігі мұғалім-шебер, әңгімелеушінің орны өшіп, шеберханадан дәріс-сабақтарына, кеңес беру сабақтарына ауысады.

ЖОБАЛАУ ӘДІСІ

Жобалау – «proicere» деген латын сөзі. Бұл сөз «жоспарлау, дайындау» сияқты мағынаны немесе жоспардың жүзеге асырылуын білдіреді. «Жоба» ұғымы педагогика саласында ғана емес экономика, басқару, зерттеу салаларында да кеңінен қолданылатыны белгілі. Мысалы: құрылыс жобасы, зерттеу жобасы, оқыту жобасы т.б.

Жобалау әдісі деп – сабақтың өткізілу түрі айтылады. Сонымен қатар жобалау әдісі - студент пен оқытушының бірігіп, белгілі бір мәселені шешуге және қорытынды жасауға негізделген оқу немесе басқа да әрекеттерін айтуға болады. Мектеп мұғалімдерінің арасында жобалау жұмыстарына байланысты жобалау сабақтары, жобалық апталықтар, жобалық жұмыстар т.б. тіркестер қолданылып жүр.

Жобалық жұмыстар орындалу мерзіміне қарай:

- ұзақ;
- орташа;
- қысқа мерзімді болып бөлінеді.

Жобалау әдісі ХХ ғасырдың басынан басталады (Д.Дьюи, Девей, Килпатрак, Снедден, Ричардс.).

Жобалау әдісі - оқу үрдісін ерекше етіп тұратын кешенді оқыту тәсілдері жиынтығы. Бұл әдіс - студенттерге әрекеттерін өз бетінше жоспарлауға, ұйымдастыруға және бақылауға мүмкіндік береді. Жобалау әдісі студенттерге тақырып тандауда, мәліметтердің дереккөздерін жинауда және презентация жасауда өз бетінше жұмыс істеуге жағдай жасайды. Бұл әдіс қарым-қатынастың жаңа түрін үлгілеуге арналған. Жобалау студенттің өз бетінше ойластырып, жүзеге асыруға арналған жұмысы.

Зерттеу барысында студенттің бойында жұмысына қажетті төмендегідей біліктер қалыптасады:

- өзінің қабілеті мен қызығушылығына қарай тақырыпты еркін тандай алады;
- алдына қойған міндетіне қарай жұмыстың мазмұнына өз бетінше талдау жасай алады;
- өз бетінше алдына қойған мақсатына жету және жүзеге асыру жолдарын іздестіреді;
- мүмкіндіктері мен мүмкіндіктер шегін тексеруге және дамытуға жағдай жасайды;
- мәліметтерді жинап, жүйелеп және сынға ойлауға үйренеді;
- әдістерді талдау, салыстыру арқылы жұмысына тиімді әдісті тандай алады;
- аудиторияның алдында сөйлеуге, ойын дәлелді және логикалық жүйелімен жеткізуге, аудиторияны өзіне қарата білуге дағдыланады;
- өзгелерді тыңдап, айтқандарын ой елегінен өткізуге дағдыланады;
- шешімі қиын сұрақтарды өз бетінше шеше біледі;

-өз көзқарасын дәлелдеп, шешімінің дұрыстығына тыңдаушылардың көзін жеткізуге тырысады;

Жобалау жұмыстарының түрлері:

- бір сабаққа немесе бір аптаға арналған шағын жобалау жұмыстары;

- бір-екі айға немесе бір семестрге арналған үлкен көлемді жобалау жұмыстары.

Жобалау жұмыстарын жүзеге асыру мынадай кезеңдерден тұрады:

I. Максат қою.

II. Жоспарлау.

III. Бағдарламаны жүзеге асырудың әдісін таңдау.

IV. Орындау.

V. Бағдарламаны қорғау.

ГЛОССАРИЙ

Манипулятор – латын сөзі – жетекші, қолының көмегімен басқару. Басқа адамдарды өзінің мақсаты үшін қолданатын тұлға.

Конвенционалдық — (латын сөзі– *conventio* – келісім) мәдениеттану және әлеуметтануда қолданылатын термин, мәдени объектінің бөлінбейтін сапасы.

Предикативтілік – сөйлемнің негізгі құрастырушы белгісі. Предикативтілік ақпараттарды шындыққа жатқызады, сонымен қатар өз бетімен хабар алмасу үшін ұсынылған өлшем бірліктерді қалыптастырады.

Темпоралдық — (ағылшынша –уақытша ерекшеліктер) ерекше қозғалыстар динамикасынан пайда болған құбылыстардың уақытша мәні.

Модальдық (от лат. *modus* — тәсіл) – сенсорлық жүйеге тиесілі құрал, сезімнің анықтылық сапасы.

Модальдық сезім мүшелерінің құрылымы мен оған әсер ететін ортаның ерекшеліктерімен сипатталады.

Модальдылық тізімі:

- Визуалды
- Аудиалды
- Кинестетикалық, т.б.

Модальдық (лат. *modus*– өлшем, тәсіл, бейне) түрлі пәндік салалардағы әрекет тәсілін сипаттайтын қарым-қатынас.

Псевдо– «жалған» деген ұғымды береді.

Квази«жалған» деген ұғымды береді.

Тезаурусұғымы ақпараттар теориясында субъекттің меңгерген барлық мәліметтер жиынтығын белгілеу үшін қолданылады.

Эмотивті – толғандырушы, кодырушы.

Контрсуггестивті- (ағылш. *contrasuggestibility*) – тікелей сенім мен сыни бағаланушы бөтен адамның сезімдері мен ойын улайтын әрекеттерге қарсы тұра алу қабілеті.

Реверс –қозғалыстың қарама-қарсы және кері бағытын өгерту.

Фатализмнемесе**Фаталдық** (лат. *fatalis* – тағдырмен анықталған) – болмыстың болашағына сену; алдын-ала бейнеленген дүниетаным, берілген кеңістікке салынған қасиеттер ретінде көрінеді.

Софизм (грекше, σοφισμα, «шеберлік, біліктілік, алдап түсіру, даналық») – алғашқы рет қарағанда дұрыс көрінетін жалған пікір. Софизм логиканың ережелерін әдейі, саналы түрде бұзуға негізделген.

Пафос (грекше, πάθος – киналу, козу, көңіл көтеру, желпініс) – эмоционалды желпіністі сипаттайтын, стилге, манераға немесе сезімді білдіру тәсіліне сәйкес келетін риторикалық санат.

Апелляция(латын сөзі. *appellatio* — айналу, айналдыру)– қайта қарауға ұсыну.

Аксиологія(ежелгі грекше ἀξία - құндылық)– құндылық теориясы, философияның саласы.

Аксиология құндылық табиғатымен, әлемдегі құндылықтар шынайылығымен және құрылымымен, тұлғаның әлеуметтік және мәдени факторларымен өзара байланысты сұрақтарды оқып-үйретеді.

Эвристика (ежелгі грекше *ευρίσκω* (*heuristiko*), латынша *Evrica* — «іздеуім», «ашамын») – адамның шығармашылық, саналы ойлауды оқып-үйрететін білімнің бір саласы.

Эвристика психология, жоғары жүйке әрекеті физиологиясымен, кибернетика және т.б. ғылымдармен байланысты. Дегенмен, ғылым ретінде толық қалыптасқан жоқ.

Суггестия – тұлғаның басқа адамдарға әсер ете алуы құрылымы мен біліктілігі.

Энергетика – психологиялық күш-жігері, адамның өзінің мүмкіндіктерін, әсер ету күшін жүзеге асыра алу қабілеті.

Антипатия (грекше *αντιπάθεια*, *анти* — «қарсы», және *πάθος* — «құмарлық») – жек көрушілік сезім, ұнатпаудың эмоционалды түрі. Симпатияға қарама-қайшы әрекет.

Перцепция - (латынша *perceptio* –көрсету, ұсыну - қабылдау), қабылдау болып табылады. Г.В.Лейбництің пікірінше, түсініксіз және саналы емес қабылдауға қарама-қайшы сезім - **апперцепция**.

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ	3
1. Педагогикалық шеберлік және оның мәні	5
2. Педагогикалық басқару шеберлігі. Білім беру процесіндегі педагогтың шеберлігі	16
3. Педагогикалық техника – педагогикалық шеберліктің элементі.....	31
4. Педагогтың сөзі педагогикалық шеберліктің шарты ретінде	39
5. Педагогикалық шеберлік негіздері 12 жылдық білім берудің шарты ретінде	44
6. Педагогикалық әдеп педагогикалық қарым-қатынастың негізгі элементі ретінде	50
7. Коммуникативті әсер ету педагогикалық қарым-қатынастың формасы ретінде	54
8. Артистизм педагогтың кәсіби шеберлігінің элементі ретінде	62
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	68
ОБСӨЖ және СӨЖ-ге арналған материалдар	69
Глоссарий	123

Бұлақбаева Мейрамгүл Кеңесбайқызы

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК НЕГІЗДЕРІ

Пішімі 60x84 1/16

Тығыздығы 80 гр./см². Қағаздың ақтығы 95% .

Қағазы офсеттік. РИЗО басылымы.

Көлемі 124 бет.

“Отан” ЖҚ баспаханасында басылып шығарылды

ҚР, Алматы, Сатпаев к.,№90.

e-mail: otan88@mail.ru